«Емен/Дуб/Oak». Емен – көп жыл жасайтын, діңі мықты, құлашы кең, күннің аптаған ыстығына да, аязды суығына да төтеп бере алатын алып ағаштардың бірі. Оның мұндай қасиеттері қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі: «Еменнен қатты ағаш жоқ, көп жатса жерде дерт ілер», «Қайыңның тозын мақта, еменнің өзін мақта», «Ер жігіттің екі сөйлегені өлгені, Еменнің иілгені сынғаны», «Жалғыз еменге жай түскіш» [13, 221-223], «емендей мықты», «емендей ерегісу», «емендей қату» [16, 164-166], «Держись за дубок, дубок в землю глубок» (еменнен ұста, еменнің тамыры тереңде), «С одного удара дуба не свалишь» (бір ұрғаннан еменді құлата алмайсың) [14, 112], «старый дуб» (кәрі емен), «дуб дубом» (емен – емендігімен мықты) [17, 451], «hard as oak» (емендей мықты), «broad shouldered man – oak strength» (емендей ұзын бойлы, кең жауырынды адам), «a person as giant oak» (емендей алып тұлға), «character strength of a person – oak strength» (емендей сенімді тұлға), «sound sleep – oak strength» (емендей

ұйықтау) [18, 224-429] т.б. сияқты паремиялар мен тұрақты теңеулерде көрініс береді. Берілген лингвомәдени бірліктердің бойынан емен ағашының символикалық мәні айқын аңғарылады. Үш тілде де ер кісінің болмысын сипаттайтын стереотип-бейнені білдіреді. Мұны тіпті төменде берілген мысалдардан да көруге болады: «Еліне жақындаған сайын тәтті бола бастаған жанын әлдеқашан екі інісінің жолына садаға еткені қайда? *Емен ағаштың майысқаны – сынғаны, қорқудың төркіні ездікке тірелер болар.* Оның есіне шешесі айтып отыратын тағы бір әңгіме оралды» [О.Бөкей. Айпара ана. 73 б]. «*Будь крепок, как дуб!*» (емендей мықты бол), «*У вас есть береза, а у нас дуб*» (сіз де қайың болса, бізде емен бар)» [Н.Сумцов. Народный быт и обряды с.38]. «*The oak was Churchill's father Winston*» (Шершиллдің әкесі – Уинстон емендей беделді болған) [Taylor. p 128], «*[The general] He is rock, the oak not be wind-shaken*» (Ол өте сенімді, оны еменде орнынан қозғай алмайды), «*I went to bet, slept like an oak, and woke up at around eight o' clock*» (Мен емендей ұйықтап, сегізге жуық ояндым) [Taylor. p 429]. Дегенмен, бұл мысалдардың мәдени коннотациясынан әр халықтың өзіне ғана тән ділдік ерекшеліктері де байқалады. Мысалы, қазақ халқының қайсарлық, ерлік, өрлік, төзімділік сияқты ұлттық мінез-құлық стереотиптері көрінсе, орыс халқының үйлену ғұрпы мен денсаулық тілеу әдебін білдіретін ұлттық-дәстүрлі стереотиптері, ал ағылшын халқының әлеуметтік-мәдени стереотиптері байқалады.

Емен ағашы – орыс халқының дәстүрлі ұжымдық санасында қасиетті ағаштардың бірі болып саналған. Ол көптеген рәсімдерде культтік мәні бар, сакральді қызмет атқарған. Солардың бірі – үйлену және өмірге ер бала әкелу салтымен тікелей байланысты. Мәселен, қыз бала алғаш келін атанып, ата-енесінің үйіне барған күні, ең алдымен босаға аттамай тұрып, міндетті түрде емен ағашына тәу етіп, одан өмірге ұл бала әкелуді сұраған. Бұл рәсімнің тілдегі көрінісі: «*Около двора дубочки, а в дом – сыночки*» секілді сөйленістердің мазмұнында айқын бейнеленген. Сондай-ақ, дүниеге келген ер баланың тұңғыш жуындырған суын да емен ағашының түбіне төгетін болған. Бұл орыс халқының «сәбидің денсаулығы емендей мықты болсын!» деген түсінігінен туындаған.

Орыс тіліндегі адам өмірінің соңғы сәтін бейнелейтін «*дубовыми досками пахнут*» фразеостереотипінің қалыптасуына ежелгі орыс халқының жерлеу рәсімі негіз болған. Берілген мысалдардан байқағанымыздай, емен ағашы – орыс халқының дүниеге келу, үйлену, ақырғы сапарға аттану секілді мәңгілік өмір заңдылықтарын білдіретін стереотиптік бейнеге айналған.

Емен ағашы – ағылшын танымында мәңгілік өмір ағашы ретінде рәмізделеді. Бұған ағылшын тілінде кездесетін «*The tree of life*» (өмір ағашы) және «*Family tree*» (отбасы ағашы) лингвомәдени бірліктері айқын дәлел бола алады. «*Family tree*» – ағылшын халқының «*баланың өмірге келуі, мектепке баруы, үйлену тойы*» секілді айырықша маңызы бар айтулы күндерде ағаш отырғызу салты мен отбасылық шежіре туралы түсінігін танытатын мәдени коннотацияға бай стереотиптелген тілдік бірлік. Мұндай стереотиптелген лингвомәдени бірліктің қалыптасуына діни жазбаларындағы (Инжіл кітабы) «емен ағашы – «*The tree of life*», яғни «өмір ағашы» деп бейнеленуі негіз болса керек.

Сайып келгенде, емен ағашы – орыс және ағылшын халықтарының дәстүрлі ұжымдық санасында мәңгілік өмір ағашы ретінде стереотиптелсе, қазақ халқы үшін «мәңгілік өмір ағашы – бәйтерек» болып саналады.

Қазақ халқының дәстүрлі түсінігінде бәйтерек ағашы үш кеңістікті байланыстыратын дәнекер ретінде рәмізделеді. Бұл туралы аңызда: «Жер мен көктің кіндігінде жападан жалғыз өскен киелі бәйтерек бар. Бұл теректің басы аспанмен, түп тамыры жер астымен жалғасқан. Ол көзге көрінбейтін киелі ағаш. Бұл бәйтеректе жайқалып өскен әрбір жапырақ жер жүзінде жасаған әрбір адамның өмір тіршілігінің нышаны, жер

жүзінде тіршілік етіп отырған әрбір адам киелі теректің жапырағы жарылғанда өмірге келеді, жапырағы жайқалып өскенде өсіп, үлкейіп, кемеліне келеді, жапырағы мезгілсіз сарғайса, қайғы-қасіретке тап болады, жапырағы солса, қартайды, жапырағы үзіліп, жерге түссе, қазаға ұшырайды», - делінген [Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 80 б]

Бұдан басқа қазақ тілінде: «Ата – бәйтерек, бала – жапырақ», «бәйтерек түптен жығылды», «қазақтың үш бәйтерегі» секілді лингвомәдени таңбалар бар. Бұлардың мәдени коннотацияларының астарында халқымыздың ұлттық стереотиптік танымы мазмұндалған. Мәселен, бірінші мысалдағы паремияда: «Ата – ұлы әке». «Ол – отбасының ақылшысы, тірегі». «Бала – ұрпақ». «Жанға медеу болатын сая». «Бәйтерек – ұлы ағаш». «Ол – діңі мықты, құлашы кең, тамыры терең ағаш». «Жапырақ – тіршіліктің мәні, жаңарудың белгісі» сияқты ассоциациялық түсініктерден ұлттық-мәдени стереотип-метафора қалыптасса, екінші мысалдағы фразеада: бәйтеректей алып ағаштың құлауы – ер адамның қазасын меңзейтін дәстүрлі этикеттік стереотиптің жасалуына ықпал еткен. Оны мына үзіндіден де көруге болады.

«Қосым бидің Нұралы ханның өлімін естіртуі:

Бәйтерек түптен жығылды,

Алтынменен күптесе де тұрмас-ты» (Бабалар сөзі. 35 б). Ал үшінші мысалдағы лексемада, бәйтерек ағашы – ұлы тұлға, тамыры – терең білімі, діңі – өмір жолындағы ұстанымдары, құлашы – үйреткен білімі, жайқалған жапырағы – ізін жалғастырған шәкірттері сияқты түсініктермен ұқсатылып, қазақ зиялылары – *Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин* жайлы ақпараттарды білдіретін ұлттық-мәдени стереотип-бейнелердің қалыптасуына түрткі болған.

Сайып келгенде, бәйтерек ағашын – қазақ халқының ұлттық бейнесін танытатын ұлттық-мәдени фитостереотип ретінде қабылдауға болады.

«Ағаш – адам моделі» бойынша: «Қайың/Береза/Birch» – қазақ танымындағы қаттылықтың, мықтылықтың белгісін білдіреді. Мұны тіліміздегі *«қайыңның безіндей», «қайыңның тозындай»* [15, 164-165] сияқты тұрақты теңеулерден байқауға болады. Мысалы, *«Бұлардың ішінде қайыңның безіндей берік, қазан тастай шомбал, төртпақ келген біреу ерекше көзге түседі. Бұл – Баянауылдағы Қаржастан шыққан Азнабайұлы Сейтен»* (І. Есенберлин. Көшпенділер. 7 б).

Қазақ халқы қайың ағашын үйдің жанына отырғызуға тыйым салған. Оны қайғы-қасіреттің белгісі деп ұққан. Мұндай түсінікпен байланысты ауызекі сөйлеу тілінде: *«Қайың екеннің қайғысы көп»* деген айтылыс кездеседі.

Орыс тілінің сөздік қорындағы: *«берёзка»*(қайың-қыз), *«у нас дуб, а у вас берёзка»* (біз де емен, сіздер де қайың бар), *«стройная как берёзка»*(қайыңдай сұңғақ), *«Кривая береза, не удержит снега, плохой человек не сдержит слова»* (қисық қайыңға қар тұрмайды, жаман адам сөзінде тұрмайды), *«Какова береза, такова и отростка»* (қайың қандай болса, көшеті де сондай), т.б. лингвомәдени бірліктерден орыс халқының қайың ағашы туралы ұлттық-мәдени стереотиптік түсінігін аңғаруға болады. Қайың ағашы – аталған табу сөздер мен тұрақты теңеулерде *жас қыздың, сұлулықтың, нәзіктіктің, тазалықтың, пәктіктің, жастық шақтың* эталондық үлгісі ретінде рәмізделсе, ал паремияларда адамның жағымсыз іс-әрекеті мен қанына сіңген мінез-кұлқын танытатын бейне түрінде сипатталады.

Қайың – орыс халқының *«ағаш – наным-сенім моделінде»* бойтұмар қызметін атқарған. Оның бойында қара күшке қарсы тұра алатын тазартқыш қасиеті бар деп сенген. Сондықтан оны үйдің маңайына отырғызып, отбасының бақыты мен берекесін қорғайды деп ой түйген. Осыған байланысты орыс тілінде: *«береза ума дает», «березовая каша»* (жазалау) секілді символдық мәнге ие, стереотиптенген тілдік бірліктер қалыптасқан. Ол – орыс халқының ұлттық-мәдени фитостереотиптерінің бірі

болып саналады.

Ал ағылшындар үшін, қайың ағашы – кедейліктің нышаны ретінде бейнеленеді. Мұндай түсініктің негізі «*a birch at Yule even*» (қайың ағашы қасиетті күні ғана киелі) деген фраземадан көрінеді.

Дәстүрлі орыс мәдениетінде жас қыздың бейнесі – қайың ағашына теңелсе, қазақ танымында – шынар ағашына, ал ағылшын мәдениетінде willow (жылауық тал) ағашына балаңады. Мысалы, қазақ тілінде шынар ағашына байланысты: «Шынар» (қыз есімі), «қияда өскен шынардай», «қазақтың қос шынары» (Әлия мен Мәншүк) секілді ұлттық-мәдени стереотиптер кездеседі. Мұндай стереотиптердің қалыптасуына шынар ағашының биік таудың шыңына өсетіндігі мен желдің өтіне шыдамдылығы, күннің ыстығы мен суығына төзімділігі, тамырының тереңдігі мен саясының кеңдігі секілді табиғи қасиеттері арқау болған. Мұны тіліміздегі ұлттық ерекшелікті көрсететін: «Қазақтың маңдайына біткен қос шынары – Әлия мен Мәншүк», «Түйе атасы – нар, ағаш атасы – шынар», «Ағаштың жақсысы – шынар», «Ұсынғанда қол жетпес, Шыңдағы өскен шынарсың. Сіз сықылды-ау құрбыны, Көрмей қайтіп тұрарсың?!» (Халық әндері. 79 б) деп келетін прецедентті мәтіндерден түсінуге болады.

Демек, шынар ағашының табиғи қасиеттері мен қазақ қызының бойындағы тектілік, тәрбиелілік, пәктік, өрлік, тазалық, төзімділік, көнбістік, сұлулық, қайсарлық т.б. сияқты асыл қасиеттері ұқсатылып ассоциацияланған.

Ағылшын тілінде willow (жылауық тал) ағашына қатысты: «*young woman – willow*» (жылауық талдай қыз), «*crying woman – willow in spring*» (көктемдегі жылауық талдай әйел), «*a willowy lady*» (жылауық талдай нәзік әйел) т.б. стереотип-метафоралар бар. Бұлардың сөйлемдегі қолданысы төмендегідей: «*Here she was confronted by a willowy lady dressed in a clinging robe of lavender silk, and heavily veiled hat*» (сөзбе-сөз аударма: Бұл жерде оған басына бүрмелген қалпақ пен үстіне сәнді жібек көйлек киген әдемі жылауық талдай қыз қасқайып тұрды) [Heyer, p 196]. «*What will you say when I'm old and toothless, and bent like a willow tree?*» (сөзбе-сөз аударма: Күйеуіме: «Мен тіссіз, жылауық талдай бүкірейіп қартайғанда не айтасыз? – деді әйелі) [Cox, p 220]. Берілген мысалдарда әйел адамның нәзіктігі, иілгіштігі, сұлулығы жылауық талмен байланыстырылып кескінделген.


Түйіндей келгенде, қазақ, орыс, ағылшын халықтарының «Ағаш/Дерево/Тее» денотаттары бойынша түзілген фитостереотиптердің («Емен/Дуб/Oak», «Бәйтерек», «Қайың/Береза/Birch», «Шынар», «Willow») мәдени коннотацияларының ұқсастықтары мен ерекшеліктері бес деңгейде байқалды:

- фитостереотиптер денотаты;
- фитостереотиптердің лексикалық мағыналары;
- фитостереотиптер коннотацияларының денотаттық және лексикалық мағыналарымен сәйкес келуі;
- фитостереотиптер коннотацияларының денотаттық және лексикалық мағыналарымен сәйкес келмеуі;
- фитостереотиптердің ұлттық-мәдени ерекшелігі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Белова О.В. Этнические стереотипы по данным языка и народной культуры славян : автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук. – М.: 2006. – 35 с.
2. Телия В.Н. Русская фразеология: семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М.: Языки русской культуры, 1996. – 288 с.
3. Бартминский Е. Языковой образ мира: очерки по этнолингвистике. –

- М.:Индирик, 2005. – 512 с.
4. Прохоров Ю.Е. Национальные социокультурные стереотипы речевого общения и их роль в обучении русскому языку иностранцев. Изд. 4-е, стер. – М.: URSS, 2006. – 224 с.
 5. Уфимцева Н.В. Стереотипы национальной культуры в межкультурном общении. – М.: 2014
 6. Маленко О.О. Етнокоди сучасної лінгвістики: до мовних джерел// Вивчаємо українську мову та літературу. – 2012. - №9. 37-39 с.
 7. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
 8. Әлметова Ә.С. Лингвомәдениеттану негіздері. – А.:2014. – 316 б.
 9. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің негіздері. Фил.ғыл.док., дайынд.дисс. – А.: 2007. – 326 б.
 10. Сулейменова Э.Д. Языковые процессы и политика: монография. – А.:Қазақ университеті, 2011. – 117 с.
 11. Смағұлова К.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – А.:Елтаным, 1998. – 196 б.
 12. Омарова Р.А., Кенжетәева Г.К., Демесінова Г.Х., Мағзұмов Х.Б. Мәдениетаралық коммуникация бойынша практикум. – П.: 2007. – 158 б.
 13. Бабадан қалған байлығым. Қазақ мақал-мәтелдері. – А.:Атамұра, 2014. – 408 б.
 14. Старинные русские пословицы и поговорки. – М.:Дет.лит., 1983. – 309 с.
 15. The Oxford Dictionary of Proverbs. – E.: Oxford University Press, 2007. – 625 p.
 16. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – А.:Арыс, 2007. – 480 б.
 17. Фёдоров А. И. Фразеологический словарь русского литературного языка: ок.13 000 фразеологических единиц/-3-е изд., испр. – М.: Астрель: АСТ, 2008. – 878 с.
 18. Wilkinson P.K. Thesaurus of Traditional English Metaphors. – E.: Press, 2001. – 612 p.



ЯВЛЕНИЕ ПАРЦЕЛЛЯЦИИ В СОВРЕМЕННОМ ЛИТЕРАТУРНОМ КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ PARCELING IN THE MODERN KAZAKH LANGUAGE

***Акыжанова Акмаржан Тасибековна кандидат филологических наук, доцент
Международный университет информационных технологий
Алматы, Казахстан
takmarzhan@mail.ru***

***Akyzhanova Akmarzhan Tasybekovna Candidate of Philological Sciences
Associate Professor
International Information Technology University
Almaty, Kazakhstan
takmarzhan@mail.ru***

РЕЗЮМЕ: В статье описывается новое явление в современном литературном казахском языке – парцелляция, ее возможности, функции и типы парцеллятов.

До сих пор при синтаксическом анализе предложения разбирались на словосочетания, члены предложения, обособленные члены и приложения, т.е. ограничивались разносторонним распознаванием только синтаксических категорий предложения. Но в художественных произведениях казахских авторов можно встретить множество примеров, не поддающихся такому анализу.

Оставим коней подальше от привязи. Туда. (Ф.Мусрепов)

Сердце забилося. Но не испугался. (Ф.Мустафин)

Эта песня Бейшена как будто посвящена мне. Только мне изливает душу. Я тяготеем этой песне! Жажду ее! (І.Жақанов).

С точки зрения традиционного синтаксиса, подобные предложения анализируются следующим образом: каждое высказывание состоит из двух самостоятельных предложений, первое из которых можно классифицировать по видам, выделить в нем словосочетания, разобрать по членам предложения. Но следующие за основным предложением словосочетания и отдельные слова представляют собой особый тип предложений.

Отдельные слова, словосочетания и предложения, следующие за первой частью высказывания, нельзя рассматривать как компоненты сложного предложения. Фактически, они выполняют функцию приложения (айқындауыш) к основному предложению. Однако эти синтаксические элементы отличаются от приложений (айқындауыш), во-первых, изолированным использованием по отношению к основному предложению, во-вторых, синтаксической функцией, в-третьих, особенностью формы. Но эти элементы нельзя рассматривать и как обычные неполные предложения, так как последние характеризуются отсутствием одного из главных членов предложения, но при этом они имеют самостоятельное предикативное значение. Рассматриваемые предложения – изолированно стоящие за законченным полным предложением элементы, не имеющие признаков самостоятельного предложения.

В казахском языке это явление парцелляции как эмоционально-экспрессивное средство стало объектом исследования только в конце 90-х годов, тогда как в других языках мира оно разносторонне широко рассматривается с 60-х годов прошлого века. В современном казахском языке парцелляция очень часто используется как прием выражения экспрессивности. В данной статье описывается явление парцелляции в современном литературном казахском языке, ее возможности и функции, типы парцеллятов.

ABSTRACT: The article discusses a new phenomenon in the modern Kazakh literary language - partcellation, its features, functions and types of partcellators. Keywords: partcellation, sentence division, basic sentence, partcellator, actualization, emotional expressiveness.

Until now, when parsing, sentences were dismembered into phrases, sentence members, detached parts and appositives, i.e. were limited only to a recognition of different syntactic categories. However, in the works of Kazakh writers there are many examples that can not be analyzed using the abovementioned method.

Leave the horses away from the leash. There. (G.Musrepov)

My heart started beating. But I was not scared. (G.Mustafin)

This song of Beishen seems to be dedicated to me. It pours out its heart only to me. I'm drawn towards this song! I long for it! (I.Zhakanov).

From the point of view of traditional syntax, such sentences are analyzed in the following way: each sentence consists of two independent sentences, the first of which can be classified according to the types, dismembered into phrases and sentence members. Still, the phrases and individual words that follow the main sentence represent a special type of sentences.

Single words, phrases and sentences following the first part of the sentence can not be regarded as components of a complex sentence. In fact, they perform the function of appositives to the main sentence. However, these syntactic elements are different from appositives: firstly, by isolated use with respect to the main sentence; secondly, by the syntactic function; and thirdly by the form. Nonetheless, these elements can not be considered as ordinary, incomplete or elliptical sentences, since the latter are characterized by the absence of one of the main sentence members, but they have an independent predicative value. The sentences under consideration are isolated elements that follow a complete sentence and have no signs of an independent sentence.

In the Kazakh language, this phenomenon of parceling as an emotionally expressive tool became the object of study only in the late 1990s, while in other languages it has been widely viewed since the 1960s. In the modern Kazakh language, parceling is often used as a means of expressiveness. This article describes the phenomenon of parceling in the modern literary Kazakh language, its potential, functions and types of parcels.

Keywords: partcellation, sentence division, basic sentence, partcellator, actualization, emotional expressiveness.

До сих пор при синтаксическом анализе, предложения разбирались на словосочетания, члены предложения, обособленные члены и приложения, т.е. ограничивались разносторонним распознаванием только синтаксических категорий предложения. Но в художественных произведениях казахских авторов можно встретить множество примеров, не поддающихся такому анализу.

Аттарды желіден аулағырақ байлайық. Былайырақ. (*Оставим коней подальше от привязи. Туда*). (Ғ.Мусрепов).

Жүрегі қағып кетті. Бірақ қорықпады (*Сердце забилося. Но не испугался*). (Ғ.Мустафин).

Бейшеннің мына әні маған арналғандай. Маған ғана сыр шертеді. Мен құмармын. Ынтықпын оған! (*Эта песня Бейшена как будто посвящена мне. Только мне изливает душу. Я тяготею этой песне! Жажду ее!*) (І.Жақанов).

С точки зрения традиционного синтаксиса, подобные предложения анализируются следующим образом: каждое высказывание состоит из двух самостоятельных предложений, первое из которых можно классифицировать по видам, выделить в нем словосочетания, разобрать по членам предложения. Но следующие за основным предложением словосочетания и отдельные слова представляют собой особый тип предложений.

Отдельные слова, словосочетания и предложения, следующие за первой частью высказывания, нельзя рассматривать как компоненты сложного предложения. Фактически, они выполняют функцию приложения к основному предложению. Однако эти синтаксические элементы отличаются от приложений, во-первых, изолированным использованием по отношению к основному предложению, во-вторых, синтаксической функцией, в-третьих, особенностью формы. Но эти элементы нельзя рассматривать и как обычные неполные предложения, так как последние характеризуются отсутствием одного из главных членов предложения, но при этом они имеют самостоятельное предикативное значение. Рассматриваемые предложения – изолированно стоящие за законченным полным предложением, элементы, не имеющие признаков самостоятельного предложения.

Имя существительное как член предложения отдельно используется обычно только в назывных предложениях типа «Ночь. Мерцающие звезды». Но при современном подходе к синтаксическому разбору предложений, в художественных текстах можно встретить множество примеров отдельно использованных слов, словосочетаний, даже отсеченных компонентов сложных предложений в качестве самостоятельной фразы. И это становится особенностью синтаксического строя и нормой литературного языка. В языкознании эти синтаксические элементы называются парцелляциями или присоединительными конструкциями. Различие между обычным простым предложением и присоединительной конструкцией – самостоятельность первого и семантическая зависимость, неполнота второго. Таким образом, дополнительные синтаксические элементы сами по себе представляются категорией, не являющейся специальным синтаксическим объектом. Эти синтаксические элементы используются как категории, являющиеся неотъемлемой частью основного предложения, они вносят дополнительное значение, раскрывают его суть. Эти отдельные слова и словосочетания, используемые как вспомогательные, характеризуются привязанностью или к основному предложению полностью, или к отдельному его слову. Таким образом, парцелляция, выраженная отдельным словом, словосочетанием, предложением, характеризуется следующими особенностями: во-первых, она неотделима от предложения, к которому относится, во-вторых, является смысловым дополнением, в-третьих, привязана или к целому предложению или к его отдельному члену. По грамматической форме парцелляция может быть схожа с теми словами, к которым она относится, а может быть не схожа. Из этого следует, что эти синтаксические элементы – неотделимая часть предложения, подобная приложению, являющаяся вспомогательной частью базового предложения.

В русском языкознании шли жаркие споры по поводу сущности парцелляции. Одни ученые идентифицировали подобные предложения как обособленные члены предложения (Руднев А.Г.), другие определяли их как самостоятельное синтаксическое явление и называли присоединением (Л.В.Щерба, В.В.Виноградов, С.Е.Крючков и т.д.), третьи (М.О.Платонова, А.А.Андреевская, А.П.Сковородников, Р.Сыздык) рассматривали как средство художественной выразительности. В итоге бурного интереса к проблеме присоединения, «из этого обширного понятия выделено узкое понятие «парцелляция» [5: 18] .

По определению Ю.В.Ванникова, от которого отталкиваются на сегодняшний день практически все лингвисты, исследующие это явление: «парцелляция – расчленение предложения, т.е. единого синтаксического строения, и его выражение в нескольких интонационно-смысловых единицах, т.е. фразах» (Ю.В.Ванников) [1:5]. Так, Н.С.Валгина определяет парцелляцию как «явление, перешедшее из устной речи в письменную, конструкции, присоединенные без союза после долгой паузы-точки, связанные только интонацией» [2:262], а Р.П.Лисиченко рассматривает как «мощное

средство превращения в актуальный элемент высказывания каждой парцеллированной части, благодаря выделению отдельных его частей» [3:12].

Итак, парцелляция это - синтаксическая категория, имеющая структурную, семантико-синтаксическую и коммуникативную функции. Ее сущность заключается в преднамеренном интонационном и позиционном расчленении элементов единой синтаксической структуры предложения на две и более части: основную (базовую) часть и парцеллят, с целью актуализации значимой части высказывания. При парцелляции между частями конструкции устанавливаются коммуникативно-актуализирующие отношения.

Под парцелляцией также понимается сам прием расчленения структуры предложения, в результате которого получается экспрессивный вариант стилистически нейтрального предложения. Таппасаң таптың. Алдың алатыныңды. Тобылға жүресің. Тап ертең жүресің. (*Нашел что искал. Получил что заслужил. Отправишься в Тобол. Завтра же отправишься*). (С.Сматаев).

Аршағұл-ау! Сүйіншімді бер! Жоламан тірі екен! (*Ау, Арашгуль! Давай подарок! Жоламан то жив!*) (С.Сматаев).

Такой прием расчленения предложения Т.М.Николаева предлагает назвать «обособление для экстренного введения в ситуацию», то есть особый вид просодического обособления, акцентирования внимания [4:182-187] .

Если Н.С.Валгина основным признаком парцеллированной конструкции называет долгую паузу-точку, то примеры из современной казахской художественной прозы показывают, что эту функцию могут выполнять также вопросительные и восклицательные знаки. Көп ұзамай Есіл мен Ертістің аралығын тұтас жайлаймыз! Жетісу, Жайық, Сыр – бәрің. (*Вскоре займем все пространство между Есилем и Иртышом! Семиречье, Урал, Сырдарью-все*). (М.Мағауин).

Дәрі жоқ па? Сүзекке... тұмауға... дизентерияға. Әйтеуір толып жатыр. (*Разве нет лекарств? От тифа... от гриппа... от дизентерии. В общем, полно*). (І.Жақанов).

В основе парцелляции, являющейся приемом письменного литературного языка, лежит подражание устной разговорной речи, в которой фразы строятся не по предварительно обдуманной формуле, а по течению мысли. Но в современном литературном языке авторы расчленяют синтаксические конструкции преднамеренно, с целью усилить экспрессивность высказываний. Сложное синтаксическое целое при расчленении делится на базовое предложение и парцеллят. В современном казахском литературном языке парцеллятами могут стать как отдельные члены предложения, так и компоненты сложных предложений. Парцелляты, имеющие форму отдельных членов предложения или придаточного предложения, могут, не изменяя структуры, как обособленная конструкция, включиться в структуру базового предложения. Соның бәрінің соңында кшірім жататын қайран халқым-ай. Кеңсіндер ғой. (*В конце всего этого лежит прощение, родной мой народ. Великодушны же вы*). (Д.Исабеков). Қазір бәрі жақсарды. Қабағынан көріп жүрмін. (*Сейчас все наладилось. Вижу по глазам*). (Д.Исабеков). При парцелляции высказывания на простые, короткие фразы, создается впечатление его динамичности, отрывистости, облегчается интонирование. На самом деле, при осложнении структуры предложения не происходит разделения смысла высказывания, потому что связь между базовой конструкцией и парцеллятом не нарушается. Несмотря на то, что в письменном тексте две конструкции (полная и неполная) разделяются паузой, обозначаемой точкой, они составляют синтаксическое целое, высказываемое в двух или нескольких фразах.

Если текст с парцеллированным предложением воспринимается как образец устной разговорной речи, то текст с множеством обособленных членов воспринимается как литературно обработанная, специально осложненная конструкция. Благодаря

парцелляции, дополнительно к синтаксическим средствам, появляется возможность легкого распространения предложения, не загромождая его дополнительными членами и отдельными предложениями. При парцелляции однородных членов и однородных придаточных предложений, помимо акцентирования этих синтаксических единиц, происходит упрощение синтаксической конструкции.

Если письменный язык позволяет выражать мысли как органически связанные предложения, то в устной речи необходимость быстро выражать мысль для легкости восприятия и анализа вынуждает передавать элементы высказывания в виде отдельных частей .

Белгілі суретші-портретист. Бұл саладағы мен сыйлайтын адамдардың бірі, шығармалары екі рет жеке көрмеге қойылған. Жас. Дарынды. (*Известный художник-портретист. Один из уважаемых мною людей, произведения дважды выставались на персональной выставке. Молодой. Одаренный*). (Д.Исабеков).

Использование парцелляции дает возможность переноса парцеллята, неполной распространяющей и расширяющей конструкции, отдельного члена предложения или целого с синтаксической точки зрения предложения, на новый абзац. Множество примеров такого использования парцелляции мы находим у великого мастера художественного слова – Мухтара Ауэзова.

1.Қырын отырған әкенің үлкен, кесек пішіні Абайға жартылай ғана көрінді.

Түсі суық. Қара сұр жүзіне бозғылданып түгі де шығып алыпты. (*Крупное лицо отца, сидящего боком к Абаю, виден наполовину.*

Суров. На темно-сером лице даже щетина встала дыбом.)

2.Одан өзінің оң жағында отырған Бөжейге қадалды.

Бөжей мен Байсал мызғыған жоқ. (*Затем уставился на Божея, сидящего справа. Божей и Байсал не шелохнулись.*)

Парцеллированные члены могут относиться не только к одному последнему слову, но и ко всем однородным членам или к однородному предложению. Например, ... бүкіл Сібір жұртына тірек болған тайпалы ел тұтасымен қазақ шығып кетті. Көшкен жоқ. Бүкіл жұртымен, қоныс жайлауымен қосыла салған. (...племя, бывшее опорой для народа Сибири, целиком перешло к казахам. Не кочевали. Просто примкнули всем населением, поселением и джайляу). (М.Мағауин).

Енді терістікке тура тартқан. Адасты. Ашықты. Азып-тозды. Бәрібір жетті. (*Теперь прямоком направился на север. Блуждал. Голодал. Износился-истощал. Все-таки дошел*). (М.Мағауин).

Кроме этих чисто синтаксических свойств и возможностей, одной из основных функций парцелляции является выделение отдельной части высказывания с экспрессивной целью. Здесь стоит особо отметить, что парцелляция свободно сочетается с остальными экспрессивными синтаксическими средствами. Например, чтобы особо акцентировать какую-нибудь часть высказывания, парцелляция используется вместе с инверсией.

1. Жалғанда осы бала жаттығымды тіршілігінде білмей-ақ қойса екен! Маратым-менің! (*Хоть бы этот ребенок при жизни не узнал свою чуждость! Маратик-мой!*) (І.Жақанов).

2. Лагерьдегі сынық шеге мұның назарынан тыс қалар ма екен. Қазымыр. Шалдыртпайтын жылпос. Сергек. Комендант Ганс Шулерге осы қасиетімен жаққан ол. (*И сломанный гвоздь не проскользнет мимо его внимания. Дотошный. Неуловимо скользкий. Бдительный. Коменданту Гансу Шулеру этим качеством и угодил он*). (І.Жақанов).

С помощью парцелляции, благодаря распространению главного слова назывного предложения, сохраняется один из основных признаков номинатива – его

конкретность, лаконичность. Қайран ауыл! Кіндік кесіп, кір жуған қасиеттім. Медетім. Алыстағы айбарым. Қысылғанда сиынар қорғаным. Жоқтаушым. (*Любимый аул! Моя священная, родимая земля. Опора моя. Крепость моя при трудностях*). (І.Жақанов). Түн жым-жырт. Жел де жоқ. Бірақ сәл ғана білінген салқын бар. (*Тихая ночь. Нет ни ветра. Чуть заметная прохлада*). (М.Әуезов).

Айтарсың. Осылай айтарсың. Қазақ баласы айтпағанды сен айтарсың. Абай! Асылым! Шөлімдегі жалғыз алтын терегім. Шөлден шүлен боп туған серегім! (*Скажешь. Так ты и скажешь. Ты скажешь то, что ни один казах не сказал. Абай! Мой дорогой! Единственный мой золотой тополь в пустыне*). (М.Әуезов).

Встречаются единичные примеры разрыва предикативной связи в основном предложении. В этом случае, тема простого предложения отделяется от ремы и выносится за пределы фразы, что очень сложно осуществить без потери смысла, поэтому это является особым художественным мастерством писателя.

Барғаның жөн ... Ел көресің, жер көресің. Ленинград! Қасиетті қала ғой ... Оны да көрген жақсы, Айнаш. (*Правильно, поезжай. Людей, страну посмотришь. Ленинград! Священный город... Его тоже нужно увидеть, Айнаш*). (І.Жақанов).

Әуелде бізді жапырып жіберді. Әсіресе садақшылары. (*Сначала нас разгромили. Особенно лучники*). (М.Мағауин). В этом примере путем выведения темы в постпозицию, во-первых, ей уделяется особое внимание, во-вторых, сочетание с наречием усиливает ее значение.

Таким образом, парцелляция в современном казахском языке со стилистической точки зрения является средством художественной выразительности, которое усиливает эмоционально-экспрессивную окраску синтаксической конструкции и имеет тенденцию к широкому распространению.

БИБЛИОГРАФИЯ

Ванников Ю.В. Синтаксические особенности русской речи (явление парцелляции) . – М. УДН., 1969.

Валгина Н.С. Синтаксис современного русского языка. – М., «Высшая школа», 1973.

Лисиченко Р.П. Интонационные характеристики парцелляции в современном немецком языке. Автореф. дис. канд. – М., 1972.

Николаева М. Экстренное введение в ситуацию. // Теория языка. Методы его исследования и преподавания. К 100-летию Л.В.Щербы. – Л., «Наука», 1981.

Платонова М.О. Присоединительные конструкции в языке Л.Н.Толстого. Автореф.дис.канд. – Л., 1973.

Сыздық Р. Сөз құдіреті. – А., «Санат», 1997.

Сведения об авторе

Акмаржан Акжыганова – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор кафедры языков Международного университета информационных технологий.

Научные интересы: синтаксическая стилистика современного казахского языка, сопоставительная грамматика тюркских языков, методика обучения иноязычной аудитории казахскому языку.

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЕМШІЛІГІНІҢ СИПАТЫ МЕН ТҮРЛЕРІ FORM AND TYPES OF KAZAKH TRADITIONAL HEALDING

Қ.Әшірханова,

Омер Халисдемир университеті докторанты

Түркия

Karlygash Ashirkhanova

Omer Halisdemir University

Turkey

karligash78@mail.ru

Аннотация: Күнкөріс кәсібінің негізі малдың бабымен байтақ далада жүрген қазақ халқын ауру сырқаудан атадан балаға мирас болған халық емшілігі сақтаған. Бұл мақалада халық емшілігінің даму тарихынан деректер келтіріле отырып, халық емшілігінің түрлері сипатталады. Халық арасындағы емшілердің емдеу тәсілдері мен ғасырлар бойы жылдар жылжыған сайын жаңа дәуірлік даму сипатына ие болған Қазақтың шипагерлігінің емдік сипаттары қарастырылады.

Кілт сөздер: халық емшілігі, емдеу тәсілдері, бақсы, шаман, сынықшы

Кіріспе

Орта ғасырда Орта Азия мен қазақ жерінен шыққан ғұлама ғалымдар Әл-Бируни, әл-Разани, Әбунәсір әл – Фараби, Жүсіп Баласағұн, Әбу-Әли ибн-Сина сияқты ғұламалардың медицина саласындағы еңбектері халық емшілігінің сипатын айқындап, ғылыми ілімге жақындауына зор ықпал етті. Ғұламалар еңбегі халық арасындағы емшіліктің бай мұрасынан жинақталып сұрыпталып жазылғандықтан да, еңбектің идеялық тұжырымдары халықтың арасында тез тарады әрі оң қабылданды. Отырардан шыққан ғұлама ғалым әл-Фараби «Адам ағзалары жайлы» және «Жануарлар ағзалары жайлы» т.б. медициналық еңбектерін жазып қалдырса, әл-Фарабиді өзінің ұстазы атаған, оның ілімін дамытушы ғұлама ғалым әрі дәрігер Әбу Әли Ибн Сина медицинаға арнап 16 кітап жазғандығы мәлім. Бұл ойшылдардың халықтық шипагерлік ілімін ғылыми теориялық әрі тәжірибелік ілімге айналдыруы, халықтық шипагерліктің емдік тәсілдері мен әдістерін байыта түсті. Қазақтың халық емшілігі өзімен іргелес Қытай, Тибет, Монғолия, Үндістан, Орта Азия, Араб, Ресей т.б. елдердегі халықтың емдік дәстүрлерімен, бір жағынан, өзінше ерекше, бір жағынан, олармен ұқсас, сабақтас та болды.

Халық емшілігінің тарихы

Орта Азияда халық емшілігінің ертеде дамығандығын тарихи деректерден білеміз. Ұлы Әмір Темірдің /1333 – 1405/ өзі жазған өмірбаянында 1354 жылы қатты сырқаттанады. Самарқанның шипагері анардың шырынымен емдей алмай, Түркістанның шипагері қан алып, айықтырғанын айтады [1, 12-13 бб.]. Бұдан Орта Азияда X-XV ғасырларда дамыған жоғары ғылыми шипагерлік ілім болғанынан хабардар етеді. Қазақтың халық шипагерлігінің тарихы ұзақ, біздің дәуірімізден де арырақ басталатыны байқалады. Қазақтың шипагерлігінің емдік сипаттары ғасырлар бойы жылдар жылжыған сайын жаңа дәуірлік даму сипатына ие болды. Қарапайым халық емі түрлері жеке ұлт болып қалыптасудан да бұрын пайда болғандығына да күмәнмен қарауға болмайды. Қазақ даласында алғашқы рулық үйсін, қаңлы, найман, қыпшақ т.б. тайпалары дәуірінде-ақ, емшілер ауру адамның сырқатын емдеуді қолға ала бастаған. Қазақ шипагерлері өздері жасаған табиғи дәрілерін әртүрлі жұппалы аурулардың алдын алуға, бас сақинасын емдеуге, улы жәндіктердің шаққан уытын қайтаруға да қолданған. Қазақтың халық емшілік дәстүріндегі емдік жүйесінің дамуы Шығыс пен көрші елдердің шипагерлік өнерлерінің жетістіктерін сабақтастыра қолдануында еді. Қазақ шипагерлерінің көршілерінің шипалық әдіс-тәсілдерін пайдаланып, өзіндік шипалық тәсілдерін байыту мен біріктіру шеберлігінің жетістігі,

ұлттық шипагерліктің негізін қалады деген тұжырымдама жасауға болады. Қазақ халқының арасында болған халық ешiлерi мен емшiлiк дәстүрiнiң дамуы туралы нақты жазба тарихи деректер болмады. Оның тарихы халықтың ауыз әдебиетiнде көрiнiс табады. Бұл тақырыпқа түрен салып орамды ойларын, пiсiп жетiлген пiкiрлерiн қалың қазағына мұра етiп қалдырған Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Ақжан Машанидың жазбалары бар. Оларда Қойлыбай бақсы. Абылай ханның жұлдызшысы Байыс, Мөңке би, Маңқы би, Бекет әулие, Бұқар жырау сынды өзге де халыққа аты кең жайылған қыдыр дарып бақ қонған көрiпкелдер мен данагөйлердiң өрнектi өсиеттерi мен сөздерi iстерi сөз етiледi. Сонымен қатар қазақтың халық шипагерлiгiнiң қыры мен сырын зерделеп қолжазбаларын қалдырған А. Левшин, А. Ягмин, Ш. Уалиханов, Н. Зеленд т.б. да зерттеушiлердiң еңбектерiнде кездеседi. Мәселен, қазақ даласында қан алу емi ауруларды емдеудiң негiзгi жолы екенiн Г. Колосов (1903 ж.), А. Ягмин (1845 ж.) жазды. Ал дәрігер Шустовтың (1895 ж.) жазуы бойынша қазақтың шипагерлерi адамның басы қатты ауырғанда, бастың белгiлi бiр жерiн бiзбен шаншып, оның орнына күл сепкен. Бұл емдеу тәсiлi қытайдың инемен емдеу тәсiлiне ұқсастығы байқалады. Бұл емдеу тәсiлi қытайдан да бұрын немесе қатарлас қазақ халқы арасында да болғандығын көрсеткенiмен уақыт өте келе халық арасында бiртiндеп емдiк түрден алшақтауы нәтижесiнде, ұлттық емдiк сипатын жоя бастағанын көрсетедi. Халықтың өз ұлттық жазуы болмауынан оның сан алуан шипалық шипагерлiк әдiс-тәсiлдерiн қағаз бетiне хатқа түсiруiне мүмкiндiгi болмады. Шипагерлер көргенiн, бiлгенiн, естiгенiн көбiне есте сақтап, жеке шипалық қызметтерiн жалғастырып отырды.

Емдеу тәсiлдерi

Қазақ емшiлерi аурудың пайда болуы денедегi сыртқы суықтық пен iшкi ыстықтықтан пайда болатынын бiлдi. Ауруды жазудың негiзi оны терлету деп, ауруға суық тиген деген болжаммен шөп дәрiлерiн – апиынды, мияның тамырын және жалбызды берiп терлеткен. Терлеген ауруды жылы бөлмеде ұстаған. Өкпе мен көк жөтел ауруларына ұшырағандарға күштi қуатты тағамдар берiп, қымыз iшкiзiп және жылқы мен борсықтың майын iшкiзiп емдеген. Емшiлер адам бойындағы ауру ыстық пен суықтың араласуы болған жағдайда адам қуатының тепе-теңдiгiнiң бұзылуына әкелiп соғатынын түсiндi. Халық арасындағы түрлi ауруларды емдеп жазудың нәтижесiнде олардың емдеу тәсiлдерiнде ойлап таба бiлдi.

Ертеден-ақ, қарапайым халық шипагерлерi психикалық аурулардың пайда болудағы сыртқы сипаттық себептерiн жақсы бiлгендiктен оған «меңiреу», «есi ауысқан», «елiрме», «жынды», «қоян-шық», «құтырған», «делбе», «талма» т.б. анықтамаларды қою арқылы шипагерлiктiң ұлттық сипаттағы психологиялық және философиялық танымдарын туғызды. Халық арасындағы бақсы балгерлердiң сиқырлы әсерлерi мен қарапайым емдерi адамның ауруын емдеуге үлестерiн қосып отырды. Сондықтан да, халық емшiлерiнiң емдеу тәсiлдерi дiни сенiмдер мен әдеп-ғұрыптарға негiзделдi.

Дегенмен, қоғамның даму жүйесi халықтық шипагерлiкте оташылар, сынықшылар, шөппен емдеушiлер, қан алушылар, сылап-сипаушылар, дiни сенiм және әдет – ғұрыптармен емдейтiн т.б. топтары пайда болды да, олар бойларындағы қасиеттерiн жақсы жақтардан көрсетiп дәлелдеуге әрекет етiп нәтижелi болуына ұмтылды.

Бақсылық өнермен емдеу тәсiлi

Бақсылық өнерi тәңiрдiң сиы, құпиясы деген ұғымда болды. Бақсы ол өз ортасында басшы және шипагер қызметiн атқарып өзiнiң болжампаздық, көрiпкелдiк, құмалақшылық, сиқырлық, ақын-сазгерлiк ерекшелiктерiмен халықты өзiне иландыру сенiмi арқылы емдедi. Тәңiрге табынушылардың сәуегейi, бақсылардың пiрi Қорқыт ата болды. Қорқыт ата бақсылық өнерiнiң атасы әрi негiзiн қалаушы да. Бақсының сарыны, үнi ешқандай өлең, толғаулардың сазына, мәнерiне ұқсамайды. Өте қайғылы

тебіреніспен шығатын оның үні адам ағзаларына бірден әсер етіп, өзіндік биоэнергетикалық резонансты тербелісті тол-қындар бөліп шығара отырып, отырған адамдардың психологиялық көзқарасын бір нүктеге қоя біледі. Сөйтіп, өзінің сиқырлы қобызының сазымен, мұңлы үнімен адамдарды өзіне қаратып сырқатты емдеді.

Шамандық діни наным сенім арқылы емдеу түрлері

Халық шипагерлері өркендей келе әртүрлі емдеу тәсілдері ішінде шамандық діни сенімі тәсілімен: қайтыс болған киелі әруақты адамдардың кесенесі басына ауру адамды түнету арқылы мал сойғызып, әруақтарға арнап дұға оқытып ауруынан жазылуына, нәрестелі болуына немесе жолы ашылуына тілектер тілету арқылы / *бүгінде жалғасуда - З.Қ/* және уқалау, ұшықтау, қақтыру, аластау, қорықтық құю, үшкіру, дем салу, шошындыру, дұғалық ішірткі беру, тұмар жазып беру, аштау, бақсылардың көмегіне жүгіну, ауруды көшіру, ауруды қуу, көшіріп емдеу, ұқсастық табу арқылы емдеу, ықылықты емдеу, арбау сөздерімен де, емдеу деген иландыру әдістерімен, шешек ауруын емдеу, жылан, бүйі және қаракұрт шаққаннан емдеу, шабақтау, сорбақта т.б. шипалық тәсілдерді пайдалану арқылы өрісін кеңейте бастады. Халық шипагерлері ертеде ауру адамның ішкі және сыртқы сырқатты белгілерін – өзі айтқаны бойынша тыңдау, тамыр ұстау, ауырған адамның өңін байқау, сөзіне, тұлғалық көрінісіне және жүрісіне қарап, денені сипау мен аурудың өзінен сұрау арқылы анықтады.

Жүйке жүйесі ауруларын емдеу түрлері

Мәселен, шипагерлер қан қысымы өзгерген, бет-аузы қисайған, қол-аяқтың тартылуын адам организміндегі нервтердің зақымдануы деп болжап, қажетті емін пайдаланып, сырқатты жаза білді. Ол үшін науқасқа күйдірілген ыстық қышқаш темірді жалатқанда, одан адамның тілі күймей, керісінше адамның артқы миы мен тұлабойы тітіркенген. Осының әсерінен денедегі зақымдалған нерв талшықтары оянып, қалыпты жұмыс істей бастауынан аурудың беті бері қараған. Ұшықтауда да тітіркендіру әдісін пайдаланып бетке суық сумен бүрку және жүгенмен ұшықтау арқылы, немесе шошындыру үшін аурудың үйіне атпен шауып кіру тәсілі бойынша да, шошынған нервтердің қалпына келуі үшін емдік шаралар қолданған. Бұл емдік шипалық тәсіл бүгінгі ғылыми медицинадағы шартты рефлексстік шошындыру мен өзін-өзі иландыру тәсіліне ұқсастығын білдіреді.

Ішкі ауруларды емдеу

Шипагерлер ішкі ауруларды көбінесе қан кетіру, денені уқалау мен ысқылау, денесін қалың жамылғышпен жауып қымтап жылту, ішін айдату, құстыру, тамақты аздап беріп ашықтыру, қайнатылып жасалған дәрі-дәрмектің тұнбасын немесе ұнтақтарын ішкізумен терлету, зәрін шығару, ішін жүргізу, қақырық түсіру арқылы емдесе, ал табиғи минералды сулар және балшықтар арқылы аяқ – қолдары мен тері ауруларын емдеген. Халықтық шипагерлікте шипагерлер сыртқы жара, ойық жара, сынық, буын шығу, күйік, ісік, сіңірдің тартылуы әрі созылуы мен үзілуін және ісікті де емдей білген. Аурудың түрін анықтаған соң, өзінің дайындаған дәрі – дәрмегін ішкізіп емдеу, қан алу, шертіп немесе шертпей денеге лоңқа қою, уқалау, құяң үзу, денеге ыстық – суық өткізіп емдеу, арасанға түсу /*минералды суларға – З.Қ. /*, күн нұрына қақталу, бұлаулау / *қарағай, , ермен, қайың жапырақтарына, жалбыз т.б. /*, қой терісі мен қой жынына түсу, қуатты мол ет, сүт, маңыз, ірімшік, құрт, айран, саумал, қымыз сияқты тағамдарды пайдалану т.б. әдістерін ауру-ларға емдікке қолданған. Мәселен, жаңа сойылған жылқының, қойдың, ешкінің жылы терісіне суық тиген, белі шойырылып ауыратын сырқаты бар адамдарды түсіріп орап, үстіне қалың жапқыш жауып, терлету тәсілін пайдаланған. Халық шипагерлері аурудың денесінен қан алу тәсілінде өзіндік әдіс тәсілдері бойынша орындаған.

Сынықшылық пен оташылық

Сынықшылар ешқандай дәрі көмегінсіз әрі гипссіз сынықты салып, қарапайым әдіспен таңып мерізімдік шарттық әдіспен қосымша емін жасап, сынықтың толық әрі мінсіз бітуін қадағалаған. Қазақтың көреген оташылары нәрестенің опырылып кеткен бас сүйегінің ұсақ сынған бөлшектерін еппен алып, оның орнына жас тасбақаның сауытын жапсырып, оны жаңа сойған тайдың ішегімен орап таңып тастап қалыпты түрде жазып алуы, халықтық шипагерлердің емдеу мәдениеті сатысының жоғарылығын көрсетеді.

Оташылар: қан тоқтату, қан алу, үсіген жерлерді емдеу, күйікті, жылан мен қарақұрт шаққанды, адам денесіндегі бездерді, көздің ағын сылып алу, желкеге шыққан шиқанды кесіп алу, ісіктің аузын шығару т.б. емдік көмектерін жасаған. Мәселен, қанды тоқтату үшін адамның өзінің аққан қанын жинап алып, оны шағын ыдыста күйдірген де, одан кейін жанған қанның күлін жараның үстіне сепкен. Құмырсқаның илеуін суға қайнатып ісіген жерге таңу арқылы аузын шығарған. Кейде қарапайым тәсілмен жасалған «Қимай» майын жағумен сыртқы жараны емдеген. Бұл туралы қазақтың халық емін дамытып ғылыми анықтама берген медицина ғылымдарының докторы, профессор Естөре Оразақов былай анықтама береді: «*Қимай*» алу үшін қойдың қиын қаластырып жағады, жер ошаққа өртеген қойдың құмалағы мен қиының будақтаған қою қара түтінінің үстіне қазанды төңкергенде жіңішке түтікпен жанындағы жабық ыдысқа тамшылап ағатын майын қимай дейді»[4, 24 б].

Қорытынды

Қазақ шипагерлігінде адамның сырқатының пайда болу себептерін біліп анықтаған сайын емдеп жазудың мәдени емдік жолы ілгерілей бастады. Қазақ шипагерлері табиғаттың ауа райының тұрақты қалыптылығы мен әртүрлі өзгерістерін адамның денсаулығының қалыпты әрі қалыпсыз болуына және жан жануарлар мен өсімдік әлемінің тіршілігіне де үлкен әсері бар деп қарады. Өйткені, ұлттық шипагерлік ауа, су, топырақ және күн сәулесін табиғаттың негізгі тіршілік көзі деп есептеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оразақов Е. Қазақ халық медицинасы. - Алматы: Ғылым, 1989. - 77 б.
2. Тілеуқабылұлы Ө. “Шипагерлік баян”. - Алматы: Жалын, 1996. - 463 б.
3. Алдашев А., Әлімханов Ж. Қазақтың халық медицинасының құпиясы. - Алматы: Қазақстан, 1992. - 160 б.
4. Қожалымов З. Мәңгілік құпия шежіресі. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. - 410 б.
5. Әл Машани. Әл-Фараби. - Алматы: Қазақстан, 1990. - 190 б.

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ӨЗІНДІК ДАМУДА ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДАЯРЛЫҚТЫҢ РӨЛІ

Бейсембаева К.Д. – пед.ғ.магистрі, аға оқытушы

Скакова Р.Ә. – п.ғ.к., аға оқытушы

Каримова Р.Е. – пед.ғ.магистрі, аға оқытушы

Мақұлбекова А.А. – пед.ғ.магистрі, оқытушы

(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)

электр.пошта: missis.kenzhe@bk.ru

Аңдатпа: Қазіргі заманда білім беруді модернизациялау жағдайында, өзінің кәсібін, этнопедагогиканың негіздерін еркін меңгерген, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті және құзырлы мамандарды кәсіби және этнопедагогикалық тұрғыда даярлау мәселесі ерекше маңызды болып саналады. Болашақ мамандар өскелең жас ұрпақпен, педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен бірлесіп жұмыс барысында, дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің негіздерін, этникалық педагогиканы меңгеруі керек, сонымен бірге өзіндік кәсіби дамытуға деген жоғары деңгейдегі ұмтылысымен айрықшалануы керек.

Түйін сөздер: болашақ маман, кәсіби өзін-өзі дамыту, этнопедагогикалық даярлық, өзіндік даму сатылары, сұрақнама, білім алушылар.

ETNOPEDAGOGICS ROLE TRAINING OF FUTURE EXPERTS IN DEVELOPMENT PROFESSIONAL PERSONAL

Beysembayeva K.D.- master of ped., senior lecturer

Skakova RA - Ph.D., senior lecturer

Karimova RE – masters of ped., senior lecturer

Makulbekova A.A- masters of ped., teacher

(The Republic of Kazakhstan, Almaty)

missis.kenzhe@bk.ru

ras02.01@mail.ru

raziya1966@mail.ru

araika_92_10@mail.ru

ABSTRACT: In the modernization of modern education, fluent in the basics of their profession, pedagogical, competitive and competent professionals in the labor market is particularly important concerning the training and pedagogical approach. The younger generation of future professionals, parents, teaching staff to work together in the traditional pedagogical culture, ethnic pedagogy skills, as well as their own professional development to a high level of ambition must differ.

In the conditions of modernization of modern education, ososbenno an important problem is the problem of ethnopedagogical and vocational training of competitive and competent experts in labor market, masterfully using the profession and fundamentals of ethnopedagogics. An important factor of implementation of the called requirements, the orientation of future experts to professional self-development by means of ethnopedagogics is considered. Educational process of the higher school defines living and world outlooks of professional experts therefore at the higher school formation of interest in traditional pedagogical culture, ethnic pedagogics is necessary, that is implementation of training of the real teacher of the country and the people without ethnopedagogical education is impossible.

In a stage of vocational training in a higher educational institution, training of future experts for professional self-development because during this period motivational and valuable, cognitive and reflexive and activity sonova of professional self-development of the personality have been put is of particular importance. Ethnopedagogical preparation is an important part of vocational training of future expert, it is the continuous and operated process of formation of preparation for ethnopedagogical activity of future expert. The purpose of ethnopedagogical training of future experts for professional self-development, involvement of students to ethnocultural and pedagogical heritage of the Kazakh people, formation of readiness of use of heritages in own professional activity is.

Ethnopedagogical training of future experts for professional self-development, speaks as vocational training on development of ethnopedagogical knowledge, the skills representing tselenpravleny activity of future experts in continuous management of own ethnopedagogical development, in the choice of the purposes, ways and the funds of professional self-improvement allocated for formation of ethnopedagogical activity and promoting understanding of the future professional activity.

For definition of ethnopedagogical training of future experts for professional self-development, it is possible to conduct the questionnaire or survey among students. It is possible to offer the following questions of the questionnaire to future experts:

1. How do you understand the term "ethnopedagogics"?
2. As you will be able to explain the following concepts: "development", "self-development", "is professional self-development"?
3. How you think what value has professional self-development in professional formation of future experts?
4. You feel or whether you realize requirement to professional self-development? Whether you seek for some actions for professional self-development? What difficulties and barriers arise in the course of professional self-development?
5. How you think what interrelation has ethnopedagogics to professional self-development?

Summing up the result of the aforesaid, it is possible to draw the following conclusion: not really high level of ethnopedagogical training of future experts for professional self-development in the system of modern higher education and in the conditions of the higher school is allocated.

Keywords: future specialist training, pedagogical and professional self-development, self-development stages, the students, questionnaire.

___Қазіргі заманда білім беруді модернизациялау жағдайында, өзінің кәсібін, этнопедагогиканың негіздерін еркін меңгерген, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті және құзырлы мамандарды кәсіби және этнопедагогикалық тұрғыда даярлау мәселесі ерекше маңызды болып саналады. Аталған талаптарды жүзеге асырудың маңызды факторы ретінде, болашақ мамандардың этнопедагогика арқылы өзін-өзі кәсіби дамытуға бағыттылығы алынады. Соңғы жылдары өзінің ана тілін, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, тарихы мен мәдениетін білмейтін ұрпақтың саны артып келеді, жастардың дәстүрлі өмір сүру салтынан оқшаулану үрдісі бекіп, ғасырлар бойы қалыптасқан адамгершілік-этикалық ұғымдардың, халықтың рухани құндылықтарының жоғалу үрдісі байқалады, бұлар өз кезегінде ұлттың санасының деформациясына әкелетіні сөзсіз [1].

Жоғары мектепте оқыту үдерісінің болашақ кәсіби мамандардың өмірлік және дүниетанымдық ұстанымын анықтайтын болғандықтан, жоғары оқу орнында дәстүрлі педагогикалық мәдениетке, этникалық педагогикаға деген қызығушылықты, қалыптастыру қажет, яғни этнопедагогикалық білімсіз өз халқының және өз елінің нағыз педагогын даярлау мүмкін емес. Болашақ мамандар өскелең жас ұрпақпен,

педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен бірлесіп жұмыс барысында, дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің негіздерін, этникалық педагогиканы меңгеруі керек, сонымен бірге өзіндік кәсіби дамытуға деген жоғары деңгейдегі ұмтылысымен айрықшалануы керек.

Болашақ құзырлы мамандарды даярлау идеясы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында, білім беруді 2011-2020 жылдарға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында, басқа да тұжырымдамалы құжаттарда айқын атап көрсетіледі. Осыған байланысты, болашақ құзырлы мамандарды өзіндік кәсіби дамытуға даярлау мәселесі өзекті бола түседі, оның мәні тұлғаны бірізді бірнеше сатыларды қамтитын, әлеуметтік-кәсіби қатынастар жүйесіне интеграциялауда көрініс береді: кәсіпті білім беру мекемесінде даярлау аясында меңгеру; орындалатын кәсіби функцияларды есепке ала отырып жұмыс орнында бейімделу; жеке кәсіби стильді қалыптастыру; кәсіби өсудің жолдарын іздеу.

Жоғары оқу орнында кәсіби даярлау сатысында, болашақ мамандарды кәсіби өзіндік дамытуға даярлық ерекше мәнге ие болады, себебі дәл осы кезеңде тұлғаның кәсіби өзіндік дамуының мотивациялық-құндылықты, когнитивті және рефлексивті-әрекеттік негіздері қаланады [2].

Жоғары кәсіби білім берудің Мемлекеттік стандартында, болашақ мамандардың жоғары оқу орнын бітірер кезінде төмендегі құзыреттіліктерді игерудің қажеттілігі атап көрсетілген: өзінің педагогикалық шеберлігін жүйелі түрде жетілдіру; білім алушылардың толыққанды оқыту және тәрбиелеу үшін жағдай жасау; психологиялық қолайлы және қауіпсіз білім беру ортасын құру; салалас мамандармен бірлесіп, пәнаралық психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік-реабилитациялық іс-шараларға қатысу; әлеуметтік өзара әрекеттестікті құруда, білім беру үдерісіне қатысушылардың этномәдени және конфессиялы айырмашылықтарын ескеру қабілеті; дамудың әлеуметтік-мәдени жағдайының ерекшеліктерін ескеріп, көпмәдени ортада кәсіби іс-әрекетті жүргізу қабілеті және т.б.[3].

Болашақ құзырлы мамандар этнопедагогикалық ерекшеліктерді білуі және есепке алуы қажет, бұл бірлескен оқу және еңбек іс-әрекетін жетістікпен ұйымдастыруда, әрекеттің келісімділігін және өзара түсіністікке қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін қажет. Этнопедагогикалық білім өз кезегінде индивидтердің әртүрлі этномәдени топтарға қатыстылығымен негізделген, ойлаудағы және мінез-құлықтағы ерекшеліктердің көрінісіне толеранттылықты қалыптастыруға ықпал етуі керек.

Қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық теориялар мен гуманистік білім беру тұжырымдамаларын талдау (А.Г.Асмолов, И.Б.Котова, А. В. Петровский, В. И. Слободчиков, Д.И.Фельдштейн, Б.Н.Шиянов) болашақ мамандардың тұлғасын өзіндік дамыту мен өзіндік жетілдіру үдерістерін зерттеудің қажеттілігін көрсетеді. Этнопедагогиканың жекеленген аспектілері Ш.М.-Х.Арсалиев, Г.Н.Волков, В.Н.Иванов, В.А.Николаев, Т.Н.Петрова, К.Ж.Қожахметова, С.А.Ұзақбаева, М.Х.Балтабаев және т.б. еңбектерінде қарастырылады. Қазіргі кезде этнопедагогиканың мәнін педагогтың іс-әрекетінің ғылыми негізі ретінде саналы ұғыну артып келеді.

Сондықтан, көптеген этнопедагогтардың еңбектерінде (А.Л.Бугаева, Г.Н.Волков, К.Ж.Қожахметова, О.Д.Мукаева және т.б.) еңбектерінде педагогты этнопедагогикалық тұрғыда даярлауды ұйымдастыруды арттырудың қажеттілігі аталып көрсетіледі. Сонымен бірге, болашақ құзырлы мамандардың этнопедагогикалық білімін жетілдіру мәселесі аталған еңбектерде қарастырылмаған, сол себепті жоғарыда аталған мәселелер өзекті болып саналады.

Жоғарыда баяндалғандар контекстінде келесі міндеттерді шешу қажет:

1) білім беру теориясы мен тәжірибесінде болашақ мамандадың кәсби өзіндік даму

үдерісіне талдау жасау;

2) болашақ мамандарды кәсіби өзіндік дамытуға этнопедагогикалық даярлаудың шарттарын анықтау және теориялық тұрғыда негіздеу;

3) болашақ мамандарды кәсіби өзіндік дамытуға этнопедагогикалық даярлаудың құрылымдық компоненттерін айқындау, олардың критерийлері мен деңгейлерін анықтау;

4) болашақ мамандарды кәсіби өзіндік дамытуға этнопедагогикалық даярлау бағдарламасын құрастыру және оның тиімділігін эксперименттік түрде тексеру.

Этнопедагогикалық даярлық – бұл болашақ маманды кәсіби даярлаудың маңызды бөлігі, ол болашақ маманды этнопедагогикалық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың үздіксіз және басқарылатын үдерісі [4]. Мұндай даярлықтың маңызды белгілерінің бірі – оның интегративті сипаты бұл өз кезегінде болашақ маманның оқу жоспарындағы пәндерді оқу нәтижесінде меңгерген негізгі білімдерін, біліктері мен дағдыларын біріктіретін, педагогикалық практикадан өту барысында бекітілген жүйе ретінде анықтауға мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша, этникалық құрамдас бөлім кәсіби білім берудің мазмұнына қосымша ретінде анықталып қоймай, сонымен бірге «Этнопедагогика» жеке курсын өтумен шектелмеуі қажет деп санаймыз. Болашақ мамандарды этнопедагогикалық даярлау бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоғары мектептің білім беру жүйесіне толыққанды енгізілуі керек, ол жоғары оқу орнын бітіруші түлектердің кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізудің маңызды шарты болып табылады.

Болашақ мамандардың кәсіби өзіндік дамытуға этнопедагогикалық тұрғыда даярлаудың мақсаты, студенттерді қазақ халқының этномәдени және педагогикалық мұраларына баулу, оны өздерінің кәсіби іс-әрекетінде қолдануға даярлығын қалыптастыру болып табылады.

Болашақ мамандардың кәсіби өзіндік дамытуға этнопедагогикалық тұрғыда даярлаудың міндеттері:

- студенттердің балалар мен жастарға отбасылық, қоғамдық, еңбек тәрбиесін берудегі этнопедагогикалық білімді меңгеру;
- білім алушылардың этникалық тәрбие мәселесіне деген қызығушылығын дамыту;
- әлеуметтік-мәдени орта жағдайында болашақ маманның кәсіби іс-әрекетіне қажетті біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;
- өзіндік іс-әрекетте этнопедагогикалық білім мен біліктерді шығармашылықпен қолдану қабілетін дамыту;
- кәсіби өзіндік дамытуға және өзіндік біліктілігін арттыруға деген тұрақты мотивацияны қалыптастыру.

Кәсіби өзіндік даму деп, озат тәжірибені және өзіндік дербес іс-әрекетті саналы ұғынуға көмек беретін, сонымен бірге өзін-өзі тану мен өзін-өзі жетілдірудің құралы болып саналатын, кәсіби іс-әрекеттің жеке стилін қалыптастыруға ықпал ететін көп компонентті, тұлғалық, кәсіби маңызды үдеріс ретінде түсіндіріледі [1].

Аталған саладағы зерттеулерге сүйене отырып, біз болашақ мамандарды кәсіби өзіндік дамытудың үш сатысын айқындауға мүмкіндік алдық.

Бірінші саты – бағдарлы. Ол студенттердің кәсіби бағыттарын, тұлғаның өзіндік дамуы туралы білім жүйесін, кәсіби-педагогикалық бағыттылығын қалыптастырудан құралады. Бұл мақсатқа студенттердің педагогика мен психологиядан дәстүрлі курстарын оқыту, өздерінің жеке ерекшеліктерін өзіндік тануы бойынша практикалық сабақтарды өткізу арқылы қол жеткізуге болады.

Екінші саты – орындаушылық (тікелей кәсіби даярлық). Оның мақсаты студенттердің әрекеттің жаңа тәсілдерін меңгеруде анықталады. Бұл мақсатқа педагогика мен психология бойынша курстардың аясында арнайы практикалық сабақтарды

ұйымдастыру, студенттердің тұлғасын өзіндік дамыту мен кәсіби өзіндік дамыту бойынша алуан түрлі арнайы курстар мен арнайы семинарларды жүргізу арқылы қол жеткізуге болады.

Үшінші саты – бақылаушы-түзетуші. Ол студенттердің әрекетінің жаңа тәсілдерін тәжірибеде меңгеруді және бекітуді қамтиды. Бірқатар зерттеушілер бұл сатыны кәсібилендіру сатысы деп атайды, себебі бұл сатыда кәсіпке ену, оы меңгеру және кәсіби өзіндік анықталу жүзеге асырылады [1]. Бұл мақсатқа студенттердің оқу және практикалық жағдаяттарды дербес орындау үдерісінде, сонымен бірге педагогикалық практиканы өту барысында қол жеткізіледі.

Кәсіби өзіндік даму үдерісі адам өмірінің бойында жүреді, әрбір кәсіби іс-әрекеттің өзіндік спецификасы болады, ол өз кезегінде кәсіби маңызды сапалардың белгілі жиынтығын талап етеді; кәсіби өзіндік даму үшін іс-әрекеттің болашақ сферасын тұлғалық тұрғыда қабылдау қажет; кәсіби өзіндік даму үдерісін іштей және студенттердің өзіндік дамуы арқылы басқаруға болады.

Болашақ мамандардың кәсіби өзіндік дамытуға этнопедагогикалық даярлығы деп, біз өзінің болашақ кәсіби іс-әрекетін саналы ұғынуға ықпал ететін, этнопедагогикалық іс-әреентті қалыптастыруға бағытталған, кәсіби өзіндік жетілдірудің мақсаттарын, жолдары мен құралдарын таңдауда, өзінің этнопедагогикалық дамуын үздіксіз басқару бойынша болашақ маманның мақсатты бағытталған іс-әрекетін көрсететін этнопедагогикалық білім, білік және дағдыларды меңгеру бойынша кәсіби даярлығы ретінде түсіндіреміз.

Болашақ мамандардың кәсіби өзіндік дамытуға этнопедагогикалық даярлығын анықтау үшін, студенттер арасында сауалнама жүргізуге болады. Болашақ мамандарға келесі үлгідегі сұрақтарды беруге болады:

1. Сіз «этнопедагогика» терминін қалай түсінесіз?
2. Сіз «даму», «өзіндік дамыту» және «кәсіби өзіндік дамыту» ұғымдарын қалай түсінесіз?
3. Сіздің ойыңызша, болашақ маманның кәсіби қалыптасуында кәсіби өзіндік дамытудың қандай маңызы бар?
4. Сіз кәсіби өзіндік дамытуға деген қажеттілікті сезінесіз бе? Егер сезінсеңіз, онда өзіндік кәсіби дамыту мақсатында қандай әрекет жасауға ұмтыласыз? Кәсіби өзіндік дамыту үдерісінде сізде қандай қиындықтар туындайды?
5. Сіздің ойыңызша, этнопедагогиканың кәсіби өзіндік дамытуға қандай қатысы бар?

Қорытындылай келе, келесі тұжырым жасауға болады: болашақ мамандардың қазіргі жоғары білім беру жүйесінде, жоғары мектеп жағдайында өзіндік кәсіби дамытуға этнопедагогикалық даярлығының жоғары емес деңгейі анықталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Харитонов М. Г. Этнопедагогическое образование учителей национальной школы. - Чебоксары: Чувашгоспедуниверситет им. И. Я. Яковлева, 2004. - 330 с.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – 2011. Астана қаласы.
3. Жоғары кәсіби білім берудің Мемлекеттік Стандарты. – Астана, 2010.
4. Чурсина А. С. Формирование готовности к профессиональному саморазвитию у студентов вуза в процессе изучения психолого-педагогических дисциплин: Автореф. дис... канд. пед. наук. - Челябинск, 2011. - 23 с.

Қазіргі кездегі «Акмеология» оқу пәнінің әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары

Бейсембаева К.Д. – пед.ғ.магистрі, аға оқытушы

Скакова Р.Ә. – п.ғ.к., аға оқытушы

Каримова Р.Е. – пед.ғ.магистрі, аға оқытушы

Мақұлбекова А.А. – пед.ғ.магистрі, оқытушы

(Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы)

электр.пошта: missis.kenzhe@bk.ru

Аңдатпа: Білім беру адамды дамытуға бағытталған. Ғылымның дамуында туындайтын қарама-қайшылықтар жаңа ғылымды құру құралдары арқылы шешіледі. Дәл осылай акмеология пайда болды. Білім беру үдерісінің негізгі қатысушылары: басшылардың, оқытушылардың, білімгерлердің қайта құрушы іс-әрекетінің өнімділігін өлшеу тәсілдерін, технологияларын және теорияларды меңгерген, елдегі және дүние жүзіндегі білім берудің дамуы туралы біліммен қаруланған мамандары бар білім, шынайы түрді іргелі білім болып саналады. Білім беруді модернизациялауды білім берудегі негізгі қарама-қайшылықтың - оқу және ғылыми ақпараттың көлемінің артуы мен оны игеруге жұмсалатын уақыттың қысқаруы арасындағы қарама-қайшылықтың артуына әкелетін ғылыми-техникалық прогресс туындатты.

Түйін сөздер: акмеология, пән, акме, педагогикалық акмеология, акмеологиялық тұғыр.

Modern Akmeologiji «discipline» of the methodological principles and platforms

Beysembayeva K.D.- master of ped., senior lecturer

Skakova RA - Ph.D., senior lecturer

Karimova RE – masters of ped., senior lecturer

Makulbekova A.A- masters of ped., teacher

(The Republic of Kazakhstan, Almaty)

missis.kenzhe@bk.ru

ras02.01@mail.ru

raziya1966@mail.ru

araika_92_10@mail.ru

ABSTRACT: Education aimed at personal development. Contradictions arising from the development of science is solved by means of the creation of a new science. Similarly, there was a Akmeologija. The main participants in the educational process: managers, teachers, students re-forming activity of knowledge, technologies and methods for measuring the performance of theories on the development of education in the country and around the world, experts armed with the knowledge of education, is the real fundamental education. The main contradictions - in education, modernization of education training and an increase in the volume of scientific information and that the increase in the contradiction between the reduction in the time needed for the development of scientific and technological progress has created.

Studying of modern approaches of psychology and pedagogical problems, are considered as the potential of innovative higher education, increase efficiency and effectiveness of professional activity of participants of educational process, on the relation own the strategy of professional formation also consider the reflexive possibilities. The Akmeologic science has long-term history as society. Human culture - creative result of the developed persons.

Development of akmeologicheskyy knowledge and its educational potential considered from the point of view of the sovrmennyykh of approaches of education demands contents changes, the characteristic and orientation of vocational training, process of development of professional knowledge, speaks by means of personal, valuable and motivational spheres of subjects of educational process in a higher educational institution.

Akmeology develops as science about values, their improvement and abilities of highly effective realization of professional activity of the person, also she develops as science about dynamic self-development and self-realization, full activity of the personality. In akmeology education is considered as the self-organizing system subordinating to laws of self-realization of natural potential of the person in culture products, providing spiritual products – primary new education.

Knowledge, competence, skill is "spiritual production", the created in the course of education or mental, physical and akmeologicheskyy new growths in properties of participants of educational process. In communication by development of akmeology as sciences, the next periods and new tasks are defined. First, judgment of achievement of specific acme result in philosophico-historical approach, allocation of acme elements of the past of human activity in the historical periods, their introduction in the future and creation of methodology of profound akmeologicheskyy knowledge. Secondly, development of the concrete directions of akmeology – political science, economy, management, pedagogics and others, then a problem of achievement of the person of the highest results isn't considered relevant, also the problem of achievement of results by the person in spheres of policy, economy, the welfare sphere is a current problem.

The highest stage of development, his peak - "acme" is the many-sided state covering formation of the person as persons and certain periods of his development, characterizing him as experts. As akmeology object, the developing personality in a development stage is. In broad understanding, his subject of studying are the objective and subjektivny factors contributing or interfering the progressive development of the personality that is the conditions promoting the adult in development, the relations, creativity, in the professional activity. Akmeology – new science, but she is considered world outlook science in development and a samosovershestvovaniye, full improvement of the person, and in activity and creativity his contents is considered akmeologicheskyy science. Search of ways of self-realization of the personality, disclosure of his potential is always carried out continuously.

Akmeology as science is capable to opposition to negative conditions intesivno to the changing social conditions of modern society, she has arisen as the requirement necessary for competent experts, highly qualified specialists. Also, akmeology can have negative effect on increase in concepts about improvement opportunities of formation of the person as professional and personality.

For the decision modern social, personnel, professional, educational and other problems, akmeology has proved the practical importance, has been defined as independent science. Scientific interest in akmeology will never disappear. Sources of akmeology originate from pedagogics and psychology and as the new science a problem of improvement of quality of education is actively studied. The Mezhdistsilinary characteristic of akmeology allows search of new opportunities, also creation of model the akmeologicheskikh of schools and to search of new opportunities of his approbation.

Keywords: Akmeologiya. acme, discipline, teaching, Acmeology, foothold.

Психологиялық-акмеологиялық мәселелерге қатысты қазіргі заманғы көзқарастарды зерттеу, инновациялық жоғары кәсіби білім берудің әлеуеті ретінде қарастырылады, білім беру үдерісіне қатысушылардың кәсіби іс-әрекетінің тиімділігін және өнімділігін арттырады, сонымен бірге кәсіби қалыптасудың өзіндік стратегияларына қатынасы

бойынша рефлексияның мүмкіндіктерін қарастырады. Акмеология ғылымы пәнінің қоғам сияқты ұзақ тарихы бар. Адамзат мәдениеті – кемелденген адамдардың шығармашылық нәтижесі.

Білім берудегі қазіргі үрдістер тұрғысынан қарастырылатын акмеологиялық білімнің дамуы және оның білім беруші әлеуеті, кәсіби даярлықтың мазмұнын, сипатын және бағыттылығын өзгертуді талап етеді, онда кәсіби білімді меңгеру үдерісі жоғары оқу орнындағы білім беру үдерісінің субъектілерінің тұлғалық, құндылықты-мағыналық сферасы арқылы басқаша түсіндіріледі.

Акмеология адамның құндылығы, оны жетілдіру мен өзінің кәсіби іс-әрекетін жоғары тиімділікпен жүзеге асыру қабілеті туралы ғылым ретінде дамиды, сонымен бірге, тұлғаның динамкалық тұрғыда өзін-өзі дамыта және өзін-өзі жүзеге асыра отырып, толыққанды өмір сүру туралы ғылым ретінде дамиды. Дәл осы акмеологияда білім беру, алғаш рет бастапқы жаңа құрылымдарды – адамдағы рухани өнімдерді қамтамасыз ететін, мәдениет өніміндегі адамның табиғи әлеуетін өзіндік жүзеге асыру заңдарына бағынатын, өзін-өзі ұйымдастырушы жүйе ретінде қарастырылады.

Білімдер, құзыреттілік, шеберлік – бұл білім берумен құрылатын «рухани өнімдер» немесе білім беру үдерісіне қатысушы тұлғалардың қасиетіндегі психикалық, физикалық және акмеологиялық жаңа құрылымдар. Акмеология ғылымы пәнінің қоғам сияқты ұзақ тарихы бар. Адамзат мәдениеті – кемелденген адамдардың шығармашылығының нәтижесі. Ежелгі дүниенің тарихының дамуындағы акме-кезеңдер дамудың бір дәуірінен екінші дәуіріне дейінгі терең білім мен нақты тәжірибені беру жүйесі ретінде, дамудың терең мәнін түсінуге көмек береді. Әсіресе, адамның дамуы темір дәуірінде аса жоғары акме-нәтижеге жетті.

Акмеологияның бастау көздері Ежелгі Грекияға байланысты, бұл кезеңде адам ақыл-ой және дене дамуының шындығының үйлесімі ретінде кемелдену идеалына ұмтылған болатын. Адамзат қоғамының дамуының әртүрлі тарихи кезеңдерінде идеалдар алуан түрлі болды, алайда олар әрдайым интегративті құрылымдар, табиғаты бойынша гетерогенді үдерістердің шындығының үйлесімі нәтижесі ретінде қарастырылды. Ежелгі Үндістанның данагөйлері адамның жер бетіндегі өмірінің жақсаруын оның тұлғасын жетілдірумен байланыстырды; Конфуций және Лао Цзы азаматтық және әскери жетілдірудің біріктіруін негіздеді; Демокрит, Сократ, Эпикур өзін-өзі дамытуды адамзат өмірінің мақсаты деп санады; Марк Аврелий, Плутарх, Сенека адамгершілік жетілдірудің өзіндік сана мен аскетизм түрінде көрініс беретінін атап көрсетті; Фома Аквинский, Д.Бруно, Г.Лейбниц, Б.Спиноза жетілдірудің мүмкіндігін рухани дамытуға деген сенімділікпен байланыстырды; еркіндік, жалпыадамзаттық құндылықтар, адамгершілік мәселелерін Г.Гегель, И.Кант, И.Фихте, Ф.Шеллинг зерттеді.

Кемелденудің жоғары сатысы, оның шыңы – «акме» – бұл адамның азамат ретінде қаншалықты дәрежеде қалыптасқанын, өз ісінің маманы, тұлға ретінде қалыптасқанын сипаттайтын, оның дамуының белгілі кезеңін қамтитын көпшамалы күйі.

Акмеологияның нысаны ретінде, кемелдену сатысындағы дамушы тұлға алынады. Кең мағынасында оның пәні ретінде – кемелденген тұлғаның прогрессивті дамуына ықпал ететін немесе кедергі келтіретін объективті және субъективті факторлар алынады, яғни ересек адамның дамуда, қатынастарда, шығармашылықта, өзінің кәсіби іс-әрекетінде ең жоғары деңгейге жете алатын жағдайлар алынады.

Акмеологияның ғылым ретіндегі дамуының сатыларында акмеологияның екі базалық атрибуты байқала бастады. Біріншісі – акмеологияның тарихпен және тарихи-философиялық тұғырмен байланысы, ол ересек адамның дамуын талдауда және оның адам мен адамзат дамуындағы жоғары мәдени жетістіктер формасында заттық іс-әрекеттің нақты нәтижелеріне жетуді талдауда, тарихи өркениеттердегі еңбек іс-әрекетін талдауда көрінеді. Екіншісі – белгілі нәтижелерге жетуде және ересек адамның

даму сатылары ретінде өткен мен болашақты қарастыруда, өнімді іс-әрекет үдерісінде адамның психологияның әмбебап заңдарын зерттеуінің басталуы.

Акмеологияның ғылым ретінде дамуына байланысты, дамудың келесі сатысы анықталады және жаңа міндеттер туындайды. Біріншіден, тарихи-философиялық тұғырдан нақты акме-нәтижеге жетуді мағыналау, тарихи сатыларда адамның іс-әрекетіндегі өткеннің акме-элементтерін айқындау, оларды болашаққа ендіру және тереңдетілген акмеологиялық білімнің әдіснамасын құру. Екіншіден, акмеологияның нақты бағыттарын дамыту – саясаттану, экономикалық, басқарушы, педагогикалық және басқалар, онда тек жеке адамның аса жоғары нәтижеге жету мәселесі өзекті болмайды, сонымен бірге оның алуан түрлі жүйелерде - саясат, экономикалық, әлеуметтік-мәдени салаларда аса жоғары нәтижеге жетуі өзекті болып саналады.

Соның салдарынан акмеологияның ғылым ретіндегі пәндік өрісі кеңейеді, «адам-адам», «адам-қоғам» және «адам-табиғат» жүйелеріндегі категориялық-ұғымдық аппаратты нақтылаудың қажеттілігі пайда болды. Сонымен бірге, ғылыми білімнің қол жеткізілген деңгейіне байланысты, акмеология мәселелерін тарихи-философиялық даму тұрғысында қарастыру қажет.

Акмеология – жаңа ғылым, алайда адамның дамуы мен өзін-өзі жетілдіруіне, оның өмірде өзін-өзі жетілдіруінің толыққандылығына қатысты дүниетанымдық ғылымдар болып саналады, ал іс-әрекет пен шығармашылықта мазмұны акмеологиялық болып саналады. Тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру жолдарын іздеу, оның әлеуетін ашу жолдарын іздеу әрдайым жүзеге асырылды. Толыққанды шамада бұл Қазақстандағы ғылыми ой-пікірлерге қатысты болады.

Акмеология идеясының тарихи дамуының спецификасын Н.В.Кузьмина атап көрсетті, ол адамның өзін-өзі жетілдіруі, рефлексия және даналығы туралы онша танымал емес, гуманистік философиялық және антропологиялық идеяларды ашты (В.С.Соловьев, Н.О.Лосский, А.Ф.Лосев, П.А.Флоренский). Акмеология саласында 1990-жылдардағы зерттеулердің жандануы, жаңа ғылыми бағыттардың пайда болуына әкелді: жалпы және басқарушы акмеология (О.С.Анисимов, А.А.Деркач, В.П.Ситников және т.б.), олар адамның іс-әрекетіндегі шыңға жету жетістіктерінің жалпы заңдылықтарын және олардың басқару қызметі мен мәнсапқа енуін зерттейді, педагогикалық акмеология (Н.В.Кузьмина, А.А.Реан, Ю.А.Гагин, Н.Ф.Вишнякова және т.б.), ол ересек адамның кәсіби іс-әрекетіндегі шыңның (акме) көріністері ретінде кәсібиліктің және креативтіліктің объективті және субъективті факторларын және осы факторлар қалыптасатын өнімді педагогикалық жүйелерді модельдеудің шарттарын айқындайды.

Педагогикалық акмеология білім беру акмеологиясы болып қайта құрылды, оның міндеті ретінде білім беру үдерісінің субъектілерін іс-әрекеттің алуан түрлі сферасында адамның шығармашылық әлеуетін жетістікпен жүзеге асырудың теориясы мен технологиясымен қаруландыру алынады.

Акмеология білім беру жүйесі жағдайында ересек адамның және өскелең ұрпақтың біртұтас дамуындағы жоғары жетістіктерге бағдарлайтын теориялық-әдіснамалық тұғыр ретінде болады. Акмеологиялық тұғыр қамтиды:

- 1) білім беру ортасында өскелең ұрпақты және ересек адамды индивид, тұлға, даралық және өмір сүру субъектісі ретінде біртұтас зерттеу;
- 2) жетістік мотивациясы үшін педагогикалық шарттарды құру, білім беру үдерісінің субъектілерінің жетістіктеріне деген қажеттілікті өзектілеу, олардың жоғары нәтижелерге, шығармашылыққа деген ұмтылысы;
- 3) шығармашылық қайта құрушы іс-әрекетті вариативті білім беру кеңістігі ретінде ұйымдастыру, әрбір даралықтың интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін ұйымдастыру;
- 4) синергетикалық білім беру жүйесінде педагог пен оқушының өзін-өзі дамыту мен

өзін-өзі жетілдіруінің интеграциялық критерийлері тұрғысында білім беру сапасын бағалау: шығармашылық даралық адамның біртұтас дамуының жоғары деңгейі ретінде; денсаулық адамның өмірлік күш-қуатының интеграциялық критерийі ретінде; шығармашылық адамның белсенділігі мен дербестігінің жоғары деңгейі ретінде; кемелдену өскелең жас ұрпақтың ересектенуінің әрбір жас кезеңінде дамудың, білім беру мен тәрбиенің бірлігінің интеграциялық критерийі ретінде; кәсібилік адамның кәсіби іс-әрекеттегі мәнді күш-қуатын практикалық тұрғыда жүзеге асырудың жоғары деңгейі, руханилық ретінде.

Білім беру акмеологиясы білім берудегі акмеологиялық тұғырда жобалаушы-бағдарлаушы, қайта құрушы іс-әрекет ретінде және адамның әлеуметтік-мәдени болмысын өзіндік ұйымдастыру саласында, білім берудің акмеологиялық тұжырымдамасын жүзеге асыратын білім беру жүйесінің өнімді модельдерін құрады.

Білім беру акмеологиясы (Н.В.Кузьмина, А.А.Деркач, А.А.Реан, В.Н.Максимова, Е.И.Степанова, Ю.А.Гагин және т.б.) – бұл адамның дамуы, білім беру жүйесінің алуан түрлі типінде және түрлерінде адам дамуында және іс-әрекетіндегі шындыққа жету туралы білімді, білім беру ортасында интеграциялайтын философиялық және психологиялық-педагогикалық ғылым.

Қазіргі заманғы акмеология қалыптасу сатысында келеді. Акмеология – жаратылыстану, қоғамдық және гуманитарлық пәндердің түйісуінде пайда болған және адамның кемелдену сатысында дамуының заңдылықтары мен механизмдерін зерттейтін, әсіресе осы дамудың аса жоғары деңгейіне жетуін зерттейтін ғылым.

Қазіргі заманғы білімнің үш негізгі әдіснамалық бағдары бар: жаратылыстану-ғылыми, гуманитарлы және технологиялық. Акмеологияның негізгі сипаттамаларын қарастырамыз.

1. *Жаратылыстану-ғылыми бағдар* дербес сала ретінде бөлініп шығуға ұмтылыста көрінеді. Әдіснамалық тұрғыда ол көп жағдайда классикалық жаратылыстану білімінде қалыптасқан пәндік стандарттарға сүйенеді (эксперименттік деректерді сипаттау, заңдылықтар мен механизмдерді зерттеу, олардың математикалық тұрғыда сенімділігін қамтамасыз ету түрінде). Бірқатар акмеологиялық феномендерді талдауда (дарындылықтың табиғатын, генетикалық және физиологиялық ерекшеліктерді, кәсіби шеберліктің қалыптасуының психофизиологиялық алғышарттарын және т.б.) жас ерекшелік психологиясынан, психогенетикадан, еңбек психофизиологиясынан және т.б. салалардан жаратылыстану-ғылыми білімдерге деген апелляция жүзеге асады.

2. *Гуманитарлы бағдар* адам туралы ғылымдармен генетикалық өзара әрекетке негізделетін онтологиялық байланыста және дербес пән ретінде олардан пәндік тұрғыда ажырауда көрінеді. Акмеология пайда болғанға дейін ересектердің кәсібилігі, шығармашылығы, оларға білім беру зерттелді, алайда шеберлікті, оның «акме» атты шыңдағы формаларын зерттеудің спецификасы акмеологиялық технологияларды құрастыруға және спецификалық проблематиканың туындауына әкелді.

3. *Технологиялық бағдар* техникалық ғылымдармен өзара әрекеттестікте (кибернетика, жүйелі техника, ақпарат теориясы және т.б.) және практикалық бағдарланған білімнің нақты стандарттарын қолдануда көрініс береді. Ескеретін бір жайт, акмеология техникалық пәндермен жанама түрде байланысты, мысалы, адамзат факторын техникада оңтайландыруды қамтамасыз ететін эргономика арқылы байланыстыруға болады. Сонымен бірге, гуманитарлы білімді технологияландыруда психотехника және ойын техникасы, инноватика және рефлексия И.Семенов бойынша және техникалық ғылымдарды гуманитарландыруда (бионика, соционика, эвристика, синергетика және т.б. пайда болуы) көрініс беретін қазіргі заманғы праксеологияның акмеологияға әсерін ескеру қажет.

Акмеологияның дамуында төрт негізгі саты анықталады:

- латентті – адамтанудың акмеологиялық сферасын ғылыми тануда тарихи, мәдениеттанушы, әлеуметтік, философиялық, ғылыми, педагогикалық, практикалық алғышарттарды бірте-бірте құрастыру;
- номинациялық – осындай тектегі білімде әлеуметтік қажеттілікті саналы ұғыну;
- инкубациялық – акмеологиялық проблематиканы зерттеудің қажеттілігі туралы тұжырымдамалы идеяның туындауы және акмеологияның ерекше пән ретінде кеңейту бағдарламасын ұсыну;
- институционалды – әлеуметтік құрылымдарды құру: жоғары оқу орындарында және акмеологиялық ғылымдардың Халықаралық академиясында акмеологиялық кафедралар мен факультеттерді, зертханаларды құру.

Акмеология – бұл адамның шыңдағы жетістіктері туралы ғылым. Акмеология келесі сұрақтарға жауап беруге тырысады: адамның өзін қалай белсендіруге болады? Өмірде жетістікке қалай жетуге болады? Акмеге – өз мүмкіндіктерінің шыңына қалай жетуге болады? Өмірдің мәні неде? Адамның басты қызметі қандай? Жеке шындық қайда және өз жолын қалай табуға болады?

Әрине, бұл ғылым адамның кемелдену кезеңіндегі жетістіктерін зерттеп қоймайды, сонымен бірге сол жетістіктерге жетелейтін факторларды зерттейді. Ол адамның рухани, интеллектуалды және дене мүмкіндіктерін барынша дамытуды қандай жағдайда жүзеге асыра алатынын анықтайды. Оны зерттеу адам өмірінің мәнін түсінуге көмек береді. Акмеология адамның психофизикалық даму және жас кезеңіндегі динамикасын зерттейді.

Адамның бірінші өмірлік сатысы – балалық шақ. Бұл кезеңде сәби қоршаған әлемді таниды, алғашқы әлеуметтік тәжірибені игереді. Жасөспірімдік кезең. Бұл кезеңде тұлғаның қалыптасуы жүреді. Жасөспірімдік кезеңде рефлексиялау – өзін-өзі тану қабілеті пайда болады. Жасөспірімдер үйрену және дербестік қабілеттері сияқты маңызды сапаларды меңгереді. Жастық шақ. Рухани және дене күштерінің өркендеу уақыты. Өз жолын, өз тағдырын іздеу кезеңі. Кәсіби біліктер, дағдылар меңгеріледі, шығармашылық әлеуеті ашылады. Ересектік өмір. Бұл адамның еңбек ететін, шығармашылықпен шұғылданатын, ойланатын өнімді уақыты. Бұл маңызды жетістіктер, аса маңызды жаңалықтар мен тапқырлық уақыты. Кәрілік кезеңі. Бұл уақытта күш-қуат азаяды, мүмкіндіктер сарқылады. Алайда, өткен өмір туралы естеліктер уақыты ғана емес, сонымен бірге өткенді қайта мағыналауға, өткен өмірді қайта бағалауға мүмкіндік берілетін уақыт.

Адамның ересектенуі – адамның даралану және әлеуметтену сияқты екі қарама-қарсы механизмдерінің, онтогенез бен социогенездің өзара әрекеттестігінің күрделі үдерісі (Д.И. Фельдштейн). Ересектерге білім беруді адамды дараландыру мен әлеуметтендіру үдерістерімен бірлікте, оны біртұтас және өзіндік дамыту үдерісі ретінде қарастыру қажет, ал ересек білім алушыны – әлеуметтік-адамзаттық іс-әрекет субъектісі және білім берудің әлеуметтік-дамытушы функциясын таратушы ретінде қарастыру қажет.

Кемелдену сатысы – онтогенездің шыңдарына жеткен қатып қалған форма емес, ол вариативті жас шеңберлері, акме жетістіктерінің көрсеткіші, айқын дара сипаты бар онтогенетикалық даму сатысы. Білім беру қарым-қатынас пен танымның факторларын «қамтитын», адамның жаңа шыңдарға, шығармашылыққа, ойлаудың стереотиптерін жеңуге, жаңа әлеуметтік байланыстар мен қатынастарға, ішкі резервтерді жұмылдыруға деген қозғалысты қамтитын қажетті шарт ретінде болады.

Әдіснамалық тұрғыда акмеология іргелі-қолданбалы сипаттағы кешенді ғылым болып табылады. Іргелілік басқа ғылымдарда зерттелмейтін болмыс сферасындағы заңдылықтарды танумен анықталады. Акмеологияның танымдық сипаты практикалық-бағдарланған акмеологиялық технологияларда көрініс табады.

Акмеологиялық тұрғыда келесі аспектілер айқындалады: жас ерекшелік, білімділік,

кәсіби шеберлік. Акмеологиялық креативті, экзистенциалды және мәдениеттанушылық мүмкіндіктер зерттеледі. Мұнда жүйе құраушы фактор ретінде шеберліктің рефлексивтілігі алынады. Акмеология — зерттеулер кешенді сипатта болатын интегративті пән. Осындай зерттеулердің нәтижесінде ашылатын деректер мен заңдылықтар жүйелі тұғырда түсіндіріледі. Басқару теориясымен, педагогика және психологиямен өзара әрекеттестікте акмеология кадрларды кәсіби даярлау сферасына біршама өзгерістер енгізеді. Кадрларды даярлаудағы акмеологиялық тұғырда мамандардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және олардың біліктілігін жетілдіру проблематикасы басым орын алады. Мәселелер келесі бағыттарда шешіледі:

- жас ерекшелік — педология тұрғысында (балалар мен жастарды зерттейтін), ересектер андрологиясы тұрғысында (студенттер мен мамандарды зерттейді), геронтология тұрғысында (еңбек ардагерлерін зерттейді) нышандар мен қабілеттерді диагностикалау;

- білім беру — жалпы, кәсіби және үздіксіз білім беру жүйесінде білім және біліктерді диагностикалау және дамыту;

- кәсіби — еңбектің белгілі бір түріне кәсіби жарамдылықты, психологиялық дайындықты анықтау және оның нәтижелері үшін жауапкершілікті анықтау арқылы, еңбек іс-әрекетін жүзеге асырудың мүмкіндіктері мен нәтижелерін анықтау;

- креативті — жүзеге асыруда жұмсалатын күш-қуатты анықтау (кәсібиліктің деңгейін, шеберліктің рефлексивті-инновациялық әлеуетін айқындау және шығармашылық үдерісінде алынған инновациялардың әлеуметтік мәнін бағалау).

Мұғалімнің кәсіби дамуының спецификасы, оның кәсіби дамуын қарастырады, «адамзаттық даралық» ұғымынан «кәсіби маман» ұғымын бөліп қарастырмауда, өз кезегінде адамның даралығын дамытудың барлық қырларында көрініс табады. Мұны мұғалімнің құзыреттілігін дамытудың мақсаттарын нақтылауда ескеру қажет. Мұғалімнің кәсіби және тұлғалық дамуының бірлігі, кәсіби дамудың мақсаты - мұғалімнің даралығының біртұтас сапасы ретінде алынуында көрініс табады. Мұнда мұғалімнің дамуының оқушылардың дамуымен ұқсастығы байқалады. Алайда, іс-әрекеттің жетекші типін алмастырумен негізделген айырмашылықтар да болады: бір жағдайда жетекші іс-әрекет ретінде кәсіби іс-әрекет алынады, ал келесі жағдайда – оқу іс-әрекеті алынады. Алайда, оқу іс-әрекеті кәсіби іс-әрекетке «ендіріледі», себебі оқусыз мұғалімнің басты жұмыс инструменті ретіндегі құзыреттілігі мен даралығын тиімді дамыту мүмкін болмайды. Мұғалімнің кәсіби және оқу іс-әрекетінің бірлігі мына жағдайда айқындала түседі: оқу іс-әрекеті объективті түрде даралықты дамытуға бағытталуымен кез келген іс-әрекеттен айрықшаланатын болса, онда оның субъективті мақсаты дәл сондай болады деген анықтаманы ұстанған дұрыс.

Акмеология гуманитарлы ғылымдардың басқа салаларындағы зерттеу нәтижелерін кіріктіріп және қайта мағыналап, «өзін-өзі дамыту», «өзін-өзі маңызды ету», «өзін-өзі жетілдіру», «өзін-өзі жүзеге асыру» ұғымдарының «акме» және «мәдениет» ұғымдарымен арақатынаста болатынын көрсетті. Акме бір мезгілде нәтиже және адамның өзін-өзі дамыту үдерісі ретінде оның мәдениетінде көрініс табады. Өз кезегінде мәдениет өзін-өзі дамытудың интегральды көрсеткіші және осы үдерістің тиімділігін қамтамасыз ететін тұлғалық сапа ретінде болады.

Дамушы акмеологиялық тәжірибе көрсеткендей, адамның өзін қайта құрушы іс-әрекетінің тиімділігі, психикалық өзін-өзі реттеу немесе креативтілікке, рефлексивті немесе аутопсихологиялық құзыреттілікке қатысты, жеткілікті зерттелген психологиялық-акмеологиялық феномендерге сүйенбейтін, белгілі тұлғалық сапалар мен құзыреттіліктер кешенінің болуымен немесе болмауымен негізделеді.

Тұлғаның деңгейінде оның өзіндік дамуы әртүрлі деңгейдегі жаңа құрылымдарды қалыптастыру және дамыту есебінен жүзеге асады. Белгілі жаңа құрылымдарды

қалыптастыру және оларды тұлғалық сапалар ретінде бекіту, дамудың бір әлеуметтік жағдайының бұзылуына әкеледі, тұлғаның жаңа психологиялық бет-бейнесіне адекватты басқа бет-бейнесінің пайда болуын негіздейді. Сонымен бірге, талдау көрсеткендей, адам дамуының интегралды көрсеткіші ретінде және осы дамудың тиімділігін қамтамасыз ететін тұлғалық сапа ретінде мәдениет алынады.

Адамзат іс-әрекетінің барлық пәндік нәтижелерін сыртқы жағынан қамти отырып, мәдениет өзінің ішкі мазмұны бойынша адамның қоғамдық тіршілік иесі, біртұтас және үйлесімді тұлға, іс-әрекет субъектісі ретінде дамыту үдерісі болып табылады, сонымен бірге оны жетілдіру шамасы, адамға өзін-өзі дамыту үдерісін жеделдетуді қамтамасыз ететін тұлғалық жаңа құрылымдар, осы үдерістегі жаңа жетістіктерді бекіту және әрі қарай өзіндік қайта құруға даярлау үдерісі болып табылады. Өзін-өзі дамытудың акме-және өзін-өзі жүзеге асырудың жетістік факторы ретіндегі тиімділігі, белгілі тұлғалық сапаның - акмеологиялық мәдениеттің қалыптасуымен және дамуымен негізделеді.

Адамның кемелденуінің шыңы (акме) – көпшамалы күй, ол адамның ұзақтығы бойынша өмірінің біршама кезеңін қамтиды және көрсетеді, аталған күй адамның тұлға, азамат, іс-әрекеттің кәсіби саласында маман ретінде қалыптасқанын көрсетеді. Сонымен бірге, акме ешуақытта статикалық құрылым болып табылмайды, ол біршама вариативтілікпен, өзгермелілікпен айрықшаланады. Қазіргі акмеологияны бірінші кезекте әртүрлі кәсіптегі адамдардың қандай жаста өркендеу кезеңіне өтетіні және осы деңгейді қанша уақыт нығайтатыны қызықтырады. Акмеологияның басты мәселесі – толыққанды кемелдіктің хронологиялық ұзақтығы емес, кез келген өмірлік кезеңді өркендеу кезеңіне айналдыруға қабілетті адамның рухани күйі.

Акмеология қазіргі заманғы қоғамның тұлғалық кемелденген және жедел өзгертін әлеуметтік әлемнің жағымсыз жағдайларына төтеп беруге қабілетті, құзыретті мамандарға, жоғары білікті кәсіпқойларға деген қажеттілік негізінде туындады.

Сонымен бірге, акмеология адамның өзін кәсіпқой және тұлға ретінде құруда, жетілдірудің мүмкіндіктері туралы ұғымдарының артуына қуатты, кері әсер етуі мүмкін.

Акмеология қазіргі заманғы әлеуметтік, кадрлық, кәсіби, білім беру, педагогикалық және басқа мәселелерді шешу үшін өзінің маңыздылығын практикалық тұрғыда дәлелдеп, өзіндік, дербес ғылым ретінде айқындалды. Акмеологияға деген ғылыми қызығушылық ешуақытта азаймайды. Бастау көздері педагогика мен психологияда болатын акмеология жаңа ғылым ретінде, білім беру сапасын арттыру мәселесі қазір белсенді түрде зерттеліп келеді. Акмеологияның пәнаралық сипаты жаңа мүмкіндіктерді іздеуге, сонымен бірге акмеологиялық мектептердің моделін құру мен апробациялаудың жаңа мүмкіндіктерін іздеуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Деркач А.А., Кузьмина Н.В. Акмеология – наука о путях достижения вершин профессионализма. М., 1993.
2. Кузьмина Н.В. Предмет акмеологии. – Шуя: Шуйс. Гос. Пед. Ун-т, 1995. – 242 с.
3. Коджаспирова Г.М. История образования и педагогической мысли (схемы, таблицы, опорные конспекты). –М., 2003. – 223 с.
4. Краткая философская энциклопедия. –М.: «Прогресс», 1994. – 576 с.

СЕМАНТИКА СИМВОЛОВ В УЗБЕКСКОМ ТРАДИЦИОННОМ РЕМЕСЛЕННОМ ПРОИЗВОДСТВЕ

*Саодат Давлатова кандидат исторических наук,
старший научный сотрудник*

*Институт истории Академии наук Республики Узбекистана
saodatdavlatova@yandex.ru*

СЕМАНТИКА СИМВОЛОВ В УЗБЕКСКОМ ТРАДИЦИОННОМ РЕМЕСЛЕННОМ ПРОИЗВОДСТВЕ

В статье автор рассматривает вопрос о семантике форм и украшений, используемых в узбекском традиционном ремесленном производстве. Показано, что орнаменты, занявшие место на различных ремесленных изделиях, являются не просто художественными формами, но и являются важным этнографическим источником, отражающим религиозные представления и верования народа.

THE SEMANTICS OF CHARACTERS IN THE UZBEK TRADITIONAL CRAFTS

Saodat Davlatova

*Candidate of historical sciences, senior researcher
Institute of History of the Academy of Sciences of Uzbekistan*

The author considers the question of semantics shapes and decorations used in traditional Uzbek crafts. It is shown that the patterns that took place in various handicraft products are not merely art forms, but also are an important source of ethnographic, reflecting the religious views and beliefs of the people.

Вопрос о семантике форм и украшений, используемых в узбекском традиционном ремесленном производстве, является не только одной из актуальных проблем искусствоведения, но имеет присущее место в изучении некоторых проблем этнологии. В частности, всякое изображение и цвет в ремесленном производстве, т.е. в народном прикладном искусстве, имело определенное значение. Подобно этому, символы, изображения и различные элементы, употреблявшиеся в них, отражали религиозные и духовные воззрения людей. Особенностью украшений, изделий и вышивки является также и то, что по прошествии времени они сохраняют в себе забытые особенности символов о природных событиях. Эти формы и семантические изображения являются воплощением огромной информации, которые со временем следует классифицировать и описать.

Орнаменты, используемые в прикладном искусстве украшения, т.е. занявшие место на различных ремесленных изделиях, являются не просто художественными формами, но считаются также одним из важных этнографических источников. Эти орнаменты непосредственно связаны религиозными представлениями и верованиями народа. Орнаменты по своим особенностям делятся на следующие виды: геометрические, растительные, зооморфные и антропоморфные¹. В искусстве кочевых народов широко распространены также орнитоморфные сюжеты². Среди них зооморфные орнаменты включают в себя стилизованные изображения реальных и мифических животных (такие орнаменты обычно называются также стилем «ёввойи» - «дикий»). Зооморфные орнаменты можно часто встретить особенно на изделиях области ткачества и вышивки. В композициях ювелирных изделий также нашли свое выражение изображения антропоморфных, зооморфных и растительных орнаментов.

¹ Гуль Э. Диалог культур в искусстве Узбекистана. – Т. 2005. С.12.

² Богословская И. Қорақалпоқ нақш санъатида зооморф унсурлар // San'at. 2009. №2 16-бет.

В узбекских вышивках иногда можно встретить также антропоморфные узоры, изображения напоминающие мужчину и женщину. Считается, что женщина является символом земли, а мужчина символом неба, и от союза двух этих миров возникает семья³. Эти узоры в основном являются символом того, что молодожены будут жить счастливо и дружно, иметь детей⁴.

Изображения на коврах и паласах Средней Азии также большей мере основаны на воображении и представлены растительным, зооморфным орнаментом, узорами в виде предметов и родовых тамг: следы тигра и верблюда, цветы яблони, виноградная лоза, скорпион, шея верблюда, щит, целебные и продовольственные растения⁵. Среди них самым распространенным символом были изображения рогов. В культуре кочевых тюркских народов издревле имела традиция изображать животных⁶. В центре жемчужин в форме круга, нашедших свое отражение на согдийских коврах, тканях и одежде, часто встречаются изображения цветка хлопчатника⁷. Эти узоры, отражающие в себе присущие себе местные особенности, образовывали сильные геометрические картины. В этих коврах и паласах, имеющих разноцветные изображения, преобладает красный цвет. Вместе с тем, локальной особенностью этих территорий является присущее себе искусное изображение геометрических форм.

В частности, в Узбекистане на коврах ручной работы заняли место различные узоры, зооморфные изображения, которые имели определенное значение. Вода, лошадь, птицы, цветы и геометрические узоры воспринимались в качестве символов счастья, изобилия, светлого будущего, дружбы, достатка⁸.

Со временем изменялась истинная символическая сущность изображений, которые стали восприниматься в качестве только красивых изображений⁹. Среди них стоит отметить широко распространенный среди кочевых этносов ромбовидный крестообразный узор, украшенный рогами. Известность этих узоров свидетельствует об их генетической близости¹⁰. Этот стиль затем получил широкое распространение и среди оседло-земледельческих этносов. Ромб, начиная с эпохи энеолита, считается символом «плодородия» и многодетности. Наши предки воспринимали его в качестве символа Матери Природы и праматери Евы¹¹.

Изображение в виде рогов барана часто встречаются на предметах домашней утвари народов Средней Азии. В вышивке в основном один из признаков барана также обозначал его рог. Подобные узоры у местных оседлых и кочевых народов Средней Азии назывались “қўчқорак/қоҹқарәк”, у кыргызов Ферганской долины “қайқалак/қайқалак”, у узбеков-туркменов Нураты “мўйиз/мойиз¹²”, а у туркмен “чач бўйиз/чаҹ boyiz”. Этот узор, представленный в виде двух завернутых спиралей, занимал

³ Богословская И. Қорақалпоқ безак нақшларидаги сирли хатлар.// San’at. 2008. №2. 8-бет.

⁴ Полевые записи. Кашкадарьинская область Шахрисабзский район. 2010 год.

⁵ Дудин С.М. Ковровые изделия Средней Азии // Сборник Музея антропологии и этнографии. Т. VII., Л., 1928. с. 102- 104.; Его же. Ковровые словарь русского языка. Т. I, М-СПб., 1912. С. 140.; Семенов А. Ковры русского Туркестана. СПб, 1908. С. 43.

⁶ Мошкова В. Ковры народов Средней Азии. Конца XIX – начала XX вв. Ташкент. 1970.

⁷ Сууюнова Д. Сўғд аёлларининг либослари.// San’at. 2012. №4. 5-бет.

⁸ Низомов А., Низомова М. Гилям жилоси // Мозийдан садо. 2003. №3-4. - Б. 67.

⁹ Фахретдинова Д.А. Ювелирное искусство Узбекистана. Ташкент, 1988. С. 99-100.

¹⁰ Вайнштейн С.Н. Мир кочевников центра Азии. – М., Наука, 1991. - С.178.

¹¹ Есбергенов Х. Вопросы этнической истории и традиционной культуры каракалпаков // Этническая история и традиционная культура народов Средней Азии и Казахстана. Нукус, 1989. 67-бет.

¹² Этот символ был элементом, занимающим важное место в узорах на украшениях народов Центральной Азии, Кавказа и Сибири, который воспринимался в качестве оберега.

место в центральной части узорной композиции¹³. Нет сомнения в том, что узор рога барана также использовался исходя из культа барана.

Точно такие же узоры и сегодня используются на коврах и кошмах населения Гузарского и Дехканабадского районов Кашкадарьинской области, занимающегося животноводством. Люди рассматривали животных в качестве покровителя семейства, имеющих божественную силу приносить счастье и изобилие. Лошадь, корова, собака, кабан, бык, верблюд, подобные им животные и даже козел и баран считались священными и воспринимались в качестве существ, связанных с небесными силами¹⁴.

Изображение на вышивке изображений незамкнутого круга, напоминающего «след от подковы лошади»¹⁵ также связаны с шаманскими представлениями.

Если брать в общем, согласно древним религиозным представлениям, баран считался животным, защищающим от злых духов и дурного глаза¹⁶. В свою очередь, изображение рогов барана выполняло функцию защиты от «злых» сил. В некоторых случаях их изготавливали из дерева и пришивали к головным уборам детей и девушек. Рельефное изображение рогов барана наносилось также на поверхность необожженных тандыров. Как видно из этого, теперь в средство защиты превратилось не само животное, а определенная часть его тела¹⁷. На тюбетейках, которые шьют ремесленники Байсунского района Сурхандарьинской области и сегодня встречаются изображения рогов барана. Это также воспринимается в качестве магического сильного символа, оберегающего от различных бед и несчастий¹⁸. В Кашкадарье в угол комнаты, в котором сидели новобрачные в первый вечер свадьбы или же комнату молодоженов вешали сюзаны, на которых был вышит узор в виде рогов барана. Это делалось с целью того, чтобы животное-покровитель защищало молодоженов от различных злых духов¹⁹. Тем более, эта продукция прикладного ремесленного производства, которую вывешивали в доме, выполняла также роль украшения. Эта традиция до сих пор сохранилась среди населения селений Кашкадарьи в качестве символа благополучия. Кроме этого, изображение головы барана также издавна использовалось в народном прикладном искусстве. Так как изображение головы барана напоминает мужчину, спустившего руки к поясу и сложившего их полукругом, оно считалось символом мужского начала²⁰ и кроме того означало также плодородие и преемственность поколений²¹.

Giyim, toplumsal yapılar içindeki konumların farklı çağlarda nasıl algılandığını ve statü sınırlarının nasıl belirlendiğini göstermektedir. Geçmiş yüzyıllarda, özellikle kamusal alanlarda kimliği ifade eden en önemli araç giyim olmuştur. Avrupa ve Amerika’da kimliğin meslek, bölgesellik, din ve toplumsal sınıf gibi birçok farklı boyutu, dönemin koşullarına uygun bir biçimde giysiler ile ifade edilmiştir (Crane,2003:12). Giyimin, ifade ettiğinden daha fazlasını düşündürme kapasitesini en iyi dile getiren “Delight in Disorder” (düzensizliğin hazzı) adlı şiirinde Robert Herrick (1579-1674) olmuştur (Davis, 1997: 29).

Tatlı bir düzensizlik kıyafette

Bir şehvet tutuşur giysilerde

Omuzlara atıliveren bir şal

Fırtınalar içindeki eteklerde

Gözleri fetheden bir dalga

Bakışları hak eden bir çizgi.

*Tatlı bir dalgınlıkla sarkar
Orada burada günahkar bir dantel,
Kıpkırmızı göğüslüğü sarmalar
Vefasız bir manşet,
Ve karmakarışık akan kurdeleler,*

*Umursamaz bir ayakkabı bağcığı,
Vahşi uygarlığı görmüşüm ipinde
Her şeyiyle pek kesin olan sanattan
Çok daha fazla büyüler beni.*

Dünyanın ortak kültürü olan moda, çevresinde gelişen olaylara karşı tepkilerini çeşitli şekillerde giysileri kullanarak göstermektedir. Giysilerin iletişim aracı olarak kullanılmasının en önemli nedeni ise kişilerin kimliklerini, neye inandıklarını ve ne düşündüklerini ortaya koymak açısından iyi bir unsur olmasıdır. Tarihi kaynaklar araştırıldığında her dönem ortaya çıkan moda olan giysi formlarının belli bir grup tarafından benimsendiği ve neden benimsendiği üzerine yorumlar yapıldığı görülmektedir.

Giysilerin biçimsel özelliklerden biri olan kuyruk uygulamalarının biçimsel özellikleri ve bunlara yüklenen anlamlar bu çalışmanın konusunu oluşturmaktadır. Bu çalışmada, moda tarihi sürecinde dönem dönem gündeme gelen giysilerde kuyruk uygulamalarının ortaya çıkış nedenleri ve benimsenme durumlarının biçimsel ve sembolik açıdan değerlendirilmesi amaçlanmıştır. Çalışma konuya ilişkin yazılı ve görsel alanyazın taraması yapılarak gerçekleştirilmiştir. Giyim tarihi sürecinde 20. Yüzyılın başına kadar kadınların kullandığı gece giysileri ile törensel aktivitelerde kullanılan giysilerin model özelliklerine eklenmiş kuyruk uygulamalarına ilişkin literatür kronolojik olarak taranmış görsel metaryallerden seçilmiş giysilerdeki kuyruk uygulamalarının biçimsel özellikleri ve sembolik değerleri incelenmiştir. Giysilerin genel biçimsel özellikleri kapsam dışı bırakılmıştır.

Tarih boyunca modayı etkileyen birçok etken ortaya çıkmıştır. Modaya yön veren politik faktörler, kültürel faktörler, sanatsal faktörler gibi daha birçok faktör sıralanabilir ve bu nedenle moda sosyal değişimlerde geçiş aracı olarak tanımlanabilmektedir (Dönmezer, 1966: 268). Moda, toplumsal hayatın en hızlı ve en kolay değişen yönünü temsil etmektedir. Moda, cemiyyetin farklı birim ve tabakalarında, farklı tavırlarla karşılanırsa bile, daha çok yüksek kesimlerine hitap etmektedir. Moda bir toplumsal taklit dalgasıdır ve bu toplumdan topluma, tabakadan tabakaya doğru yönelmektedir.

Dinamik ve etkileşimsel toplumsal olgu olarak moda, çağdaş sosyolojinin verdiği anlamla iktidarla karmaşık ilişkiler sürdürmektedir: “Burada söz konusu olan iktidar, (sadece) yerleşik bir otoriteyi elinde bulunduranla özdeşleştirilemez. İnsanların toplumsal varlığının bir ilişkisi, gündelik mekanizmasıdır” şeklinde aktarmıştır. Modanın kategorik olarak sahip olmadığı bir şey varsa, o da bireysellik ifadesidir. Tanımı gereği moda, çağa uygunluğu temsil ettiği kabul edilen bir giyim tarzı ya da bütüncül bir stildir. Her zaman egemen olan ideallerin kabulüdür (Coward, 1993: 32). Giyimde ve giyim etrafında oluşan söylemlerde meydana gelen değişimler, kamusal alanda kendini farklı biçimlerde sunan farklı toplumsal gruplar arasındaki ilişkilerde ve gerilimlerdeki değişimi göstermektedir. Sınıflı toplumlarda, her sınıf kendini diğerinden ayıran özgün bir kültüre sahip olmuş ama aynı zamanda diğer sınıflarla belli değerleri, hedefleri ve cinsiyet ideallerini paylaşmıştır. Bazı ülkelerde, farklı toplumsal sınıflara özgü giysilerin modelinde, yapımında hangi malzemelerin ve süslemelerin kullanılabileceği kanunlarda abartılı sayılabilecek bir ayrıntıyla belirtilmiştir (Crane, 2003: 13).

İnsan giyiminde, “giysi” unsuru “giyinme” unsurundan kolaylıkla ayrıştırılabilmektedir. Aynı malzemeler her iki işlev için –giysi ve giyinme- kullanılabilmektedir fakat bu iki işlevin amacına hizmet etme dereceleri görecelidir. Giyim çoğunlukla fiziksel konfor için giysi olarak kullanıldığı düşünülse de her iki amaca hizmet eden ve giyinme için fiziksel konfor ve saygın bir görünüme kavuşma amacına da hizmet etmektedir (Veblen, 2008: 151). Sanayi Devrimi’ne ve hazır giysilerin ortaya çıkışına kadar, giysiler genellikle insanların en değerli mallarındandı ve alt sınıf olarak tabir edilen fakirler giysilere ulaşamazlar, genellikle onlara gelene kadar birçok defa el değiştiren giysiler kullanılmaktaydı. Giysi çok değerli ve pahalı

olduğu için bir ödeme aracına dönüşmüştü ve hizmet karşılığında yapılan bir ödeme biçimi olarak altın yerine kullanılmaktaydı (Crane, 2003: 14).

Moda tarihçilerinin genel olarak kabul ettiği bu dönem 13. yüzyıl sonları ile 14. yüzyıldaki saray yaşamı dönemlerini işaret etmektedir ki bu dönemler de moda anlayışının başlangıcı sayılmaktadır (Davis, 1997: 72). Avrupa'da kıyafet yüzyıllar boyunca sınıf ayrımını belirten en önemli etken olduğundan sosyolog ve sosyal bilimciler (Simmel, Veblen gibi) uzun bir süre, diğer tüm etkenleri gözden çıkararak modanın statü ayrımını göstermesiyle ilgili işlevine odaklanmıştır. Giysiler aracılığıyla bir ifade ve kimlik arayışına giren ve toplumsal statüsünün altını çizmeye çalışan bireyler bunu birçok farklı şekilde belirtmeye çalışmıştır. Bunlar genellikle, giysilerinde kullandıkları biçimsel özellikler, malzemeler ve süslemeleri olarak karşımıza çıkar. Antik Yunan ve Romalıların drapeli şekilde vücuda dolanan ve tutturulan giysileriyle, klasik döneme ait giysilerde, aralarında hiyerarşik bir ayrım olmasına rağmen değişen bir moda anlayışı yoktur. Dikdörtgen dokunmuş kumaş parçalarından oluşan, basit dikişli tunik biçimleri bu dönemde kullanılmıştır. Farklılıklar genellikle süsleme ve renklendirmelerde ortaya çıkmış, ilerleyen dönemlerde farklılıkların esasları değişmiş ve anlamsal nitelikler kazanmaya başlamıştır.

7.yüzyılda Çin'de Hanedanlığın en zengin olduğu dönemde, kadın elbiselerinde gösteriş artmış ve kadınlar birbirleriyle rekabet eder hale gelmiştir. Hanedanlığın dansçıları için oluşturulan kostümlere hareket hissiyatını artırmak için eteğin yarısından daha fazla sarkan kollar ve arka eteğe uzun parçalar eklenmiştir. Bu kostüm ve kol kadınların rekabetleriyle günden güne uzamıştır. 8. ve 9. yüzyıllara doğru zamanla üstlüklerin geniş kolları ve uzun kuyrukları 12 metreye varan kumaş parçalarından oluşturulmuştur. Hazineye çok fazla yük olmaya başlayan bu uygulamaları önlemek için imparator Wenzong, 827-840 yıllarında kol genişliğinin en fazla 40 cm olacak şekilde bir buyruk yayınlamıştır. Kadın kollarında ve eteklerinde ki bu uzantılar, tarihte ilktir ve süslenme, gösteriş, farklılık ve dikkat çekmek için kullanılmıştır (Fogg, 2014).

Pek çok toplum tarafından kabul gören kadının giysi aracılığıyla statü kazanması kendi hakkıyla değil, bir erkeğin malı olarak söz konusu olan toplumsal bir özellik olarak karşımıza çıkar. Kadınların giysilerini kullanarak oluşturdukları görkemli abartılar onun toplumsal statüsünü veya medeni durumunun bir göstergesi olarak sunulur. Evli olmayan gençlerin giysilerindeki sadelik ve giysilerinin basitliği, kadının masumiyetini ifade ederken aynı zamanda evli veya nişanlı olmadığının da göstergesi olarak sunulur. Evli bir kadın ise çok daha süslü, modaya uygun abartılı bir şekilde giyinir ve bekar kadınlar üzerinde sosyal önceliği bulunur ve eşlerinin toplumsal statüsünü ortaya koyar (Rouse, 1989: 109-116). Bu durum kadınların ailenin statüsünün belirleyiciliğinde önemli bir değer olarak kabul görmesini oluşturmuştur. Kadın görünürlüğünü artırmak ve statü olarak diğerlerinden daha üstün olduğunun kanıtını giysilerine yüklediği şekilde yorumlanabilir.

781-806 yılları arasında Çin etkilerinin en çok görüldüğü ülke Japonya olmuştur. Aristokrat nedimelerin saplantı haline getirdikleri, irome no kasane olarak bilinen karmaşık, katmanlı ve renk kombinasyonunu ve kuyruk uygulamalarını ön plana çıkaran giysilerin kullanımı seçkin zümre özgün Japon tarzını geliştirerek kimononun öncüsü olan, hacimli ve heybetli kosodeyi başlıca giyecek haline getirmiştir (Fogg, 2014). 11.yüzyılda yatay tezgahın icadıyla, daha uzun ve geniş kumaş parçalarının dokunması ile zengin olarak biçimlenmiş ve vücut ölçülerine göre şekillendirilerek oluşturulan giysi yapımı gündeme gelmiştir. Bu durum zaten varolan sınıf farklılıklarının vurgulanmasını kolaylaştırmıştır. Fransız saray giyiminin etkisiyle giysiler vücuda oturmaya başlamış ve cinsiyetler arasında artan bir ayrışma başlamıştır. Kadınlar bele oturan ve uçları kabaran uzun elbiseler giyiyor ve kollarında aşağı sarkan uzantılar oluyordu. 15.yüzyılın ortasına kadar elbiseler gittikçe uzamış ve genişlemiştir (Zengingönül, 2001, 17).

13-14.yüzyıllarda özellikle asil-köylü, soylu-işçi sınıfları belirginleşmeye başlamış ve

kadınlar bu ayrımını vurgulamak için etek-elbise kuyruklarında olduğu gibi başlıklarında da uzantılar kullanmışlardır. 1360'ta çok amaçlı bir giysi olan “houppelande” ortaya çıkarak, tunik manto gibi dış giyimlerin yerini almıştır. Kadınlar ve erkekler tarafından kullanılan bu giysi, kadınlarda, önü kapalı yere kadar uzanan ve genelde arkada kuyruğu olan bir modeldir. Kenarları kırkılmış kürkle kaplanmış, abartılı ve yerleri süpüren kuyruk, tüccarların zenginliğinin göstergesi ve yüksek statünün doğrulaması olarak kabul görmüştür (Fogg, 2014: 46-47). Yeniçağın başlamasına neden olan Rönesans ile beraber insan yeniden değer kazanmıştır. İnsana özgü biçimleri ortaya koyup değerlendiren giysinin yenileştirilme çabaları, soylular tarafından olumlu bir biçimde karşılanmıştır. Dönemin estetik beğenileri saraydan saraya elçi ve özel görevliler aracılığıyla taşınmıştır (Hakko, 1983: 5). Taç giyme töreninde İmparatoriçe Josephine'in giydiği ampir kıyafete atıfta bulunan kuyruk, giyen kişinin toplumsal statüsünü ortaya koymuş ve kuyruk ne kadar uzunsa giyenin de o kadar aristokrat ve soylu olarak kabul görmesini sağlamıştır. Kuyruklar, hem giyen kişinin statüsünü göstermeye hem de daha fazla süslemenin sergilenmesine imkan vermiştir. Kraliçenin elbisesinin kuyruğu, her zaman nedimelerin giysilerinden çok daha uzun olarak tasarlanmıştır (Fogg, 2014: 123). 18. Yüzyıldan itibaren sonra gösterişi artırmak ve statüyü muhafaza etmek amacı ile elbiselerin arka eteklerine yapılan vurgular artırılmış önceki dönem klasik elbiselerin ağır görünümünden ayrılıp belirgin bir hafifliğe ulaşmıştır. 17. ve 18. yüzyıllarda süslemeleri göstermeye yarayan uzun kuyruklu kraliyet saray kadınlarının gözdesi haline gelmiştir. Fransa'dan başlayarak tüm Avrupa'da abartı ve gösterişi seven aristokratlar kuyruk uygulamasını kullanmışlardır. Kuyruklu giysileri giymesi, taşınması ve kullanması zor olduğundan soylular hizmetçileri aracılığıyla giyip, taşımıştır.

19. Yüzyılın ortalarında Kraliçe Victoria ve Prenses Metternich krinolinin yerine eteklerin arka kısmında drapeler, kıvrımlar, görkemli arka kuyruklardan oluşan ve kalça yastıklarıyla desteklenen etekler yüzyılın sonlarına doğru daha abartılı bir biçim almıştır. Kollar dirsek boyunda olup, kol kenarlarını ve etek uçlarını dantel, tafta fırfırlar süslemiş, arkası dolgun ve kuyruklu eteklerin üstüne kontrast renklerde redingot stili ceketler giyilmiş, bu ceketler pelerinlerle tamamlanmıştır (Dereboy, 2004: 97). Üst sınıf giysileri ağır, hantal ve kullanıcı için hareket kısıtlayıcıdır. Alt sınıflardaki kadınlar hem hareket özgürlüğü için çok daha az kısıtlayıcı üslup kullanıyorlardı, hem de elbiselerini giymek için hizmetçileri yoktur (Hanson, 2010). Veblen, “*Aylak Sınıf Teorisini*” açıklarken bu durumu şu şekilde tanımlamıştır. “*Kadın giysileri giyenin üretken emekten uzak olduğunu, etekten vazgeçilememesinin temel nedenini: “Pahalıdır, giyene her hareketinde engel olur ve her yararlı girişiminde onu köstekler”* diyerek statü farklılığı ve giysi çeşitlerine eleştirel bir yaklaşım sunmuştur (Barbarosoğlu, 2012: 32). 19. yüzyılın sonlarında etekler, arkada kabarıktır ve bu kabarıklık etek ucuna kadar inmiş ve kadınların hareketlerini son derece engelleyici bir boyuta ulaşmıştır. Günlük giysilerde bile etek uçları şaşırtıcı bir şekilde uzun ve kuyruklu olarak tasarlanmıştır (Laver, 2002: 196).

19. Yüzyılda dikiş makinesinin icadı ile, artık sınıflar arasındaki fark giderek belirsizleşmeye başlamıştır. 1870'lerde işçi sınıfının üst katmanlarında yer alanlar orta sınıfın gardırobunun çeşitliliğini olmasa da, ortalama gelir düzeyinde, giyim tarzlarını taklit edebilecek hale gelmiştir (Crane, 2003, 70). Fakat erkek ve kadın sınıfları karşılaştırıldığında kuşkusuz kadınlar arasındaki sosyal uçurum erkeklerinkinden çok daha büyük olmuştur.

19. yüzyılın ortalarında zenginlik, toprak sahibi olmaya bağlı olmaktan çıkarak, ticaret bankacılık ve sanayiden gelen “yeni” para ile el değiştirmeye başlamıştır. Moda kıyafetler aristokrat üst sınıfa ait bir ayrıcalık olmaktan çıkmıştır. Charles Frederick Worth'un pazarlamadaki başarısı ve özel ısmarlama dikim teknikleriyle “haute-couture” seviyesine çıkılmıştır. Üst sınıf arasında moda olan şık kıyafetleri, orta sınıf arasında da yaygınlaşmıştır (Fogg, 2014: 15). 20. yüzyılın başlarında, terziler içinde oldukça pratikleşen bir hal alan, etek boyları kısaltmaya başlamış ve ayaklara yakın noktada biten dar etekler yaygınlaşmıştır

(Blackman, 2013, s. 35). I. Dünya Savaşının 1918 yılında sona ermesi ile birlikte beraberinde gelen kadınların özgürleşmesi, 1920 yılında etek boylarını diz üstüne çıkarmış ancak dönemin moda anlayışı ile birlikte kısa etek boylarına eklenen kumaş parçalarından oluşan asimetrik bir düzenleme ile oluşturulan uzantılar ile kuyruklar yeniden gündeme gelmiştir. Ancak bu kez kullanım amacı statü göstergesi olmanın yerine zarafetin ve kadının toplumsal konumunun göstergesi olarak kabul görmüştür.

Kimliğin inşasında tüketim kültürünün en görünür biçimlerinden biri olan giyim, aynı zamanda toplumsal cinsiyet ve statünün en belirgin göstergelerinden olup, farklı dönemlerdeki toplumsal yapılar içindeki konumların nasıl algılandığını ve statünün sınırlarını da belirlemektedir. Bir kimlik kurucusu olan giyim, sembolik sınırların korunmasında etkili olduğu gibi bu sınırların yıkılmasında da gücünü göstermektedir (Crane, 2003). Giysiler, kişilerin hayat tarzı hakkında bilgi veren ve kişileri farklılaştıran en önemli unsurdur. Yüzyıllar boyunca, gösterişli ve süslü giyim toplumsal cinsiyet değil, sınıfsal ayrıcalık anlamına gelmektedir. Tarihi süreçte giysilerdeki abartılı uygulamalar aristokratların ve ayrıcalığın göstergesi olarak görülmüş ve öteki sınıflara hükmetmeye yarayan sembolik bir araç olarak kabul görmüştür. Bu çalışmada toplumların kimlik arayışları ve akabinde gelen toplumsal statülerinin altını çizmeye yarayan en önemli unsur olan giysiler ve bunu yapmanın yollarından biri olan giysilerin biçimsel özelliklerinden olan kuyruk uygulamaları biçimsel olarak ve sembolik değerler açısından tarihi süreç içinde önemli bir statü göstergesi olarak özenle kullanılmıştır.

KAYNAKLAR

- Barbarasoğlu, K.F. (2012), **Moda ve Zihniyet**, İz yayıncılık, İstanbul.
- Blackman, C. (2013), **Modanın Tarihi 1900'den Bugüne**, Kerasus Yayınları, Çev. Kaan Onur Kaftanoğlu, İstanbul.
- Crane, D. (2003), **Moda ve Gündemleri**, Ayrıntı Yayınları, İstanbul.
- Coward, R. (1993). **Kadınlık Arzuları**. (Çev. Alev Türker). Ayrıntı Yayınları, İstanbul.
- Davis, F. (1997), **Moda, Kültür ve Kimlik**, Yapı Kredi Yayınları, İstanbul.
- Dereboy, Elif J. (2004). **Kostüm ve Moda Tarihi**. Ankara: Özel Güzel Sanatlar Stilistik Ltd. Şti.
- Dönmezer, S.(1966), **Sosyoloji**, Garan Matbaası, İstanbul.
- Fogg, M, (2014), **Modanın Tüm Öyküsü**, Hayalperest Yayınevi, İstanbul.
- Hakko, C, (1983), **Moda Olgusu**, Vakko Yayınları, Ankara
- Koca, E, Koç, F. (2010), “Gençlerin Dinledikleri Müzik Türlerinin Giyim Tarzlarına Etkisi”, **e-Journal of New World Sciences Academy**, Volume: 5, Number: 2
- Laver, J. (2002). **Costume and Fashion**. London: Thames and Hudson.
- Rouse, E. (1989). **Understanding Fashion**. London: Blackwell Science.
- Yüksel, A, (2013), **Sözsüz İletişimde Kültürel Farklılıklar**, Anadolu Üniversitesi Yayını No: 2882 Açıköğretim Fakültesi Yayını No: 1839.
- Veblen, B.T. (2008), “Kadın Giyiminin İktisadi Teorisi”, Çev. Esen Ezgi Taşçıoğlu, **Cogito: İnsan Giyinir**, Sayı:55, Yapı Kredi Yayınları, İstanbul.
- Zengingönül, N. (2001), **Giyimde Moda Akımları ve Öncü Tasarımcılar**, Ders Notları.

ҚАЗАҚ-НЕМІС ТІЛДЕРІНДЕГІ «УАҚЫТ» ТАНЫМЫ

Жетпісбай Әлия Қожамұратқызы

a_kanzhygaly@mail.ru

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты (Павлодар, Қазақстан)

Молдағали Бақытгүл

Bahados_@mail.ru

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар, Қазақстан)

Сарыбаева Баян Жумашевна

Bayanjan73@mail.ru

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты (Павлодар, Қазақстан)

Есентайманар

e-manar@mail.ru

Ховда университетінің Баян-Өлгейдегі филиалы (Баян-Өлгей, Монғолия)

Түйіндеме: Мақалада тіл біліміндегі «уақыт» түсінігіне теориялық негіздеме беріледі, соның ішінде қазақ және неміс тілдеріндегі аталмыш мәселенің тілдік табиғаты салыстырылып қарастырылады.

Отандық және шетелдік ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып, уақыттың қазақ және неміс тілдеріндегі танымдық сипаты фразеологиялық бірліктер арқылы берілді. Қазақ тіл біліміндегі уақыттың танымы «Күлтегін» жырынан мысал келтіріліп, Қытай мен Монғолиядағы қазақ ағайындарының ұғымынша аптаның алғашқы бес күн (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма) жұмыс күні, аптаның алтыншы күні (сенбі) жартылай жұмыс күні (жарты азат), аптаның жетінші күні (жексенбі) толық демалыс күні (бүтін азат) деп атайды. Сондай-ақ, аптаның әр күніндерін: бірінші күн, екінші күн, үшінші күн, төртінші күн, бесінші күн, алтыншы күн, жетінші күн деп рет санмен атауы, айлардың да бірінші ай, екінші ай т.с.с. деуі уақыттың көне баба түрік дәстүрінің жалғастығынан бастау алған деп тұжырымдалды. Қазақ танымындағы күн санау «Алланың күнінің бәрі сәтті» деп бекер айтпаса керек, әр күн адамзат баласы үшін өз мән-маңызыдылығы мысалдар арқылы берілді. «Бүгінгі істі ертеңге қалдырма», «еріншектің ертеңі таусылмайды», «ертең де күн бар», «түстік өмірің болса, кештік мал жина», «таңғы ас тәңірден», «ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық», «арсызға алты күн мейрам», «шөлмек мың күн сынбайды, бір күн сынады», «әр нәрсе өз уақытында жақсы», «жапа шегіп жай жату, жасқаншақтың белгісі, Ерте жатып кеш тұру, еріншектің белгісі», «ештен кеш жақсы» деген қағидамен өмір сүрген ұлтымыздың уақыт құндылығы жайлы түсінігі танылмақ.

Неміс халықтарының танымында уақытты метафоралық модельдер арқылы топтастырылып берілді. «Уақыт –қозғалыс», «уақыт сапа» деп тілдік фразеологиялық бірліктер қос тілде қатар қарастырылды. Тілдік деректерге сүйенсек, уақыт концептісінің қазақ және неміс тілдерінен маңызды орын алатындығын аңғару қиын емес. Қос халықтың көп заманнан бері сақталып келген рухани мұрасы уақыт танымымен тығыз байланысты.

THE IDEA OF TIME IN GERMAN AND KAZAKH LANGUAGES

Zhetpisbai Aliya Kozhamuratovna
a_kanzhygaly@mail.ru
Pavlodar State Pedagogical Institute
(Pavlodar, Kazakhstan)
Moldagali Bakhytgul
Bahados_@mail.ru

Bahados_@mail.ru
Innovative University of Eurasia
(Pavlodar, Kazakhstan)
Sarybayeva Bayan Zhumashevna
Bayanjan73@mail.ru
Pavlodar State Pedagogical Institute
(Pavlodar, Kazakhstan)
Esentai Manar
e-manar@mail.ru
Khovda University Ms.-Olga Branch
(Ms. Olgey, Mongolia)

Resume: The article gives a theoretical justification for the concept of "time" in linguistics, including the linguistic nature of the problem of time in the Kazakh and German languages. Based on the opinions of domestic and foreign scientists, the cognitive character of time in the Kazakh and German languages may be found in phraseological units. Knowledge of time in Kazakh language is found in the example of "Kultegin" by the words of the Kazakh brothers in China and Mongolia during the first five days of the week (Monday, Tuesday, Wednesday, Thursday, Friday) weekday, sixth day (Saturday) half-day (half-year) on the seventh day of the week (Sunday), which is called a full day off (full release). Also, it is possible to specify the days of the week: the first day, the second day, the third day, the fourth day, the fifth day, the sixth day, the seventh day, the first day, the second month, the first month, the second month. These concepts were originally derived as a continuation from the ancient Turkish tradition of the time.

Counting, according to the Kazakhs, is not to say "All the day of God is good", every day is given through its examples of importance to humanity. "Do not leave today's job tomorrow", "The lips will not be exhausted", "Tomorrow is the sun", "If you have a dream life", "Breakfast is good", "A six-day holiday for a ridiculous person", "a bottle of noise for a thousand days, a day's break", "Everything is good at its best", "Lying down, lying on a bed, is the principle value of time by which our nation lives." In the knowledge of the German people, time was grouped by metaphorical models. Linguistic phraseological units were interpreted in two languages as "time" and "time quality". According to linguistic data, it is not difficult to understand that the concept of time is an important part of the Kazakh and German languages. The spiritual heritage of the two peoples since ancient times is closely related to time.

Қазіргі таңда тіл біліміндегі уақыт концепт мәселесі жан-жақты қаралуда. Аталмыш бағыттың түп тамыры тереңнен нәр алатындығын ұлы философтардың пайымдауларынан байқау қиын емес. Бұл бағытта Аристотель, Г.В.Лейбниц, И.Кант, Ф.Брентано, Н.О.Лосский, Н.А.Бердяев, К.Ясперс, М.Хайдеггер және т.б. қалам тартты.

Тарихи мектептердің бұған қатысты өзіндік көзқарастары қалыптасқандығы белгілі. Мәселен, субстанционалды концепция өкілдері (Демокрит, Эпикур) кеңістік пен уақытты материямен тең дәрежеде, өз алдына жеке дара деп қарастырып, уақыт бүкіл әлемде бірдей қозғалады, бұл ағыс ештеңеге тәуелді емес, уақыт әлемдік үздіксіз ағыс, барлық нақты қозғалыстар өлшемінің ғарыштық тұрақты шкаласы деп пайымдаған. Ал диалектикалық материализм тұрғысынан (Аристотель, Г.Лейбниц) уақыт бірін-бірі ауыстырып отыратын құбылыстарды реттеуші болып табылады. Уақытқа бір өлшемділік, асимметриялық, қайтымсыздық сынды қасиеттер тән [1].

Адамзаттың ұлы ойшылдары тарапынан айтылған пәлсапалық тұжырымдар уақыт категориясының тіл әлемімен айналас байланысын байқатты. Ғалым Қ. Анасова: «Уақыт ұғымы адамның оқиғалары алмасуын қабылдауынан, әртүрлі заттар мен процестердің айналымы, ұласуын ұғынуға тырысуы негізінен пайда болды. Кеңістік пен уақыт туралы ұғымдар қалыптасуының өзі ұзақ даму жолынан өтті» дей келе, «... кеңістік пен уақытты қосу дегеніміз – тыныштық күйдегі дала, кеңістік пен қозғалысты су – уақыттың, жердің нақтылығы мен ауа абстрактілігінің, жылжымайтын дала мен көкжиек өткіншілігінің бірлігіне қол жеткізу деген сөз. ... Оның көмегімен ежелгі адам өзінің Уақыт пен Кеңістік, Өлім мен Өмір, Ғарыш туралы, өзінің ондағы орны туралы түсініктерін жазықтыққа түсірді» [2, 14-156]. Жердің күнді айналуы қозғалысы, күннің батуы, мұздың қатуы, жол көлігінің белгілі бір қашықтықта жүру қозғалысы - осының бәрі уақыт пен кеңістік төңірегіне тиселі құбылыс.

Аса бай да күрделі, әрі нақты уақыт өлшемін көрсеткен сөздер мен терминдер, болжаулар мен болжамдар, мөлшерлеуде, есептеулер арқылы уақыт пен кеңістіктің, замандар мен қоғамдардың жалпылама сипаты көрініс тауып жатқаны белгілі. Сондай-ақ, бір тәулік таң, түс, кеш, түнге бөлінсе олар секундтарға алпыс секунд бір минутқа, 60 минут 1 сағат, 24 сағат бір тәулік болатыны түсінікті. Дегенмен де жеті күнді (аптаны) халқымыздың аптаның басы (дүйсенбі, сәрсенбі), ортасы (сәрсенбі, бейсенбі), аяғы (жұма, сенбі), соңы (жексенбі) деп бөлу ауыз екі тілде жиі кездеседі. Жалпы Қытай мен Монғолиядағы қазақ ағайындарының ұғымынша аптаның алғашқы бес күн (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма) жұмыс күні, аптаның алтыншы күні (сенбі) жартылай жұмыс күні (жарты азат), аптаның жетінші күні (жексенбі) толық демалыс күні (бүтін азат) деп атайды. Сондай-ақ, аптаның әр күнін дерлік: бірінші күн, екінші күн, үшінші күн, төртінші күн, бесінші күн, алтыншы күн, жетінші күн деп рет санмен атауы, айлардың да бірінші ай, екінші ай т.с.с. деуі көне баба түрік дәстүрінің жалғастығынан бастау алған деп білеміз. Мәселен, «Күлтегін қой жылы, он екінші күні өлді.

Тоғызыншы айдың жиырма жетісінде жерледік

... жазба тасын мешін жылы, жетінші айдың

Жиырма жетісінде тегіс аяқтадық» [3, 21-6].

Күн санау ұғымында «Алланың күнінің бәрі сәтті» деп бекер айтпаса керек, әр күн адамзат баласы үшін өз мән-маңызы бар. Мәселен, мына мысалдардан «Бүгінгі істі ертеңге қалдырма», «еріншектің ертеңі таусылмайды», «ертең де күн бар», «түстік өмірің болса, кештік мал жина», «таңғы ас тәңірден», «ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық», «арсызға алты күн мейрам», «шөлмек мың күн сынбайды, бір күн сынады», «әр нәрсе өз уақытында жақсы», «жапа шегіп жай жату, жасқаншақтың белгісі, Ерте жатып кеш тұру, еріншектің белгісі», «ештен кеш жақсы» деген қағидамен өмір сүрген ұлтымыздың уақыт құндылығы жайлы түсінігі танылмақ.

Неміс тіліндегі уақыт мәселесіне қатысты зерттеулердің басым көпшілігі оны грамматикалық категория ретінде қарастыратын грамматикалық еңбектер болып табылады. Алайда уақыт категориясын лексикалық тұрғыдан зерттеу нысаны еткен

еңбектер кем де кем. Осы тұрғыдан аталмыш бағытта ізденіп жүрген ғалым Г.Альбатырова былай дейді: «Лексические средства, указывающие на временную соотносительность, играют значительную роль. Наибольшая точность временной ориентации достигается с помощью группы существительных. Только они могут передать точное измерение времени и датировку. Изучение лексических вариантов обозначения времени и его различных проявлений позволяет выявить ряд общих закономерностей, свойственных этим обозначениям: отраженное в них восприятие времени через призму человеческой жизни; воплощение языковыми средствами пространственно-временного континуума; выражение одним словом множественности и многоликости явления (языковой синкретизм) и использование нескольких слов для обозначения близких явлений, и параллельно конкретизация и спецификация в номинации отдельных темпоральных проявлений». [4]

Неміс тіліндегі «Zeit» сөзі «Abgeteiltes, Abschnitt» (б.э. VIII ғ. Пайда болған) сөздерінен қалыптасқан, «бөлінген, бөлім / бөлшек» деген мағыналарды білдіреді [5]. Демек, неміс халқы ескі замандардан уақыт ағысын бөлу, бөлшектеуге тырысқан.

Зерттеуге алынған тілдік деректерге сәйкес «уақыт» жеке дара лексикалық бірлік ретінде зерттеу оның мүмкіншілік аясын толық аша алмайтындығына көзімізді жеткіздік. Осыған орай «уақыт» танымын фразеологиялық тіркес түріндегі лексикалық оралымдар аясынан да қарастыруды жөн көрдік. ФТ мағыналарына жүргізілген талдау барысында келесідей топтар жіктелді: уақыт құрылымы: өткен шақ, осы шақ, келер шақ; тіршілік жасы: балғын шақ, жастық шақ, орта жас; қарттық; тіршілік қалпы: туу, өсу, өлу; уақыт кейпі: ерте, кеш, уақытында; кезеңділік: жиі, сирек, әрқашан, ешқашан.

Зерттеуші С.А.Баруздина неміс тіліндегі уақыттың метафоралық модельдерін топтастырған болатын. Олар: кеңістік метафорасы (уақыт – дөңгелек, уақыт – тізбек, уақыт - контейнер), биологиялық метафора (антропоморфты метафора, флористикалық метафора, зооморфтық метафора), экономикалық метафора (уақыт – ақша, уақыт – шектеулі ресурс, уақыт - байлық), психологиялық метафора (уақыт - қозғалыс), деструктивті метафора (уақыт - дұшпан), квалитативті метфора (уақыт - сапа) [6,114]

Ғалымның бұл ұстанымын қос тілге де қатысты қарастыруға болады. Уақыттың кеңістікпен байланыстылығын келесі мысалдардан көруге болады: Auch Morgenland ist Sorgenland. Im Augenblick, im Moment.

Der Morgenistweiserals der Abend. Die Zeittotschlagen қолданыстардан уақыттың тірі ағза ретінде елестете аламыз.

Уақыттың байлық есебіндегі көрінісін мына тілдіу деректерден аңғару қиын емес. Der Angler wartet Stunden, der Narr ein Leben, Zeit gewonnen, viel gewonnen. Уақыт – адам өмірінің ақшалай құны. Адамның босқа кеткен әрбір сәті отқа жаққан теңгемен тең.


Уақыт – қозғалыс: Die Uhrbleibtstehen, die Zeitnicht. Уақыт бізбен санаспайды.

Уақыт - сапа: Heuteist die besteZeit. Wer der Zeitnicht tut ihrRecht, der fährt in Geschäftenschlecht. / уақыт –білгенге қазына, білмегенге – быламық

Тілдік деректерге сүйенсек, уақыт концептісінің қазақ және неміс тілдерінен маңызды орын алатындығын аңғару қиын емес. Қос халықтың көп заманнан бері сақталып келген рухани мұрасы уақыт танымымен тығыз байланысты. Халықтың қым-қуат тіршілігі, өмірлік тәжірибелерінен туындаған нақыл сөздері уақыттың қаншалықты маңыздылығын байқатады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Спиркин А.Г. Философия: Учебник. — 2-е изд. — М.: Гардарики, 2002. — 736 с.
2. Анасова Қ. Т. Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі кеңістік пен уақыттың рәміздік негіздері. ф.ғ.к... дисс. – Алматы, 2006. -25 б.
3. Күлтегін. Тоныкөк. (жобаның авт. М. Кемел). – Астана: «Аударма», 2002. -96 бет.
4. Альбатырова А.Е. Анализ семантической структуры концепта «время» в немецком и русском языках. Вестник КарГУ. 2009
5. Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. Т. 1—4 / Пер. с нем. и доп. О.Н.Трубачева. — М., 1964-1973.
6. Баруздина С.А. Лингвокультурный концепт «Время» в метафорических репрезентациях: на материале немецкого языка: дисс ... канд. Филол. Наук. –Смоленск, 2008.



ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ТАНЫМЫНДАҒЫ «УАҚЫТ» МӘСЕЛЕСІ

Молдағали Бақытгүл

Bahados_@mail.ru

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар, Қазақстан)

Жетпісбай Әлия Қожамұратқызы

a_kanzhygaly@mail.ru

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институт (Павлодар, Қазақстан)

Есентай Манар

e-manar@mail.ru

Ховда университетінің Баян-Өлгейдегі филиалы (Баян-Өлгей, Монғолия)

Сарыбаева Баян Жұмашовна

Bayanjan73@mail.ru

Павлодар мемлекеттік педагогикалық институт (Павлодар, Қазақстан)

Түйіндеме: Мақалада түрік халқының танымында дүние жаратылысы жөніндегі мифологиялық түсінігі бойынша әлем кеңістігі, күннің батуы мен шығуына орай бөліндісі қарастырылады. Бұндай бөлу қазіргі күнде де мәнісін жойған жоқ. Дүниенің төрт бұрышы деп бөлу осыдан қалса керек. Сонымен қатар, түркі халықтардың танымында уақыт пен кеңістік категорияларына жеті күндік апта, төрт апталық ай, он екі айлық жыл және он екі жылдық мүшел циклдары кіретіндігі тілдік фразеологиялық бірліктер арқылы берілген. Түбі бір түркі тілдерінің негізгі дыбыстық сипаты мен сөздік қорларында, сөздік құрамы мен негізгі тілдік жүйесінде айырмашылықтан гөрі ұқсастықтар мол болуы заңды, туыстас тілдердің өзгеруі, дамуы, қалыптасуы заңдылықтары да ортақ. Осы себепті кез-келген түркі тілінің тілдік даму желісі мен жүйесін, сөздік құрамы мен құрылымының даму заңдылықтарын бір-бірінен оқшау қарастыруға болмайды.

Қазақ танымында қалыптасқан, бейнелі тәсілмен дүниеге келген «уақыт» ұғымы әр халықтың өмір тіршілігіне, әдет-ғұрыпына, дүниетанымына байланысты қалыптасқан. Ислам діні кіргеннен кейін діни тұрғыға байланысты айтылатын, уақытты білдіретін өлшемдер қалыптасты. Ол өлшемдер күні бүгінге дейін діни ұстанымдарда, яғни намаз оқу, ораза ұстау т.б. қатысты қолданылады. Осы орайда Бес уақыт намаз: *таң (Бамдат)* (таң қылаң бере таң намазын оқитын кез), күннің еңкейген мезгілін *бесін* (бесін намазын оқитын кез) деп атаған, *екінді* (түс ауып, күн батуға жақындаған мезгіл, бесін мен ақшам арасы), *Ақшам* (күн еңкейіп, ұясына кіруге таяған кез), *Құптан* (түн уақыты), ораза ұстау: *ауыз ашар кез* (күн ұясына кіргеннен кейінгі уақыт), *сәресі* (таңғы уақыт, шамамен сағат 4-5 арасы) т.б. деп күн уақыттарын бөліп қарайды. Бұл тек қазақ ұлтына ғана емес күллі түркі тектес мұсылман халықтар танымындағы уақыт өлшемі. жыл санау түркі тілдес халықтарының жас ұғымымен де тікелей байланысады.

THE PROBLEM OF TIME IN THE REPRESENTATION OF THE TURKIC PEOPLES

Moldagali Bakhytgul

Bahados_@mail.ru

Bahados_@mail.ru

Innovative University of Eurasia

(Pavlodar, Kazakhstan)

Zhetpisbai Aliya Kozhamuratovna

a_kanzhygaly@mail.ru

Esentai Manar

e-manar@mail.ru

Khovda University Ms.-Olga Branch

(Ms. Olgey, Mongolia)

Pavlodar State Pedagogical Institute

(Pavlodar, Kazakhstan)

Sarybayeva Bayan Zhumashevna

Bayanjan73@mail.ru

Pavlodar State Pedagogical Institute

(Pavlodar, Kazakhstan)

Resume: This article examines mythological conceptions of the world according to the Turkish people on the basis of their understanding of space and time. They viewed the world as divided into four corners – a division which persists to this day. Moreover, in the knowledge of the Turkic nations, the phraseology of the time and space is represented by seven-day weeks, twelve four-week months, and twelve-year-old cycles. There is a general law of common Turkic languages, vocabularies, and basic linguistic systems, as well as a similarity between the laws of change, development, and formation of relative languages. For this reason, the laws of development for the linguistic network, system, vocabulary, and structure of any Turkic language can not be separated one from another.

The concept of "time" that is formed in a figurative manner in the Kazakh identity is based on the lifestyle, customs and perceptions of each nation. After the introduction of Islam, there were criteria that reflected the time of religious affiliation. It is a criterion applicable to today's religious beliefs, namely prayer, fasting, and so on.. Here are five times of prayer: 1) morning (Bam'dad), which is the time when the sun is rising, the moment when the sun appears above the horizon, 2) noon, the moment when the sun is directly above, 3) the sunset, (when the sun stands, when it is near the horizon), 4) Fasting (night time), fasting time (time after the sun has set), 5) breakfast (about 4-5 o'clock in the morning) as they say.

This is not just the Kazakh nation, but the conception of time in the knowledge of all Turkic-speaking Muslim peoples. The year count is also directly related to the conception of the early Turkic-speaking peoples.

Тілдің тарихы мен дамуы қоғамның дамуымен тікелей байланысты. Қоғамдық құбылыс ретіндегі діннің жандануы, ағартушылық идеяның, рухани жаңару мәселесінің дәуірдің ең өзекті проблемасына айналуы Шығыс дәстүрлерінің қайта жандануына әкеліп отыратыны байқалады. Орта ғасырлардағы түркі даласындағы рухани оянушылық пен XIX ғасырдың II жартысы мен XXI ғасырдың басындағы қоғамдық құбылыс соңғы бір ғасырдың көлеміндегі қоғамымызда болып жатқан саяси-мәдени құбылыстармен үндеседі. Қоғамдық құбылыстардың бірі – ислам дінінің жандануы, араб, парсы тілдерінің ықпалын күшейтіп, осы тілдерден енген кірме элементтердің қолданылу аясын кеңейтті.

Түбі бір түркі тілдерінің негізгі дыбыстық сипаты мен сөздік қорларында, сөздік құрамы мен негізгі тілдік жүйесінде айырмашылықтан гөрі ұқсастықтар мол болуы заңды құбылыс. Демек, туыстас тілдердің өзгеруі, дамуы, қалыптасуы заңдылықтары да ортақ. Осы себепті кез-келген түркі тілінің тілдік даму желісі мен жүйесін, сөздік құрамы мен құрылымының даму заңдылықтарын бір-бірінен оқшау қарастыруға болмайды.

Шетелдік тіл білімінде түркі тілдерін тарихи салыстырмалы бағытта Г.И. Рамстедт, В.Банг, А.Н. Кононов, Н.А. Баскаков, П.М. Мелиоранский, С.Е. Малов т.б. ғалымдар зерттеп, әр түрлі ғылыми-теориялық пікірлер айтқан. Мәселен, түрколог-ғалым Н.А. Баскаков «Алтайская семья и его изучения» атты еңбегінде: «Орал тілдерін фиктор-самодер десе, Алтай тілдерін түркі-монгол, тұңғыс-маньчжур, жапон-корей» [1.6-7] дейді. Ал Алтаист ғалымдардың еңбегінде түркі тілдері кең сипатта зерттеу нысанасына айналмағанымен, жалпы теориялық бағытта бірқыдыру пікірлер айтылады. Ал отандық ғалымдардан М. Томанов, Ғ.Айдаров, Ә. Қайдар, М. Оразов, Т. Қордабаев, Ш. Сарыбаев, Қ. Сартқожаұлы т.б. еңбектерін атап кету орынды.

Ғалым Ә. Хасенов түркі тілдердің генологиялық классификациясын сараптай келе: «Қазіргі түркі тобында қарық шақты «ірілі-ұсақты» тіл бар» [2.367] деп тұжырымдайды. Бір тілдің екінші бір тілге әсер етуін Ж.Аймауытов заңды құбылыс деп есептей келе: «...қай ел болса да көрші елдердің тіл әсерінен сау емес. Мәселен, бөкейлікте татардың, арабтың, парсының, орыстың әсері көбірек болған: дінбасылар, қызметбасылар сол елдермен көп араласқан. Жетісу мен Сырдарияда өзбектің әсері бар, Қостанайда орыс-ноғайдың әсері мол. Семей, Ақмолада араб-парсы тілдерінен әсер бар. Қысқасы, бір жағы діннің, екінші жағынан өкіметтің, тұрмыстың ықпалымен жаттап жапсырып алған тілдер әр елде бар. Айта берсек, нағыз қазақтікі дерлік таза тіл аз болып қалады. Тілдің бірталайы арабтікі, парсінікі, қалмақтікі болып шығады» [1.17] десе, академик Н.Сауранбаев: «Шығыс тілдерінен қамтылған сөздер қазақ тілінің ішкі тұрақты заңына бағынып, қазақыланып кеткен. Олардың қазақыланғаны соншалық – қазіргі қазақ тілінде сөйлеушілер басқа тілден енген деп түсінбейді, қазақ тілінің сөздік құрамындағы қазақ сөзі деп түсінеді» [2.75] деп өз тұжырымын алға тартады. Шынында, бүгінгі таңда да кірме сөздерді қазақтың төл сөздерінен айыру қиын. Өйткені, олардың көбі қазақ тілінің заңдылығына бағынып кеткен. Кірме сөздердің мағыналық жақтан өзгеруі жөнінде араб тілінің маманы Сәуле Кеңесбаева өз пікірін білдіреді: «Құрылымы басқа-басқа тілдерге сөз ауысқанда, ондай сөздер өзінің бастапқы мағынасынан мүлде айырылып, екінші бір мағынаға ие болады. Кейде көп мағыналы сөздің бір-ақ мағынасы қабылданады. Мәселен, «тариб» деген сөзі «дәрігер», «балгер» деген мағынаны білдірсе, қазақ тілінде «тәуіп» болып өзгеріп бір-ақ мағынада қолданған» [3.26] – дей келіп, бір тілден екінші тілге сөз ауысу әрқашан болып тұратын құбылыс және тіл лексикасы баюының негізгі тәсілдерінің бірі екенін көрсетсе, зерттеуші В.А.Шнайдер: «Байырғы қазақ тілі кірме сөздерді қабылдауда өз төл тіліндегі дыбысталу қалпында өте сирек сақталған. Көбінесе қазақ тіліне бейімделіп, түрленген тұлғасын ғана қабылдап отырған. Ол негізінен екі басқа тілдердің дыбыстық жүйесі, грамматикалық құрылым ерекшеліктерінен туындаған жай болып табылатындығын айтады» [4.14-15].

«Арабша-қазақша түсіндірме сөздікті» жасаған Н.Ондасынов: «Халықтың әр түрлі себептерімен бір-бірімен үнемі араласып кеткені адамзаттың сонау көне тарихынан белгілі. Мұның өзі олардың тіл байлықтарын арттыра түсуге үлкен әсер етіп отырған. Бұған барлық халықтың тілі, оның ішінде қазақ тілі де куә. Демек «таза» тіл деген жоқ, ол болмақ та емес. Ондай тілді іздеп арамтер болудың тіпті қажеті жоқ» [5.3] - десе, ғалым Л.З.Рүстемов: «Өзінің лексикалық құрамында шеттен алынған кірме элементтері жоқ, мүлдем «таза» тіл өмірде болған емес. Мұндай тілді іздеу қоғамның материалистік

даму заңдылықтарына қайшы келер еді. Өйтсе де әлемдегі көпшілік тілдердің негізгі сөздік құрамы сол тілдердің өзіне тән лексикалық элементтері болып келеді» [6.12] - деп Н.Оңдасынов пікірін толықтырған.

«Қазақпен тілі тамырлас басқа елдерді алсақ, қазақ тілі мен XIX ғасырдың бірінші жарымындағы әдебиеті өзінің негізіндегі тазалығымен ерекше орын алды» – дей келе, Қ. Жұмалиев, өз ойын былай жалғастырады: «дегенмен де, ислам дінін алған елдердің қайсысына болсын, араб-парсы тілдері бірінде аз, екіншісінде көп, әйтеуір із қалдырғаны сөзсіз. Қазақ елінің ауыз әдебиеті, XIX ғасырдың алғашқы жарымындағы әдебиетін басқа түрі елдерімен салыстырғанда анағұрлым таза, анағұрлым өзінің ұлттық тұлғасын берік сақтады десек те, кейбір араб-парсы сөздері тіпті әріректегі ауыз әдебиеті нұсқаларында да бірен-сараң кездеседі» [7.20].

Бұл пікірді ғалым Р.Сыздықова: «Н.К. Дмитриевтің түркі тілдерін арабыланған (арабизированные) және арабыланбаған (неарабизированные) деп екіге бөлгені бойынша қарасақ, біздіңше, қазақ тілі алғашқы топқа әбден жатады. Өйткені ислам діні етек жайған XIX ғасырда ғана емес, одан да көп бұрын қазақ тілі сөздік құрамында қыруар шығыс сөздері болғаны аян» [8.74] – дейді.

Қазақ танымында қалыптасқан, бейнелі тәсілмен дүниеге келген «уақыт» ұғымы әр халықтың өмір тіршілігіне, әдет-ғұрыпына, дүниетанымына байланысты қалыптасқан. Ислам діні кіргеннен кейін діни тұрғыға байланысты айтылатын, уақытты білдіретін өлшемдер қалыптасты. Ол өлшемдер күні бүгінге дейін діни ұстанымдарда, яғни намаз оқу, ораза ұстау т.б. қатысты қолданылады. Мысалы, Бес уақыт намаз: *таң (Бамдат)* (таң қылаң бере таң намазын оқитын кез), күннің еңкейген мезгілін *бесін* (бесін намазын оқитын кез) деп атаған, *екінді* (түс ауып, күн батуға жақындаған мезгіл, бесін мен ақшам арасы), *Ақшам* (күн еңкейіп, ұясына кіруге таяған кез), *Құптан* (түн уақыты), ораза ұстау: *ауыз ашар кез* (күн ұясына кіргеннен кейінгі уақыт), *сәресі* (таңғы уақыт, шамамен сағат 4-5 арасы) т.б. деп күн уақыттарын бөліп қарайды. Бұл тек қазақ ұлтына ғана емес күллі түркі тектес мұсылман халықтар танымындағы уақыт өлшемі.

Түрік халқы үшін уақыттың көз ілеспес жылдамдығы, оны босқа өтізбеуді, өмірді өксітпеуді, оны тек пайдалы істерге арнауды уағыздайтын тілдерінде уақытқа қатысты - *Vakit nakittir* (Уақыт – ақша). *Vakitsiz öten horozun başını keserler* (Уақытсыз сайраған қораздың басын кеседі, яғни әр нәрсе өз уақытымен болуы тиіс) мақал-мәтелдері уақытты ұтымды пайдаланып, тынбай еңбек етсең, мол қазынаға кенелесің деген ұғыммен уақыттың негізінде қалыптасқан. «Қазақ және түрік тілдеріндегі халықтық өлшем атауларының этнолингвистикалық сипаты» атты зерттеуші Г. Сарбасова тарапынан қорғалған кандидаттық диссертациясында [9] кеңінен қарастырылған.

Уақыт концептіні құрауға күрделі атаулар қазақи танымның, ұлттың болмыстың, әлеуметтік-экономикалық тұрмыстың, рухани мәдениеттің ерекшеліктерін көрсететін мынадай күрделі атаулар қатысады: он екі сәт, үш бунақ, бес қонақ және т.б.

Он екі сәт – «ұзақ мерзім» дегенді білдіреді [10, 108]. Мысалы, *-О, бұл қой әлі ем болғаниша мың бір әлем он екі сәт. Мұнан қашан әкетеді? Ем комбинатына апарған күні қабылдай қоя ма, жоқ па?* (Нұқасым Қазыбеков. Хат. – Жұлдыз, 1986, 127 б), - деген әңгіменің үзіндісінде он екі сәт күрделі атауы мың бір әлем тіркесімен бірге ұзақ мерзім деген сөзді білдіріп тұр. Бұл жерде аталған күрделі сөз үстірт мағынада қолданылса, он екі сәт сөзінің байырғы нақты мағынасын екінің бірі біле бермейді, сондықтан оның шын мәнінде білдірген тілдің мағынасы астырт мағынаға жатады. Осы мағынаны Н.Уәлиев былай анықтайды: «Қазақтың халық календарын зерттеуші ғалымдарымыздың бірі – М.Ысқақов кейбір түркі халықтары, оның ішінде ұйғырлар тәулікті он екі шаққа (сағат) бөлген деген Ұлықбектің мағұлыматына назар аударады (М.Ысқақов. Халық календары. 1980, 220-бет). Тәулікті он екі шаққа бөліп, оны он екі жыл атауымен атау монғол халықтарында да бар: 1) хулгана цаг – тышқан шақ, 2) ухер

цаг – сиыр шақ, 3) бар цаг – барыс шақ, 4) туулай цаг – қоян шақ, 5) луу цаг – ұлу шақ, 6) моғай цаг – жылан шақ, 7) морин цаг – жылқы шақ, 8) хонин цаг – қой шақ, 9) бичин цаг – мешін шақ, 10) тахиа цаг – тауық шақ, 11) ноой цаг – ит шақ, 12) гахай цаг – доңыз шақ [11].

«...Түркі халықтарының жыл санауындағы он екі мүшенің бірі. Түркілер он екі жылды он екі хаюанның атымен атайды. Балаларының жасы мен өткен күндердегі соғыс тарихын, сол сияқты түрлі есте тұтар шақтарыды жылдардың айналуымен есептейді» [12.29]. Демек, жыл санау түркі тілдес халықтарының жас ұғымымен де тікелей байланысады. Әр жас ерекшеліктің мүшел санауы арқылы уақытты да белгілеп отырған.

Үш бунақ. Қазақтарда және тағы да басқа түркілерде бір жылды үшке бөліп қарастырумен туындаған уақыт ұғымы. Сонымен қатар, шаруашылыққа байланысты туындаған уақыт ұғымы. Есепшілер шаруашылықты ауа-райымен сабақтастырып жүргізу үшін бір жылды 120 күннен тұратын үш бунаққа бөлген. Үш бунақтың алғашқысы бас бунақты шаруалардың тілінде *қара қатқақ* деп те атайды. Орта бунақта шөп қуаты басына шығады. Аяқ бунақ қазанның тоғызынан ақпанның тоғызына дейінгі уақыт. Малшылар бұл мерзімде «күйек шешіп», жылқыны тебінге түсіреді.

Бес қонақ. Түркі халықтары танымындағы жаз бен күз мезгілі арасында болатын ызғырық, суық күн. Бес қонақ күрделі атауы тоғау есебіне байланысты: бірінші қонақ 31 наурызда, қазіргі күнтізбе бойынша 21 сәуір – көктем мейрамы, еңбек мерекесі; екінші қонақ 31 мамыр, қазіргі 22 маусым-жаз мерекесі; үшінші қонақ 31 маусым, қазіргі 22 шілде – ақын, өнер, парасат күні; төртінші қонақ 31 шілде, қазір 22 тамыз – тіл мерекесі және ұлттық дәстүр күні; бесінші қонақ 31 тамыз, қазіргі 22 қыркүйек – күз мейрамы, сабантой [10, 21].


Бес күндік пәни – шектеулі ғұмыр дегенді білдіреді. «Бес күндік» деген «қысқа» мағынасында жұмсалып, жалған дүние, адамның жарық дүниеге келіп, о дүниеге аттану аралығында уақыт өлшемін білдіреді. Бір жағынан бұл күрделі атау «дін» концептісіне «діни уақыт» өлшемі ұғымына да келеді. Сондай-ақ, бес уақыт намаз. Сонымен қатар, түркі тілдес халықтар ұғымында киіз үйдің шеңберлі болуы, оның әр орнының өзі халықтың жылсанағы бойынша жыл қайырумен тікелей байланысты. Бұл жөнінде философия ғалым Т. Ғабитовтың [13] еңбегінде баяндалады. А. Ока өз еңбегінде киіз үй ұғымымен уақытты белгілегендігі туралы былай дейді: «... Осылай ағашы үнемделген, қолданылу мерзімі ұзарған, сапалы және мал-шаруашылығы үшін ыңғайлы үйдің түрі пайда болды. Әсіресе, уықтың түзу, тік болуы үйді күн сағатымен үйлестірді. Уықты күнсағатының тілі ретінде пайдалану мүмкіндігінің тууымен уық дамуының үшінші сатысы басталды... Моңғолдардың ерте кезде түзу уықтың ұшын керітіп белгілеуі, оны жасыл бояумен бояуы, бұл халықта күн сағатының жақсы дамығандығын көрсетеді. Яғни, күн сәулесінің уық ұшынан кереге басына дейін ауысу сәті, сол күндегі мерзімді дәлме-дәл өлшеуге көмектескен. Ал қазақтар арасында уақытты есептеу көбіне шаңырақтан түскен күннің жүрген жолымен есептеген [14, 161 б.] – деп жазған. Ал бұл түсінік көшпелі қазақ ұғымына да тән.

Сонымен қорытындылай келе, түркі тілдес халықтардың танымындағы «уақыт» ұғымының қолдану аясының семантикасын ескере отыра, мәселен, дәстүрлі уақыттың түп-түзу желілік емес, ритмдік, циклдік өлшемін пайдаланады: минут, сағат, секунд сияқты уақыттың тура өлшемдері орнына қазақтар «ат шаптырым», «ет асым», «сүт пісірім», «шай қайнатым», «бие сауым», сондай-ақ ай атауларында: «көкек» - құстардың оралу уақыты, «мамыр» - жаңару кезеңі, «отамалы» - мал барынша тойынды, «қазан» - шөптің таусылуы, «қаңтар» - күннің қысқарылуы, қаңтарылуы деген мағынаны білдіретін лексикалық бірліктерді қолданғаны мәлім. Ендеше, кеңістіктің аясындағы уақыттың белгілі бір өлшем бірліктер арқылы берілуі заман

ағымына сай.

Әдебиеттер

1. Есеналиева Ж.Ж. Абай шығармаларындағы араб-парсы сөздерінің қолданылу ерекшелігі //кандидаттық дисс. қолжазбасы. - Алматы, 1993 - 130 б.
2. Сауранбаев Н. Проблемы казахского языкознания. – Алма-ата, 1982
3. Кеңесбаева С. Қазақ тіліне араб-иран елдігінен ауысқан сөздер.// Қазақстан мектебі, 1964, №1
4. Шнайдер. В.А. В.В Радлов және қазіргі қазақ тілі фонетикасы.// филол. ғыл. канд. ғылыми дәреже. алу үшін дисс. Автореферат.- Алматы, 2003.-34б
5. Ондасынов Н. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Мектеп, 1989 – 286 б.
6. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. –Алматы: Ғылым, 1982.- 160 б.
7. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Ғылым, 1960. – 247 б.
8. Сыздықова Р. Абай шығармасының тілі. – Алматы, 1968
9. Сарбасова Г. Қазақ және түрік тілдеріндегі халықтық өлшем атауларының этнолингвистикалық сипаты.// филол. ғыл. канд. ғылыми дәреже. алу үшін дисс. Автореферат.- Алматы, 2009.-34б
10. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. Алматы: Мектеп, 1984. -107
11. Базылхан Б. Монғолша – қазақша сөздік. Улан батор – Өлгий, 1984, 880б.
12. Махмуд Қашкари. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-турк») – Алматы, «Ана тілі», 1993. – 192б
13. Ғабитов Т., МүтәліповЖ., Құлсариева А. Мәдениеттану негіздері: Оқулық. – Алматы: Дәнекер, 2002. 180бет
14. Ока А. Қазақтың киіз үйінің негізгі бөлігі – уық.// Б.Әбілқасымұлының 70 жылдығына арнайы ұйымдастырылған ғылыми теориялық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2001. 159-163 бб.8



ETHNOEDUCATIONAL BASE OF “KAZAKH ARU” SPECIAL COURSE TEACHING IN THE KAZAKH STATE WOMEN’S TEACHER TRAINING UNIVERSITY

Muratbaeva Guinar

Doctor of pedagogical science,

Kazakh State Women’s Teacher Training University.

E-mail: muratbaeva11@mail.ru

Konyrbayeva Sarash

–Candidate of pedagogical science,

Kazakh State Women’s Teacher Training University,

Aiteke bi street 99. Almaty, 050000, Kazakhstan. pedsheberlik@mail.ru

Tel: 8-701-440-3860.

E-mail: pedsheberlik@mail.ru

Түйіндеме

Автор Қазақстандағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде «Қазақ аруы» арнайы курсын оқытудың маңызы этнопедагогикалық негіздері және оның әлеуметтендірушілік мүмкіндіктерін мақаласына арқау етеді.

Мақалада қыз тәрбиесіне қатысты ұғымдардың анықтамалары мен негіздемелері қарастырылып, арнайы курстың мазмұнын құрайтын негізгі компоненттері, оны қамтыған мәселелері көрсетілген.

«Ұлы қазақ даласында өткен тарихи дара тұлға-арулар» бағдарламасы ұлы дала тарихында өткен қазақ қыздары: қол бастаған көсемдеріміз бен елжанды батыр арулардың, ұрпағының болашағын ойлаған аналарымыз бен кемеңгер әжелеріміздің, махаббатқа тұрақты, сезімі асқақ асыл жандардың өмірі мен жеке-дара қасиеттерін оқып-үйрену, дәріптеу, өміріне үлгі тұтуды арқау етеді. Бұл бағдарлама қазақ аруларының білім-білік дағдыларын төмендегіше қарастырады.

Білімділік дағдысы: қазақ даласында өткен тарихи дара тұлғалардың өмірімен оқып танысады; жеке-дара қасиеттері мен ерекшеліктерін оқып-талдауды меңгереді; адами абзал қасиеттерінің моделін жасай біледі.

Екінші жол — интеграция. Халықаралық нарық процестеріне тең деңгейде қатыса алатын аймақтық мықты бірлестік құру жолы. Бұл — тұрақтылық, экономикалық өрлеу, әскери және саяси қауіпсіздік жолы. Орталық Азиялық елдердің тәуелсіздік жылдары, бұл елдердің мүдделерімен ешқашанда сәйкес келмейтін, тек қарама-қарсы болатын, Батыс және Шығыс мемлекеттер қатарының назарының орталығында болды. Сонымен қатар, сыртқы күштер арасында Орталық Азиядағы геосаяси және геэкономикалық ықпал сферасы және оның табиғи ресурстары үшін күрес айналысы пайда бола бастады. Жақында аймақ арқылы аймақтағы шарасыз экономикалық процесімен қоса саяси процесті қарқындатын, «Оңтүстік - Солтүстік» және «Шығыс - Батыс» транспорттық коридоры өтуі керек. Орталық Азия аймағына тек мемлекеттер мен шетелдік компаниялар ғана көңіл аударған жоқ. Орталық Азиялық елдері және халықтары, тағы да ауқымды қарама-қайшы жоспарының жүзеге асыруы мақсатында, осы жерде өзінің стратегиялық жоспарларын құруға үміттенген, түрлі экстремистік исламдық ұйымдардың шабуылына ұшыраған еді.

Орталық Азияның Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Түрікменстан сияқты 60 миллионнан астам халқы бар мемлекеттер Қытайға жақын көрші болып келеді. Азияның бес жаңа мемлекетінің үшеуінің (Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан) 3 700 шақырым болатын Қытаймен ортақ шекарасы бар. Кеңес Одағы ыдыраған соң Орталық Азия аймағында ҚХР үшін қолайлы жағдай туды. Орталық Азия Ресейдің бақылауынан шығып, Қытай және басқа елдер үшін ашық болды. Жаңа сипаттағы мемлекетаралық қатынастар, бүгін де әлем халықтарының даму жолын еркін таңдау құқығына және көп полярлы әлемде өз эволюциялық моделін қалыптастыруға ұмтылуда. Орталық Азия мемлекеттерінің Қытаймен қатынастардағы құжаттардан көрінетін жаңа қатынастардың бұл принципі, осы елдердің мүдделеріне сай келіп, мемлекетаралық байланыстардың жалпыға бірдей халықаралық нормаларын көрсетеді. Әскери-саяси одақтармен ұлы державалардың дөрекі қол сұғушылығы мен бәсекелестіктің нәтижесінде әлемдік саясаттың күн тәртібінде әлі де тұрған, аймақтық шиеленістер қатарының пайда болуына және күшеюіне әсер еткен, көршілес жатқан таяу Шығыс пен Ауғанстанның жолын қайталамауы маңызды болып табылады.

Қазақстан тарихы қысқа мерзімде басты мемлекеттік мәселені шешті әрі елдің нақты тәуелсіздігіне қол жеткізді. Қазақстан соңғы он жылда әлемдік қауымдастықпен барлық салаларда өркениетті байланыстар дамыта білген ашық қоғамға айналды. Көптеген елдермен өзара тиімді және ұтымды қарым- қатынастар қалыптастырып,

инвестициялардың келуі өсе түсті.

Сыртқы саясатты орнықтырып, еліміздің халықаралық мәртебесін нығайтуда еліміз дипломатиясының зор еңбегі бар. Бүгінгі күн Қазақстан әлемнің кептеген елдерімен сыртқы қарым-қатынас орнатып, барлық беделді халықаралық ұйымдардың мүшесі атанды.

Халықаралық мәселелерді анықтауға келгенде Орталық Азия мемлекеттерінің тарихи дамуы, мәдени және әлеуметтік тұрмысы жақтарынан ұқсастығы айқындай түседі, оларды шешуде аймақтық және халықаралық аренада жаңа қауымдастық ретінде ұмтылыс жасайды [2].

Бұл тенденциялар Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіздік жолында одан әрі дамуын түсіндіреді.

Бірақ Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде маңызды мәселелерді шешуде елеулі өзгешеліктер мен карама - қайшылықтар бар.

Сол сияқты бүгінгі күні Орталық Азия мемлекеттері үшін маңызды болып отырған мынадай факторларды да атап өткен жөн. Олар территориясының үлкендігі, халқының санында көптігі, табиғи байлықтың, әсіресе мұнай мен газдың мол қоры, оларды әлемдік рынокқа тасымалдаудың жолдары т.с.с.

Орталық Азия мемлекеттері бірыңғай геосаяси және геоэкономикалық кеңістікте орналасқандықтан да бірлесуге қарай ұмтылуда.

Соған байланысты бірлесудің түрлі жоспарлары, идеялары, жобалары жасалуда.

Оның қазіргі замандағы соңғы үлгісі ретінде интеграциялық бірігу жолын тандап алған Орталық Азия мемлекеттері ортаазиялық интеграцияны объективті қажеттілік ретінде, территориялық тұтастықпен, сол сияқты экономиканың ең маңызды, ең басты салаларымен байланыстырады. Сондықтан тарихи қалыптасқан тығыз шаруашылық байланыстары мен аймақтың ұтымды геосаяси жағдайы Орталық Азия мемлекеттерін өзара ынтымақтасуға жетелейді.

Сол сияқты аймақтың газ, су - энергетика ресурстарын, экологиялық мәселелерін бірлесе отырып шешу, көлік - коммуникация жүйелерін бірлесе отырып пайдалану, соңғы жылдары күшейіп келе жатқан наркобизнес пен әр түрлі экстремистік, террористік топтар мен ағымдарға бірлесе отырып күрес жүргізу сияқты маңызды шараларды іске асыру үшін де аймақтық интеграция қажет.

Сондықтан Орталық Азия мемлекеттерінің нарықтық экономикаға өтуі мен интеграцияны тандап алуы жаһандану жағдайында орындалуы әлемдік тарихтағы бірінші оқиға деп бағалануда.

"Жаһандану - халықаралық қатынастардағы қоғамдық өмір мен іс-әрекеттердің әр түрлі салаларындағы өзара тәуелділік пен өзара әсер етудің нығаюы".

Қазақстандық ғалымдардың пікірінше, "жаһандану жағдайында қарастырылатын әлемдік экономикалық жүйедегі ұлттық шаруашылықтың интеграциясы проблемаларын қарастырғанда, аймақтық интеграция мәселелерін тысқары қалдыруға болмайды.

Аймақтық құрылымдар қазіргі таңда ғаламдастырудың негативті зардаптарына қарсы тұру үшін маңызды құрал болып табылады.

Орталық Азия мемлекеттерінің қазіргі таңдағы дамуы ұзақ жылғы "оқшауланудан" кейінгі әлемдік саяси және экономикалық үрдістерге жеке қатысушы ретіндегі рөлге қарай ұмтылумен сипатталады.

Бүтінгі таңдағы халықаралық қатынастар жүйесінде Орталық Азия елдерінің болашақтағы, алдағы уақытта алатын орны өте маңызды және өзекті болып отыр.

Өйткені оның перспективалары мен басымдылықтарын дамыту дүние жүзінің, оның ішінде Азия аймағының тұрақтылығына байланысты. Аймақтық және халықаралық саясатта тең құқылы мемлекет болу үшін, Орталық Азия елдері серіктестіктің,

ынтымақтастықтың, қауымдастықтың тиімді жолдарын таңдағаны дұрыс [3].

Осы ретте халықаралық қатынастар жүйесінде жаңадан құрылған тәуелсіз Орталық Азия мемлекеттерінің қандай дәрежеде орын алатындығы, оның ішінде Қазақстанның Орталық Азия мемлекеттерімен экономикалық ынтымақтастығының қалыптасуының тарихи жолдарын көрсету маңызды да өзекті болмақ.

Аймақтағы ірі әлемдік державалардың қатысуымен өтіп жатқан геосаяси ойын дамуының қазіргі кезеңдегі басты ерекшелігінің өзі сонда, осы болып жатқан түбірлі өзгерістер Орталық Азияның барлық кеңістігіндегі қауіпсіздік пен геосаясат үшін терең әрі ұзаққа созылатын салдарға ие болуы мүмкін. Сондықтан, қазіргі күнде байқалып отырған геосаяси ойыншылар арасындағы аймақтағы ықпал үшін бәсекелестерінің белсенді процесі оңды тұстарымен қатар, өзінде, бір мезгілде аймақтағы елдер үшін келеңсіз тәуекелдер мен қатерлерді де ұстайды. Осы орайдағы негізгі келеңсіздік, аймақтағы негізгі, ең біріншіден Ресей, АҚШ, Қытай, Иран тәрізді геосаяси ойыншылардың мүдделерінің жалпы балансындағы байқалып отырған өткір қайшылықтардың өсуінде болып отыр, ал бұл, болашақта Орталық Азия елдерінің қауіпсіздігіндегі ішкі және сыртқы қатерлердің күшейе түсу көзі болуы мүмкін. Орталық Азия мемлекеттерінің Қытаймен қатынастардағы құжаттардан көрінетін жаңа қатынастардың бұл қағидасы, осы елдердің халықтарының мүдделеріне [сай келіп](#), мемлекетаралық байланыстардың жалпыға бірдей халықаралық өлшемдерін көрсетеді. ҚХР мен орталықазиялық мемлекеттер арасындағы мемлекетаралық қатынастарда халықаралық құқықта бекітілген аумақтық тұтастық пен егемендікті өзара құрметтеуді ерекше атап өткен жөн. Орталықазиялық елдердің үкіметтері Қытаймен дипломатиялық қатынастарын нығайту мақсатында Тайвань мен Тибеттің Қытайдың бөлінбес бөлшегі екенін, ҚХР үкіметінің бүкіл Қытайдың бірден-бір заңды үкіметі екенін нақты мәлімдеген болатын.

Орталық Азия елдері модернизацияның белгілі бір анық сатысында ғана емес, қалыптасып отырған саяси және экономикалық тұрғылардың түбірінен шайқалуының қалыптасып отырған процесінде тұр. Әрине, қазіргі сәттегі күрделі де транзитті жағдайда көптеген келеңсіз құбылыстар, оның ішінде экстремизмнің пайда болуына негіз болатын проблемалардың туындауы заңды. Осы орайда, экономикалық факторлар мен тұрғындардың төмен өмірлік деңгейі өздігінен экстремизмнің туындауының бастапқы себебі бола алмайды. Алайда, төмендеп бара жатқан әлеуметтік-экономикалық ситуация және осыдан туындайтын өмір сүрудің төменгі деңгейі, жұмыссыздық, коррупция, қолайсыз демографиялық жағдай арнайы қызмет органдарының қатаң бақылауына қарамастан, кез - келген идеялардың, оның ішінде радикалдық идеялардың кең таралуына игі әсер етеді. Аймақ елдеріндегі исламдық қозғалыстар болып табылатындықтан, олардың қатары үнемі әлеуметтік жәбірленуші азаматтармен толығып отырады. Таяу және Орта Шығыс елдерінің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, ұзақ уақыттар бойы қиын материалдық, ең бастысы әділетсіз, теңсіз жағдайда өмір сүріп жатқан мұсылмандық тұғындар діни принципке негізделген мемлекет өз азаматтары үшін экономикалық тұрақты әрі әлеуметтік тұрғыда әділдік болады деген ойға келеді. Қазіргі күндегі аймақтағы бірқатар елдер қолданып отырған изоляционизм принциптері, авторитария дамудың кез-келген моделінің құлдырауына, әлеуметтік-экономикалық тоқырауға, ұлттық қауіпсіздіктің деңгейінің төмендеуіне алып келді [4]


ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «[Қазақ энциклопедиясы](#)» Бас редакциясы, 1998 жыл. VII том .
2. Акимбеков С. Афганский узел и проблемы безопасности Центральной Азии.-

Алматы, 2003. – 400 с. (С. 383).

3. Бабаджанов Б. О деятельности «Хизб-Ат-Тахрир» Ал-Ислами в Узбекистане. Ислам на постсоветском пространстве: взгляд изнутри / Под. ред. А. Малащенко и М.Б. Олкотт.- М.: Арт-Бизнес-Центр, 2001.- 320 с. (С. 155).

4. Касенов У.Т. Безопасность Центральной Азии. — Алматы, 1998. — С. 51.



АБАЙ ЖӘНЕ КОНФУЦИЙ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ОРТАҚ СЫНШЫЛДЫҚ КӨЗҚАРАСТЫ БОЛАШАҚ МАМАН ДАЙЫНДАУДА ПАЙДАЛАНУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**The importance of using the common critical approach of Confucius and Abai's legacy
in preparation of future specialists**

Nuraisha Bekeyeva - CSc, PhD in progress

Bakytgyl Tundikbayeva –MBA, PhD in progress

*Бекеева Нұрайша Жүсіпқызы – филология ғылымдарының кандидаты,
PhD докторант,*

Түндікбаева Бақыткүл – MBA, PhD докторант

КИМЭП Университеті, Алматы қаласы, Қазақстан.

nuraisha@kimep.kz

bakytgul@kimep.kz

Бұл мақалада қытай халқының ұлы кемеңгері Конфуций мен қазақ халқының данышпан ақыны Абай Құнанбаев мұралары мазмұнындағы даналық ойдың сыншылдық сабақтастығы болашақ кәсіби маман даярлаудағы маңыздылығы ғылыми тұрғыда қарастырылады. Абай мен Конфуций мұраларындағы сыншылдық ой үндестігі қазақ-қытай әдебиеттану ғылымында және болашақ маман даярлау әдістемесінде бұрын-соңды ғылыми тұрғыда қарастырылмаған. Күллі адамзат атаулыға ортақ екі халықтың осындай баға жетпес бай мұралары тұңғыш рет ғылыми тұрғыда салыстырылып сараланды. Бұлайша өзара тығыз байланыста зерттеу әдебиеттану ғылымы үшін де, педагогика ғылымы үшін де көкейкесті, зәру мәселелердің бірі. Бұл зерттеу мақала осынысымен де құнды. Осындай екі халықтың ұлы данышпандарының егіздей үндес сыншылдық ойлары, мазмұны, идеясы бірін-бірі толықтырады, байытады, жиі-жиі үндеседі. Оның маңыздылығын ашып көрсету қазіргі қазақ және қытай әдебиеттану және педагогика ғылымын тың ойлармен байытады. Осы мәселені терең зерттеп, зерделеу қажеттігі мен қазіргі әлемдік әдебиеттанудағы және педагогикадағы өзектілігі дәлелденеді.

This paper aims to study the common points between thoughts of Confucius, the Chinese philosopher and ideologist, and Abai Qunanbayuli, the Kazakhstani great poet and philosopher, whose critical approach has been scientifically researched in terms of importance of preparation of future specialists. This approach using legacy of both Confucius and Abai has not been considered in the scientific world in the past. It is the first comparative research into thoughts of the two scholars. The connotations of the two scholars literature works have profound meanings and still make a big difference in the world in terms of writing techniques, Confucius is implicit and mild, while Abays is direct and forceful. It is necessary and of practical significance to perform this kind of research for world literature appreciation. This article is written based on materials during internship of author in China and the source from the research library of Hingjiang Pedagogical University in China.

Кілт сөздер: болашақ кәсіби маман дайындау, бәсекеге қабілетті маман, сыни көзқарас, рухани құрал.

Key words: preparation of future specialists, professional specialist, critical thinking, intellectual values.

Адамзат тарихы әманда ұлылардан, ғұламалардан кенде болған емес. Әр уақыттың, кезеңнің адамзатқа берер мәңгілік аты өшпейтін, барлық ғасырлармен құрдас та сырлас ұлы перзенттері болады. Осындай ғұламалар ұлағаты, қалдырған бай мұралары ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, халықтың қымбат қазынасына айналып қана қоймай, болашақ кәсіби маман дайындауда, өмір сүруде шамшырақ рөлін де атқарады. Бұндай ғұламалардың қалдырған мұраларының қайсысын алсақ та Алла тағаланың жалпы

халық атаулыға берілген үлкен рухани сыйы ғана емес, мәңгілік құрметтеп өнеге етер киесі сияқты. Рухы бай адамдардағы ой, пікір үндестігі әрқашан болған. Олардың ішкі толғаныстары тағдырлас келіп, бірін-бірі толықтырып жататыны шындық.

Қазақ руханиятындағы осындай ұлы тұлғалардың бірі Абай болса, екіншісі, біздің тақырыпқа арқау болып отырған ұлы Қытай елінің кеменгері – Конфуций. Екі данышпан да әр түрлі уақытта, әр түрлі дәуірде дүниеге келіп өмір сүрген. Екі бөлек елде туған. Бірі екіншісін білмеген. Бірақ артында қалдырған мұраларындағы өткір де, шымыр ой үндестігі, бірін-бірі толықтырады. Екі арнадан ағып келіп, бір арнада тоғысады. Бірі екіншісін толықтырады. Олардан қалған ой жауһарлары жаңа заманға сай маман дайындауда таптырмас құрал. Біріне-бірі ұқсас үн қосып, бірін-бірі байыппен байытып әдемі үндеседі. Абай мен Конфуций екі бөлек елде туып, екі түрлі халық қамын жесе де артында қалдырған мұраларындағы ортақ ой мен шешімнің біртұтастығы жер шарындағы қай халық үшін де құнды.

Конфуций мұраларын зерттеуші Л.С.Переломов: «Өркениет тарихында Конфуций есімі әлемдік діндер негізін қалаушылар Иисус Христос, Будда және Мұхаммед Пайғамбармен қатар тұрады» /1/, – деп баға береді. Қарап отырсақ, Конфуций мұралары ғасырлар бұрын пайда болғанына қарамастан әлі күнге дейін өз маңызын жоймай келеді. Әрине, зерттеушілер пайымдауы бойынша, аталған құндылықтар түгелдей Құңзыдан қалғандығына түрлі пікірлер айтылады. Ол зерттеушілер бұл тағлымда, бұл ілімде, бұл мұраларда Конфуций шәкірттерінің де ойлары бар екендігін айтады. Бұл ойды терістеу біздің мақсатымыз емес. Қалай болғанда да орыс зерттеушілері мен қазақстандық зерттеулерде бұл мұралар «конфуцийшілдік», «конфуций ілімі» делінетін болғандықтан біз осы шағын мақалада бұл дүниелерді әзірше, Құңфызы мұралары деп қалдырғанды жөн көрдік. ҚХР арнайы зерттеу сапарымызда Конфуций мұраларын 50 жылдан аса уақыт қытай тілінен қазақ тіліне аударып, зерттеп жүрген белгілі аудармашы Әбділдабек Ақыштаймен сұхбаттасу барысында, осы құндылықтардың «Ружа тағылымы», «Ружа мұралары» деп атау керектігіне көзіміз жетті. Аудармашының пікірі бойынша, «конфуцийшілдік», «конфуций ілімі» деу үлкен қателік дегенге саяды. Бір ғана Конфуций атына телімей, кең түрде «ружа мұралары» деп зерттеу болашақ ғылыми еңбектеріміз еншісінде болатындығын ескерткіміз келеді. Абай және Құңзы мұралары даналықтың мәйегі екендігін бүгінгі күн талабы өзі дәлелдеп отыр. Бүгінгідей жаппай ғаламдану заманында болашақ маманның өз кәсібінің шебері ғана емес, рухани бай, парасатты болғаны да заман талабы. Екі данышпанның қай сөзін алсаңыз да, айтар сөзіңізді, берер ойыңызды әдемі ұйытар күші зор. Қытай халқы ақылды сөз іздесе, Құңзыдай данышпанына арқа сүйейді. Қазақ та даналық ойды, тоқ етер сөзді Абайдан іздейді. Қазақ халқы табиғатынан ақын жанды халық. Сондықтан біздің ел де Абайды жай қара сөздің ғана емес, оны өз сөзімен: «өлең сөздің патшасы» деп біледі. Себебі, Абайдан асырып сөз айту әзірге мүмкін болмай тұр. Абай және Құңзы мұраларындағы даналық мәйегінің сыншылдық сабақтастығы осы мақаланың негізгі арқауы болғандықтан осы мәселенің сыншылдық тұрғыдағы ерекшеліктері мен олардың өзара байланысы байыптай түскіміз келеді. Құңзы мұралары бүкіл дүниежүзі елдері оқитын және Қытай халқы пір тұтатын ілім ретінде сақталып келеді. Мұның өзі бұл ілімнің аса терең даналыққа, ақыл-ойға негізделгендігінің белгісі. Тіпті, оның ұлылығы соншалық – бұл ілім қағидалары, талай заман өткеніне, талай қоғам ауысқанына қарамастан, өзінің маңызын, мәнін жоймай келеді. Керісінше, дәл бүгінгі таңда моральдық, рухани, адами құндылықтар тапшылығын көріп отырған қоғамда одан сайын өзекті бола түскен сияқты. Егер болашақ кәсіби маман осы идеяларды мұқият зерделеп, өз өмірінің басшылығына алса, онда қоғамның тура жолға түсетіні, ондай елде үйлесімділік орнаған идеалды мемлекеттің қалыптасатындығы күмәнсіз.

Абай мұраларының әдеби шығармалар екенінде дау жоқ. Ал Конфуций мұралары философтар назарында болғанымен, осы уақытқа дейін әдеби шығарма ретінде, педагогикада кәсіби маман тәрбиелеу әдістемесінде өзіндік маңыздылығы терең зерттелген жоқ. Академик Н.И. Конрад: «Лунь юй» – «не записи «суждений и бесед». Это нечто созданное, во всяком случае специально обработанное; короче говоря, литературное произведение, которое имеет своего героя. И герой этот – Конфуций»/2, 429/ деген тұжырымы бар. Ендеше, біз де өз зерттеуімізде Конфуций мен Абай мұраларын әдеби құндылық тұрғысынан қарап, болашақ маманның кәсіби тілдік дағдысын байытуда сыншылдық сабақтастықтағы мықты ойларын ғылыми зерделеу қажет деп таптық.

Конфуций бір ғана қытай елінің емес, әлемнің көптеген елдерінің өнеге етер ірі рухани тұлғасына айналғанының куәсі болып отырмыз. Конфуций қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтан бұрын өмір сүрген. Бірақ осы ғұламалардың артында қалған мол мұраларындағы ой, мазмұн, идея, сыншылдық мәселесі жиі үндестік тауып жатады. Аталған данышпандар шығармашылығындағы ой мажандары бірін-бірі әдемі толықтырып, байытып, кей тұстарда тіпті анық қайталайтынын байқау қиын емес. Конфуций ізгіліктің бес түрлі жолын уағыздады. Олар – даналық жолы, қайырымдылық жолы, адалдық, үлкендерді құрметтеу және қайраттылық жолдары. Осы жолдармен жүрген жағдайда ғана тұрмысты түзеуге болатындығын, бақытты да жайлы өмірдің туатындығын меңзеді. Және төрт нәрседен бойынды аулақ салуға үндеді. Олар: «өнбес ойға берілу; үзілді кесілді болу; айтқанынан қайтпайтын қыңырлық; жеке басын ғана ойлау»/3, 33/ Абайдағы: «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңіндегі бес асыл іс пен бес татымсыз істі қараңыз:

Бес	нәрседен	қашық	бол,
Бес	нәрсеге	асық	бол,
Адам	болам		десеңіз.
Тілеуің,	өмірін		алдында,
Оған	қайғы		жесеңіз.
Өсек,	өтірік,		мақтаншақ,
Еріншек,	бекер	мал	—
Бес	дұшпаның,		білсеңіз.
Талап,	еңбек,	терең	ой,
Қанағат,	рақым,	ойлап	қой
Бес асыл іс, көнсеңіз...			—

Бес асыл іс, көнсеңіз.../4, 61/— деп дұрыс жол мен бұрыс жолды айқындап берген. Атын атап, түсін түстеп береді. Конфуцийдің мына ескертулері де осы ойдың мазмұнын тереңдетеді: «Адамгершіл кісіде мына бес қасиет болуы керек: Кісіге шын құрмет, кең пейілділік, — шыншылдық, зеректік, мейірбандық. Біріншісі — жарамсақтануға жол бермейді; Екіншісі — барлығын бағындырады; Үшіншісі — адамдардың көңіліне сенім ұялатады; Төртіншісі — жеңіске жетуге мүмкіндік береді; Бесіншісі — адамдарды басқаруға мүмкіндік туғызады/3, 33/».

Қарапайым айтылады, бірақ ішкі иіріміндегі мәнді ой өз тереңіне тартып әкетеді. Бір ойы екіншісін нығыздай, бекемдей түседі. Абай ашық та ащы да айтады. Конфуций жай ғана қарапайым айтады. Бірақ байыппен пайымдауға, тереңіне үңілуге мәжбүрлейді. Екі ғұламаның да қалдырған жауһарларының айтпақ ойы түптің түбі - шыңырау тереңінде. Осының бәрінде, барлық айтқандарында сыни көзқарастың биік талғамы мен тәрбиесі жатыр. Қоғам талап етіп отырған бәсекеге қабілеттілік те, зиялылық, білімділік, біліктілік бәрі бар.

Абайды оқыған сайын, түсінген сайын қазақтың табиғаты ашыла түседі. Бұл

мәселелерді бір халық табиғатына тели салуға болмас, бірақ аталған қасиеттер адамзатқа ортақ қасиеттер екені анық. Осы тұрғыдан келгенде, Абай айтып кеткен қасиеттердің асылын әрбір болашақ кәсіби маман өзіне серік етіп, нендей нәрсені бойдан алшақ ұстау керек екенін ажырата білсе, жарқын болашағына дұрыс бағыт ала алғаны. Абайдың сыни көзқарастарының басты ұстанымы – адам тәрбиесі, ұлт тәрбиесі. Адам тәрбиесінен туындайтын бүкіл қазақ халқы тәрбиесі. Өз халқының болашағы жастарды адамгершілікке тәрбиелеу, өнер мен еңбекке баулу. Әрбір жас өз елінің «жетігін» бүтіндейтін «кірпіш» болса, деп армандады. Бұл тұрғыда айтылған сөз өнеге ғана емес, барлық ұрпағына арналған өсиет рөлін де атқаруда. Абай жан-жақты жетілген, кемел тәрбиелі адам ғана «толық адам» санатына қосылады деп есептеді. «Адамның білімі, өнері – адамшылықтың таразысы» деп санады. Ал Конфуций: «Оқымыстылық, ұмтылыстың табандылығы, ізденгіштік, барлық жақындар үшін қамқорлық. Адамгершіліктің өзі осы»/3, 33/– дейді. Абай білімді адами құндылықтың шыңы етті: «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз...»,– деген тұжырымы осының айғағы. Құнзы да, Абай да ұлы ұстаздар. Абайдың діттеген ұстаздық ойы білімді өмір бойы игеруге апарып саяды. Білімді алып қана қоймай, ел игілігіне жаратуда «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез», – деп білімнің нұрлы сырын көруге «жүрегі – айна, көңілі – ояу, көкірегінде көзі бар, ынталы, сөзді ұғатын» шәкіртке бағытталуын аңсаған. Қазақ халқының ой-санасында жаңаша бағыт ұстанып қазақ елін прогреске жетектейді. Ұлы ойшыл ақынның «түзетпек едім заманды»,– деуі де, өзінің сыншылдық танымы тұрғысынан ойтылған ой. Кейінгі ұрпақты басқаша, жаңаша өмір сүру жағдайы талабында тәрбиелеу. Абайдың бұл мәселеде: «Сөз түзелді, тыңдаушым, сен де түзел!» деуі де осы заманға лайықталып айтылған өмір сүру нұсқауы сықылды. Өз заманына асыл сөзін тыңдата алмай кеткен Абай сөзінің, Абай мұрасының ішкі терең қыр-сыры қазіргі уақытта да, болашақта да бірнеше ұрпаққа азық. Заман өткен сайын, уақыт өткен сайын ізгілік сырын іздеген адамға тылсымның кілті табылып, жаман әдеттерден айығуы үшін, көкейіндегісін табу үшін қашан да Абайға жүгінуі хақ. Замана өзгереді, дәуір озады. Адам қоғамы қанша дамығанымен Абаймен сырласып, Абай айтқан сыни оймен ойлану мәңгілік. Абай: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, содан сақтанбақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – намыссыздық». Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде еш нәрсені оларсыз біліп болмайды. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. Намыссыздық – күллі адамзаттың ең қас жауы»/3,89/ десе, .

Құнзы бұл тұрғыда Абайды толықтырып байыта түседі: «Қайырымды адам тоғыз нәрсені: анық көруі; анық істеуі; оның жүзі ақжарқын болуы; оның іс – қылығы ізетті болуы; сөзі шынайы болуы; оның қимылы сақ болуы; күдік туған кезде өзгелерден сұрау қажеттігі; ашу – ызаның зардабы неге әкеліп соқтыратыны есінде болуы; пайда табуға мүмкіндік бар кезде әділеттілік қажет екені туралы»/3, 35/ айтады. Қытай данышпанының бұл ойлары Абайдың «толық адам», «кемел адам» қағидасымен үндес, өзектес болып отыр. Абай мен Құнзы ойлары қандай мәселеде де бірге үндесіп, қосылған қос өзендей толығып, бір арнамен біріге ағады. Бұл да қос данышпанның сыншылдық ой үндестігінің, сабақтастығының биік шыңы. Абай: «Ар ұялар іс қылмас»,–дейтін болса, Конфуций: «Кімнің ізгілігі тұрақты болмаса, ол кісі ұятқа қалады»/3, 23/»,– дейді. Екі данышпан да болашақ ұрпаққа қай істі істесе де ар-ожданның таразысына салуға кеңес береді. Ұлы Абай тағы да: «Қазақтың біріне-бірі қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғындығының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не?»/3,123/ – деп сұрақ қоя отырып, өз елінің, өз қандастарының күншілдігіне, бірін-бірінің жетістігін көре алмаушылығына мынадай өрелі ой айтады:

«Әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз, надан арсыз келеді; әрбір арсыз, жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады». Бұндай ызалы сөздің ар жағында Конфуций меңзеген адасуға апаратын алты себептің салдары да жатыр.

子曰、道之以政、齊之以刑、民免而無恥、

道之以德、齊之以禮、有恥且格。

— Если руководить народом посредством законов и поддерживать порядок при помощи наказаний, народ будет стремиться уклоняться [от наказаний] и не будет испытывать стыда. Если же руководить народом посредством добродетели и поддерживать порядок при помощи ритуала, народ будет знать стыд и он исправится»/1,223/. Абай бұл тұста да Құнзымен үндесіп, тағы да Құнзыны өз ойымен байыта түседі. Бұл салыстыру мысалдары - данышпандық ойлардың әдемі қабысып, бір бірімен жымдаса жұптасып, қатар ғұмыр кешуі. Абай мен Конфуций мұраларының сыншылдық ой үндестігі жағдайындағы өмірдің мәні туралы ойлары да, көзқарастары да, олардың мәдени-әлеуметтік мәні де, эстетикалық маңызы да шынайы. Абай өз халқының тұрмыс-тіршілігіне жіті қарап, өз бағалауын берген. Ақын шығармаларының өн бойында өз халқының қаракетін сипаттап, сын елегінен өткізе алмай қиналған. Ұлы ақынның сыншылдығын намыс көрудің орыны жоқ. Абайдың сыны әр тарапты, әрі ауқымды. Ол адамның мінез-құлқын ғана сынамайды, барлық мәселеде көпке ортақ мәселені тереңнен тарта толғайды. Алдымен ұлт мінезін қатал сынайды: «Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрт тануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз...»/4,124/ - дейді. Данышпан Абайдың көксеуі - күрделі, сыны - сындарлы. Ақынның сыншылдығын былайша: Бірінші – қоғамға, заманға көзқарасы. Екінші – өнер, білім, ғылымға көзқарасы. Үшінші – жеке адамның мінез-құлқы, адамшылық, имандылық, ұстаздық, деп топтастыруға болады. Бүкіл ғұмырында Абайды әлемге танытып, сол ұлы ғұлама арқылы өзі де ұлы жазушы атанған М. Әуезов: «Абай сөзінің негізін адамгершілікке тірейді. Барлық өсиет ойтолғау еңбектерінің қорытындысы тағы да адамгершілік тәрбие екенін танытады. Адамды қор қылатын ең залалды жаманшылықтарды санап өтеді. Олар үш нәрсе: «надандық, еріншектік, залымдық»/5,115/– дейді.

Абай мен Құнзы мұралары уақыт озған сайын дәуір талабына сай әр қырынан ашылары сөзсіз. Қай заманды да рухани дамуға жетектер осындай асыл мұралар екендігі даусыз. Осы асыл қазыналарды барынша ұрпақтар санасына терең сіңіру, насихаттау әрбір зиялының тәрбие құралына айналуы тиіс. Сөз соңын Құнзының мына сөзімен түйіндеуді жөн көрдік:

«子曰、朝聞道、夕死可矣。」

— Если утром познаешь правильный путь, вечером можно умереть»/1,56/. Демек, дұрыс таңдалған бағыт қашан да діттелген мақсатқа жеткізеді. Сыншы С.Әшімбаев: «Қазақта ақын көп, бірақ соның ішіндегі халқы туралы қаһарлы сынды көп айтқан данышпан сыншы ақыны Абай ғана. Оның ұлылығының өзі елдің ұлы кемшілігін көзге айтуында, батыл айтуында емес пе?! Тілі қаттының бәрінің діні қатты емес. Бұл жағынан қарасақ, Абайдан «тілі қатты ақын жоқ екен. Ал сол қаттылықта ешқандай қатыгездік жоқ, қайта халқын сынап отырып қалтқысыз сүйген жүректің ыстық лүпілі жатқан жоқ па?!»/6,248/ деп жазған екен. Шындығында, Абай өз туған халқын мақтап, мадақтау арқылы тарихта қалған жоқ. Қайта ащы шындықтың бетін ашып айту арқылы қалды. Осы сын арқылы өз халқының бойдағы жағымсыз нәрселерден арылуын армандады. Болашақ ұрпағының жан жақты кемел тұлға болып қалыптасуын аңсады.

Қос ғұламаның даналығы да – олардың сыншылдық биік танымының тапқырлығында жатыр. Танымдық деңгейдің де аса биіктеп, шымырланып, ерекше бір кемел биігіне, көтерілуінде. Кең ауқымда алар болсақ, даналық адамдар арасындағы ұлы жарастықты, қатал жауапкершілікті, тіпті азаматтық қоғамға деген қателіксіз де тұрақты, мәңгі өзгермейтін, құйған қорғасындай ой үндестігін білдіреді. Кемелдіктің өзі де ұлтқа да, ұлысқа қарамай, даналықтың бұрын-соңғы тұлғалық деңгейі мен ұлттық деңгейінен асып түсіп, әлемдік ауқымда қуатталатын ой айта алуында сияқты. Бұлай деуге себеп те мысал да - Абай мен Конфуцийдің артында қалған бай да құнды, өміршең мұралары.

Осы шағын мақалада осындай ұлылар мұраларындағы сыншылдық үндестікті қазақ топырағында дүниеге әкелген ұлы Абай және Қытай топырағында дүниеге келіп, арттарында өшпес мұра қалдырған данышпан Кофуцийдің мұраларындағы ортақ ойларын ескере отырып, өз шама шарқымызша зерттеп, зерделедік. Екі данышпанның салихалы ойларын болашақ кәсіби маман тәрбиелеуде тамаша рухани құрал ретінде пайдалануға болатынына толық көзіміз жетті. Жаңа заманның мықты мамандарын жан жақты тәрбиелеуде берері мол, білік-дағдысын жетілдіріп қана қоймай, кәсіби маман ретінде шыңдай түсуде таптырмас әдіс-тәсіл деп те айта аламыз. Болашақта бұл мәселені жан-жақты зерттеу, терең зерделеу, құнды материалдармен толықтырып, байыту келешек ізденістердің міндеті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Переломов Л.С. Конфуций Лунь юй. – Москва, 2001г. *«Лунь Юй»: Восточная литература.*
2. Конрад Н.И. Запад и Восток. М., 1980г. с.429.
3. Кемел Мырзагелді. Екі томдық шығармалар жинағы.-Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. 1-том.-748бет.
4. Абай(Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы.-Алматы:Жазушы,- Т.1: Аудармалар мен қара сөздер, 128-бет.
5. М.Әуезов. Абайды білмек керек ойлы жасқа. /оқу құралы/. «Санат» баспасы, 1997.125-
6. Әшімбаев С. Сын сымбаты.Әдеби сын мақалалар, ой-толғамдар.Алматы. «Балауса» баспасы, 2010. 248-бет.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІКМЕН ӘДЕБИЕТТЕРІНІҢ ТАРИХЫН ДӘУІРЛЕУ ҮЛГІЛЕРІ

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

*Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
профессоры,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
филология ғылымдарының докторы,
профессор.
Астана қаласы
Қазақстан Республикасы
b_om777@mail.ru*

Түйіндеме

Түркі халықтары әдебиеттерінің тарихын дәуірлеу мәселесі соңғы жылдарда қолға алынып, біршама деңгейде қарастырылуда. Аталған тақырып әр елдердегі бірқатар зерттеулердің нысанына айналып үлгерді. Осы тұрғыда түркі тілдес ұлттың сөз өнерінің ежелгі бастауларын, бүгінге дейін жүріп өткен жолын, өзіндік даму үрдістерін, бағыт-бағдарларын жан-жақты байыптаудың маңызы зор болмақ. Бұл мақала осы міндетті іске асыруды көздейді. Ол үшін белгілі бір елдің рухани құндылықтарын түркі халықтарының ортақ әдебиетінің тарихы ауқымында саралау қажет. Сонымен қатар, сол ұлт әдебиеті дамуының өзіндік ерекшеліктерін назарға алған жөн. Түркі дүниесінде айтарлықтай орны бар қазақ және түрікмен әдебиеттерінің тарихын дәуірлеу мәселелеріне осы ұстаным негіз болды.

Түбі ортақ, тілі ұқсас түркі жұртының бұтақтары – қазақ пен түрікмен әдебиетінің тарихында ортақ желілер баршылық. Осыған орай зерттеуде ежелгі дәуірден бастау алатын, екі елде бірдей таралып, қазақ пен түрікменнің төл мұрасына айналған әдеби ескеркіштерге сипаттама берілді. Сан ғасырлардан жалғасып келе жатқан әдеби процестер мен әдеби дәстүрлердің сабақтастығы жөнінде ой қозғалды. Тарих бедерінен өзінің негізін іздейтін түркі халықтарының ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің озық үлгілері мен ерекшеліктері жөнінде айтылды. Елдің рухани құндылығы, мәдениеті мен өнері сол ұлттың төл тарихымен бірге дамитыны хақындағы мәселелер де қамтылды.

Бұл мақалада қазақ және түрікмен әдебиеттерінің тарихын дәуірлеу мәселесі жан-жақты қарастырылған. Зерттеуде түбі бір түркі халықтарының даму тарихындағы ортақ белгілер назарға алына отырып, екі елдің әдебиеттерінің ілгерілеу жолдарына тиянақты талдау жасалған. Қазақ және түрікмен сөз өнерінің өзіндік ерекшеліктері, ұлттық үлгілері атап көрсетілген. Автор әдебиет тарихын дәуірлеудің қалыптасқан дәстүрлі әдістемелеріне қоса тарихи-генетикалық және типологиялық факторларды ескеру қажеттігін еске салады. Гносеологиялық және өңірлік маңызы бар мәселелер тұрғысынан әдеби процестердің даму заңдылығына үңіледі. Сонымен қатар, қазақ және түрікмен әдебиеттеріне ортақ тұлғалар мен белгілі шығармалар жөнінде жеткілікті мәлімет берілген.

Түйінді сөздер: қазақ пен түрікмен, әдебиет тарихын дәуірлеу, түркі халықтарының әдебиеті, рухани құндылық, ортақ тұлғалар, ортақ шығармалар, дәуірлеу тәсілдері, типология.

PERIODIZATION EXAMPLES OF THE HISTORY OF KAZAKH AND TURKMEN LITERATURE

Bauyrzhan OMARULY

*Professor of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University
corresponding member of the
National Scientific Academy of the Republic of Kazakhstan,
doctor of philological sciences, professor.
Astana, Kazakhstan
b_om777@mail.ru*

Summary

The issue of periodization of the history of the Turkic peoples' literature has been widely studied in recent years. The given linguistic issue has been a subject for a number of studies in various countries all over the world. In this context, it is important to analyze and understand the ancient background of the Turkic-speaking peoples' oral literature, its history, the tendencies and trends of its development. The current work deals with the implementation of this task. For this purpose it is necessary to differentiate the spiritual values of a certain country within the history of the common literature of the Turkic peoples. In addition, it is crucial to take into account the peculiarities of the national literature development. This position is the most important in the periodization of history of the Kazakh and Turkmen literature, which plays a significant role in the Turkic world.

There are a lot of common features in the history of Kazakh and Turkmen literature and this phenomenon can be explained by common roots, similar languages of the Turkic peoples. In this regard, the study describes literary monuments, which originated from the ancient times, spread both in the two countries and became the heritage of the Kazakh and Turkmen people. The bond between long literary processes and literary traditions that lasted for centuries is mentioned as well. The best examples and peculiarities of the oral and written literature of the Turkic peoples seeking their origin in the history of development are given. These information about significant periods in the history of literature, researchers dealing with periodization, their own principles and methods is offered. Issues related to the parallel development of spiritual values, culture and art of the country with the history of the same nation were considered as well.

The article under consideration deals with the periodization of the history of Kazakh and Turkmen literature. The comprehensive analysis of literature development of the two countries is carried out. The common features in the history of development of Turkic peoples are taken into account during research. Specific features of Kazakh and Turkmen literature and national samples are mentioned. The author reminds us about the need of taking into account the historical, genetic and typological factors, including the traditional methodology in periodization the history of literature. He calls attention to the issues of gnosiological and regional importance in the study of literary processes' development. The sufficient information on the common figures and popular works of fiction of Kazakh and Turkmen literature was provided as well.

Key words: kazakh and turkmen, periodization of history of literature, literature of Turkic nations, spiritual values, common figures, common works of fiction, periodization methods, typology.

Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелерінің бірі – оның ілгерілеу кезеңдерін саралап, әр дәуірге бөліп қарастыру жайы. Бұл проблема қай кезде де ел тарихының маңызды бір бөлігі ретінде зерделеніп келді. Әсіресе, бұрынғы кеңестік кеңістікте болған мемлекеттер тәуелсіздік алғаннан кейін сөз өнерінің шежіресіне басқаша көзқараспен үңіліп, әдебиеттің тарихын жаңаша түзуде. Бұл тұрғыда түп тамыры бір түркі халықтарының әдебиеттеріндегі ортақ даму үрдістері ескерілмей қалмайды.

Қазақ тарихы мен әдебиетінің тарихын дәуірлеудің үлгісі бекерден-бекер ұсынылып отырған жоқ. Рухани дамуымызда қазақ пен түрікменді байланыстыратын мысалдар баршылық. Тіпті, «Бір шежіре аңызда қазақ пен түрікменді бір атадан таратады. Ағайынды екі ұлдың аты Сейілхан мен Жайылхан болып келеді. Сейілханнан түрікмен, Жайылханнан қазақ туады. Аңыз бен шындық арасы қаншалықты бірлестік табатыны – өз алдына бір мәселе. Екі халықты осылайша жақындатып көрсететін шежіренің туу сыры да тегін болмаса керек» [1, 98-99], – дейді қазақ ғалымы Р.Бердібай.

Жалпы, белгілі бір халықтың әдебиетінің тарихы сол елдің төл тарихымен сабақтас дамитыны ақиқат. Түркі тілдес ұлыстардың бірі – түрікмендердің тарихы да әріден бастау алады. Әр ұлттың даму жолының өзіндік ерекшелігі болады. Түрікмендер де – өзге елдер сияқты бірнеше ғасырлар бедерінде түрлі факторлардың ықпалымен түзіліп, қалыптасқан іргелі халық.

Әрине, тәуелсіздікке ұмтылған жылдарда әр халық өз тарихына жаңаша көзқарас танытқаны, өздерінің бастауларын ілгергі замандардан іздеуге тырысқаны белгілі. Түрікмен халқы да өз тарихының ақтаңдақ сәттерін қалпына келтіріп, жаңа жылнамасын түзгені анық. Демек, түрікмен әдебиетінің тарихын жаңаша көзқараспен дәуірлеу барысында да осы үлгі басшылыққа алынбақ. Олар адамзат тарихының барлық кезеңінде «түрікмен» атауын қолданады. Түркі халықтарына ортақ тарихтың өзінде «түрікмен» ұғымы қоса жүреді. Мұны елдік рухтың биіктігі деп бағалаған жөн шығар. Басқа елдер сияқты түрікмен халқы да өз тарихында түзілуді, іргеленуді, ыдырауды, отарлануды бастан кешті. Оның тағдыры кеңестік жүйенің құрамында болған өзге республикалардың тағдырымен сабақтас. Ал әдебиетке сол халықтың басынан өткен тарихи оқиғалардың ықпалы болмай қалмайды. Әсіресе, түркі тілдес елдердің әдебиет тарихындағы ортақтық бұл елдердің өз тарихының да бір-біріне ұқсас жағдайда дамығанын көрсетеді. Бұл – әдебиет тарихын дәуірлеу барысында ескерілетін факторлардың бірі.

Егер әдебиетті дәуірлеуде тілдік факторды назарға алатын болсақ, арғы тарихқа тереңірек үңілуіміз керек. Өйткені, қай шығарма қандай тайпалар мен ұлыстар бірлестігінің тілі негізінде қалыптасқанын айқындап алу маңызды. Қазіргі түрікмен тілі орныққанға дейін түрікмен жерінде басқа тілдерде шығармалар өмірге келгені белгілі. Себебі, «Біздің эрамызға дейінгі 1 мыңжылдықтың алғашқы жартысында қазіргі Түрікменстанның территориясын отырықшы иран тілдес халықтар мекендеді. Амударияның төменгі сағасында хорезмиліктер, оңтүстікте парфиялықтар, одан басқа көшпелі малшылар тайпалары – дахалар, сақтар мен массагеттер болды» [2, 5].

Ежелгі түрікмен жерін мекен еткен халықтардың бәрінің де өзіндік әдебиет үлгілері болды. Сақтар мен массагеттердің көсемі Томирисінің Парсы патшасы Кирді жеңгені туралы қаһармандық эпос және сақтарға шабуыл жасаған парсы патшасы Дарий біріншінің маскара болып жеңілуі туралы эпос – біздің дәуірімізге дейінгі 500 жылдардың жемісі. Көне дәуірдегі осындай ілкі әдебиет нұсқалары кейінгі түрікмен әдебиетіне соны соқпақ салды.

Түрікмен әдебиетінің бұдан кейінгі даму жолы елдің аумағына түркілердің келуімен тікелей байланысты. Бұл тұстағы шығармалардың біразы түркі тілдерінде жазылды. Сондықтан осы кездегі әдебиет нұсқаларын қай тұрғыдан дәуірлеу туралы мәселе

туындайды. Не тілдік ерекшелікті, не әдебиеттің даму үрдісін немесе қоғамдық сипатты басшылыққа алуымыз керек. Осыған орай дәуірлеу принципін айқындап алған жөн. Бұл түрікмен тарихындағы бетбұрысты кезең болғандықтан ерекше мән беріледі.

Түрікмендер оғыздарға жатады десек, бұл тайпаның атауы ежелгі түркі руникасымен таңбаланған жазба ескерткіштерінде аталды. X ғасырда Солтүстік Түрікменстан мен Қазақстанның Оңтүстік батысын оғыздар жайлады. Түркі тілдерінің оғыз тобы орнықты. Бұл қазіргі түрікмен тіліне негіз болды. «Түрікмен сөзі ғылыми әдебиеттерде X ғасырдың екінші жартысынан бастап кездеседі. Сөйтіп, түрікмен халқы ежелгі иран тілдес халықты түркілердің ығыстыруы арқылы, соның этногенезінде оғыз тайпаларының басым болуы негізінде қалыптасты» [2, 6].

Қай дәуірде де әдебиеттің дамуына қоғамдық-тарихи ахуалдың ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Түрлі жағдайлармен белгілі бір мекенді қоныстанған ұлыстар сол елге өзінің рухани үрдісін сіңіреді. Немесе өзінен тегеурінді елдің рухани құндылықтарын қабылдап, соған бейімделеді. Оғыз тілдері тобына жататын түрікменнің рухани қазынасы да осындай аласапыран замандардың ықпалымен қалыптасып, бірте-бірте ұлыстық ерекшелігін тапты.

Түрікмен еліндегі көптеген зерттеулер оғыздар мен түрікмендердің өзара байланыстылығын, тарихының ортақтығын, дәстүрінің сабақтастығын айшықтап көрсетуге арналған. Оғыз ханды ұлтбасы санайтын түрікмендер оның тарихи тұлғасын да, әйгілі «Оғызнама» ескерткішін де ерекше қадірлейді. Сөйте тұра олар оғыздар мен түрікмендердің ортақтығын әйгілеп қана қоймай, осы екі тайпаның ара жігін де ажырата біледі. Мысалы, тарихшы С.Агаджанов: «Орта ғасырлық оғыздар мен түрікмендер бір-біріне өте жақын болды. Бірақ бірінен мүлде айырмасы жоқ, барлық жағынан ұқсас, тура бірдей халық болған жоқ. Негізгі ұйтқысы ежелгі үнді-еуропа даласы мен Каспий маңы халқының түркіленген ұрпақтарынан құралған оғыздарды түрікмендердің тек жалғыз бабасы деп санауға болмайды. Алайда, оғыздар тегінің этникалық компоненттері түрікмен халқының қалыптасуында өте маңызды роль атқарды» [3, 6], – деп тұжырымдайды.

Түрікмендердің фольклорлық мұрасында эпостық шығармалар жеткілікті. Барша түркі халықтарына ортақ көне түркі жазба ескерткіштері, «Қорқыт ата кітабы», «Көрұғлы» жәдігерліктері түрікмен әдебиетінің де шоқтығы биік шығармалары болып саналады. Тек Көрұғлы ғана емес, орта ғасырлардағы бірқатар халықтарға ортақ әдеби тұлғалардың көпшілігінің болмыс-бітімі әдебиетті дәуірлеу кезінде жан-жақты саралауды қажет етеді. Бұл дәуір түрлі халықтардың әдебиетінде әрқилы баяндалады, бірінде сол тұстағы хандықтардың атымен байланыстырылады, екіншісінде кезеңнің сипатына қарай бірнеше ғасырға топталып бөлінеді, үшіншісінде жанрлық немесе тілдік жіктелу тұрғысынан ажыратылады.

Түрікмен әдебиеті үшін XI ғасырда өмір сүрген «Мяне баба» деп аталған ғұлама Әбу-Саид Әбіл-Хайыр Мехнеидің орны ерекше. Халықтың айрықша ықыласын иеленген ол сопылық ілімнің сұлтаны саналады. Ашхабатқа жақын «Абиверд» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының аумағындағы «Мяне бабаның» кесенесі түрікмен халқының қасиетті рухани құндылығы ретінде қадірленеді. Қазақ әдебиетіндегі сопылық ілімнің басында Қожа Ахмет Иассаuidің тұратыны сияқты Мяне бабаның шығармашылығы осы тақырыппен тығыз байланыстырыла бағаланады. Түрікменнің ұлы ойшылы сопылық ілімге негізделген тұтас бір мектептің негізін қалаған.

Әдеби тұлғалардың шығармашылық рухастығы, туындыларының тақырыптық-мазмұндық үндестігі әдебиет тарихының тұтастығына негіз қалайды. Олар ұлт әдебиетіндегі тарихи тамырластықты, халықтың ой-арманымен ұштасатын дәстүр сабақтастығын жалғап, ғасырдан ғасырға жеткізеді. Түркі халықтары мұндай шығармашылық өкілдерін тарихи дәуірлердегі тұлғалар галереясы ретінде

қарастырады. Салт-санасы жоғары, ұлттық танымы биік түрікмендер де осы қағиданы берік ұстанады.

Қазақ әдебиеті мен түрікмен әдебиетін сабақтастыратын ортақ жәдігер – «Оғызнама». Бұл – бүкіл түрік халықтарына тиесілі шоқтығы биік шығарма, теңдессіз әдеби-тарихи ескерткіш. Түрікмен халқы оны өз рухының баламасы ретінде бағалайды, төл тарихының орта ғасырдағы шежіресі деп санайды. Оғыздар тарихы – түрікмен ғана емес, қазақ тарихының да бөлінбес бөлшегі. Олардың қазақ жерінде қоныстанып, тіршілік кешкені, қос халықтың мәдениеті мен тұрмысы, рухани құндылықтары біркелкі дамығаны баршаға белгілі. Мұны оғыздар тарихын зерттеуші ғалым С.Г.Агаджановтың: «IX – XI ғасырларда оғыздардың көпшілігі жартылай көшпелі және көшпелі өмір салтын ұстанды. Олар Каспийдің Солтүстік жағалауына, Сырдарияның төменгі сағасына және Арал теңізі маңындағы далалық жерлерге тығыз қоныстанды» [4], – деген мәліметі айғақтай түседі. Сонымен қатар оғыздар қаласы жөніндегі мәселеге арнайы тоқталған академик К.Байпақов «археологиялық материалдарды талдау және керамиканы зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, оғыздардың Қазақстанның орта ғасырлық қалаларда мекендегенін нақтылай түсуге болатынын» [5, 70] айтады.

Қазақ пен түрікменге ортақ тасқа қашап жазылған көне түркі ескерткіштері, Қорқыт ата кітабы, Махмұд Қашғаридың «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігі, «Көрұғлы», «Оғызнама» эпостары – қос халықтың мұрасын биік деңгейге көтеріп тұрған шығармалар. Олар біздің әдебиетті дәуірлеу тәжірибемізде қандай орын алса, түрікмен әдебиетінің тарихын кезеңдеу барысында да соншалықты деңгейде болуға тиіс. Себебі, бұл шығармалардың белгілі бір дәуірде туып, дамып, жетілуіне, бүгінге дейін желісін үзбеуіне біркелкі факторлар әсер еткені анық. Қорқытты түріктермен және әзербайжандармен көбірек ортақтастыруға дағдыланған біз оның түрікмен әдебиетінің ұлы тұлғасы екенін, сабақтас тарихымыздың бір бастауы сол кезеңде жатқанын ұмытпағанымыз абзал. Себебі, «Қазіргі түрікмен мен қазақтың құрамына енген рулардың біразы сонау IX – X ғасырларда Сырдария бойында оғыз-қыпшақ бірлестігі қарауында болғанын да тарих деректері растайды. Қорқыт атына байланысты оғыз эпосының алғашқы баптарында дәл осы кезеңнің шындығы елес беретіні де анық» [1, 99].

Екі елдің әдеби мұрасын дәуірлеуде ортақ тиянақ болатын шығарма – 16 ғасырдың соңғы жартысында шыққан көне эпос – «Көрұғлы». Бұл эпоста өмірге келуінің өзі адам сенгісіз аңызбен байланыстырылатын Көрұғлы батырдың қаһармандық істері, елін қорғаудағы ерлігі, дұшпандарымен шайқастағы табандылығы, халыққа қамқорлығы жан-жақты баяндалған. Шығармада қиял-ғажайып ертегілерге тән сюжеттер молынан қамтылған. Зерттеулерде «Көрұғлының» әзербайжан, армян, грузин, күрд, түрік, өзбек, түрікмен, тәжік және қазақ нұсқалары бар екені, барлық версиялар бойынша Көрұғлының түрікмен халқының теке-жәуміт руынан шыққандығы айтылады [6, 49]. Осыған орай Р.Бердібай «Қазақ пен түрікмен қатар жырлап келген «Көрұғлы» туралы да ұзақ тоқталуға болар еді. «Көрұғлы» тек осы екі халыққа ғана емес, Орта Азияның өзге жерлеріне де кең таралған. Ауыз әдебиетінің эпостан өзге салаларында да қазақ пен түрікмен халықтарына ортақ сарын толып жатыр» [1, 99], – деп тұжырым жасай келіп, XV – XVIII ғасырлар туындысы деп есептелетін осынау «Көрұғлы» эпосында түрікмен халқының бостандықсүйгіш батыр сипаты көрінгенін айтады [1, 110].

Ә.Қоңыратбаев «Көрұғлы» эпосының қазақ тілінде туған жиырма сегіз нұсқасы бар екенін айтып, қазақ жырларында түрікмен нұсқасымен ұқсастық көп екенін баяндайды. Ол «Жырды кім қайдан алды дегеннен гөрі сюжет қашан, қалай туды, оның ортақтығы неде деген мәселе шындыққа жақындау. «Көрұғлы» сюжеті көптеген елдерге ортақ. Бірақ ол бір ғана XVI-XVII ғасырларды емес, көп заманның оқиғаларын қамтыған кәрі

сюжет болса керек» [7, 255], – деп тұжырым жасайды. Осыдан келіп эпос қай дәуірдің жемісі деген мәселенің басы айқындала түседі.

Түрікмен әдебиетінде айрықша орны бар бұл эпостың тарихы мен табиғатын зерттеушілер оның қазақ халқына қатыстылығы жөнінде мысалдарды көбірек келтіреді. Қазақ пен түрікмен халықтарының арасында ежелден әдеби байланыс дәстүрі орныққан. Бастау көзіміз саналатын көне дәуірлерге зер салсақ, ортақ құндылықтардың аз емес екенін аңғарамыз. Олай болса, «Көрұғлының» қазақ халқына қанықты жыр екенін дәлелдейтін мысал көп. Ежелден жапсарлас жатқан түрікмен, қазақ елдерінің әдеби байланыстары да аз болмаған. Қазақ ақыны мен жыршысы түрікмен жеріне, түрікмен шайыры мен бақшысы қазақ ауылдарына қатысып тұрған. Міне, мұндай жағдайда ән-күй, өлең-жыр ауысу, біреуден біреу үйрену, еліктеу үйреншікті көрініс. «Көрұғлы» дастаны 1885 жылы Қазанда қазақша қисса болып басылған. XX ғасырдың алғашқы ширегінде осы қисса бірнеше рет қайта жарияланған» [1, 111].

XVII ғасыр – түрікмен әдебиетінде «Гөр-оғлы» эпосының қалыптасып, орныққан кезеңі. Қазақтарда «Көрұғлы», Әзірбайжанда «Кер-оглы», тәжіктерде «Гургули» деп аталатын дастанның әр елдегі нұсқаларында түрлі айырмашылықтар бар. Шығарманы арнайы зерттеген мамандар түрікмен эпосында өлеңге қарағанда прозамен баяндалатын тұстар көбірек екенін тілге тиек етеді. Эпоста қолданылған өлеңдер негізінен қаһармандардың аузынан айтылады. Өзге халықтардың әдебиетіндегі «Көрұғлының» нұсқаларында өлеңнің ауқымы қара сөзден көбірек болады. Ал бұл эпостың тәжік әдебиетіндегі нұсқасы түгелдей өлеңмен айтылады [8, 415]. Түркі халықтарының ортақ әдебиетінің тарихында тұтас бір дәуірдің сипатын танытатын шығарма ретінде «Көрұғлы» эпосына айрықша назар аудару керек. Өйткені Орталық Азия халықтарының әдебиеті тарихын зерттеген ғалым И.С.Брагинский айтқандай, «Гөр-оглы» Орталық Азияның барлық халықтарының мәдениетіне қосылған аса бағалы үлес болып саналады. Кейінірек, XVIII ғасырда өзбектердің, кейіннен тәжіктердің қаһармандық эпосы түрікмен нұсқасымен тығыз бірлікте дамиды» [8, 415].

«Орхон-Енисей ескеркіштері», «Қорқыт ата кітабы», «Көрұғлы», «Диуани лұғат ат-түрік» сияқты тұтас рухани қазынаның ортақтығын былай қойғанда екі елдің әдебиетінде кейбір шығармалардың жекелеген сюжеттер ұқсастығының мысалдары да жетіп артылады. Мұның бәрі елдердің ортақ тарих ауқымында дамығанын, біркелкі ахуалды бастан өткергенін, халықтың өсіп-өркендеуіне өзара үйлесімді факторлар ықпал еткенін, соған орай мәдениеті мен әдебиетінің сабақтаса ілгерілегенін айғақтайды. Сондықтан болса керек, «Туысқан түрікмен халқының асыл дастандарының бірі – «Шахсәнәм мен Ғаріп» кей тұстарында қазақтың эпостық туындысы «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» еске салады» [1, 111].

XVII-XVIII ғасырлардағы Орталық Азия елдерінің әдебиеті мұсылман мәдениеті дәстүрлерімен тығыз байланысты болды. Дінді таяныш еткен әдебиет те дәуірдің сипатын бере алатыны белгілі. Бұл орайда А.Байтұрсыновтың қазақ әдебиетін «сындар дәуір», «діндар дәуір» деп жіктеген тәжірибесін естен шығармауымыз керек.

О.Темірбеков ф.ғ.к. доцент

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан, Астана

Rst 58@ mail. ru

Түйіндеме: Ұлттық тілдің тарихы, әр кезеңдегі даму үрдістері кең көлемде сөз етіледі. Қазақ тілінің тарихы бай. Сол тіл байлығын сақтау бүгінгі ғылым мен техника дамығын кезеңде маңызы арта түседі. Әлем тілдерінің тарихына қарағанда қазақ тілінің мүмкіндігі мол. Сол тіл арқылы ұлттың әр кезеңдегі өмір сүрген хандарымыз бен би-шешендердің, батырлар мен қолбасылардың бітім-шешімдері, шешендік сөздері ұлттық тілде көркем, байыпты баяндалады. Ежелдегі Асанқайғыдан бастап, қазіргі кезең аралығында жасаған ақын-жазушылардың шығармашылық мұралары ұлттық сөздің қайнарлары арқылы көпшілікке жетті. Олардың шығармашылықтарындағы халық мұрасы, тарихы мен дәстүрі, тілі мен ділі халық қазынасы арқылы кеңінен таныс. Асанқайғының сөздерінен ел мен жердің байлығы, хандық саясаттың қыры, Отан мен отбасылық құндылықтар кеңінен көрінеді. Одан кейінгі ғасырларда жасаған Бұхар мен Қазтуғанның, Дулат пен Абайдың, Мағжан мен Мұқағалидің өлеңдерінде ұлттық тілдің мүмкіндіктері, көркемдік арналары айқын аңғарылады. Ұлттық тілдің қайнарлары, әдебиеттің дәстүрлі жанрларында, проза мен драматургияда, фантастика мен сатирада жан-жақты көрініс табады. Осы реттен алғанда Абайдың ақындық мұралары мен карасөздерінде, Мағжанның көркемдігі мен эстетикалық құндылықтары жоғары сыр-сезімдері, Қасымның рухты жырлары, Мұқағалидың нәзік лирикаларындағы өмір шындығы мен уақыт тынысы ұлттық тілдің мүмкіндіктерін айқын аңғартады.

Сөз өнері бар өнердің басы болғандықтан, Абайдан бастап Мүсіреповке дейін, Байтұрсыновтан А.Қайдарға дейін ұлттық тілдің байлығын, оның мазмұны мен сапасын, даму мүмкіндіктерін кеңінен сөз етті. Мысалы; А.Байтұрсыновтың «Тіл құрал» еңбегінен бастап, Ф.Оразбаеваның әдістемелік бағыттағы зерттеулерінде сөздің грамматикалық, лексикалық жағы, сөзжасам сипаты кең орын алады. Алдымен сөздің қарым-қатынастағы орны, дауыс ырғағы мен интонациядағы қызметі, өзіндік белгілері мен қасиеттері айқындалады. Ал қазақ тілінің ғылым тілі ретінде қалыптасу және даму жолдары назар аудартады. Қазіргі кезде ғылым саласын қазақ тілі арқылы өркендетуге мүмкіндік мол. Ғылыми мәтін, сөз жүйесі, ойлау мәселелері ұлттық тіл мүмкіндіктерін толық байқатады. Ал әдеби тілдің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылымы, сөз қолданудағы амал тәсілдері, ғылыми тіл мүмкіндіктерін толық білдіреді.

Қазақ оқымыстылары ұлттық тілдің қызметі мен қолданысы туралы еңбектер қалдырды. Атап айтқанда А.Байтұрсыновтың «Тіл құрал», Қ.Кемеңгеровтің «Оқу құралы», Х.Досмұхамедұлының «Үндестік заңы туралы», «Қазақ-қырғыз тіліндегі қырғыз тіліндегі сингармонизм» атты еңбегінде қазақ тілінің қолданыс аясы, мағыналық сипаты, дыбыс тық үндестік ерекшеліктері қарастырылады. Ал Елдес Омарұлының «Қазақша пән сөздер» атты мақаласында қазақ тілінің заңдылықтары, жүйесі айқындалады. Қ.Жұбановтың терминге байланысты «Термин сөздердің спецификасы жөнінде деген мақаласында терминдік ұғым мен күнделікті сөздердің мағынасы қарастырылады, халықаралық және қазақ тілінің терминдері салыстырылып,

өзге ғылым салаларымен байланысы ашылады.

Жинақтап айтқанда, халық қазынасы ұлттық тілдің қалыптасуы мен дамуы өмірдің бар саласын қамтиды. Өмірдің өзекті мәселелері ұлттық тіл арқылы көрініс табады. Халық тілі мен тарихы әрқашан сабақтастықта дамып, халықтың тұтас қоғамдық-мәдени, саяси-әлеуметтік дамуын көрсетеді.

Резюме: В истории казахского языка отражаются вся история народа. Вся действия, события и сказанные мудрые мысли проживших в разных эпохах ханов и биев, поэтов, ораторов, героев вся богатства народа сохранились в языке нации. Мудрые слова, источник национальных богатств начиная с древних времен до современных поэтов и писателей дошли до народа через национальный язык. Творчества отражающие духовную богатству народа, истории и традиции, языка и бытия мастеров слов популярны среди народа. В произведениях Асанкайгы глубоко познаем богатства народа и земли, разные аспекты правления и политики повелителей, ценности Родины и семьи. В творчестве прожившие в последующие века Бухара и Казтугана, Дулата и Абая, Магжана и Мукағали полностью раскрываются все возможности и художественные искания народа. Источники национального языка широко отражаются в традиционных жанрах, поэзии, прозе и драматургии, и разных художественных методах, фантастике, сатире и т.д. В связи с этим в стихах и слова назиданиях Абая, высоко художественные и эстетически ценные лирики Магжана, духовные лирики Касыма, жизненная правда и дух времени в лириках Мукағали отражают возможности национального языка. Словесное искусство основа всех видов искусства, поэтому начиная с Абая до Мусрепова, с Байтұрсынова до А. Қайдары исследовал богатства, ее содержание и качество, тенденции развития. Например, в труде «Тіл құрал» А.Байтұрсынова, в методологических исследованиях Ф.Оразбаевой систематизируется грамматические, лексические, словообразовательные основы языка. В современности **основная задача** общества внедрять широко национальный язык в науку. Научный текст, система слов, проблемы мыслить и думать полностью отражают национального языка. А словесный состав и грамматическая структура, методы и способы в использовании отдельных слов выражает возможности научного языка.

Казахские просветители оставили немало трудов о национального языка и его применении в жизни. А именно в своих научных трудах А.Байтұрсынова «Тіл құрал», К.Кеменгерова «Оқу құралы», Х.Досмұхамедова «Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сингармонизм заңы» рассматривается сферы применения языка, признаки языковых значения, особенности звукового созвучия. В статье Е.Омарова анализируется языковые системы и языковые нормы. В книге «Специфика слов-терминов» К. Жубанов написал о понятиях слов терминов, определяет основы терминологии и формирует теоретические правила терминологии, а также рассматривает в сравнении казахских и международных терминов.

Формирование и развитие национального языка охватывает все сферы жизни. Язык и история народа развивается в единстве и отражает общественно- исторический, политико-социальный уровень наций.

THE NATIONAL LANGUAGE IS THE WEALTH OF THE PEOPLE

professor R. Turysbek

professor A.Ussen

professor B. Kurganbekov

Associate professor O.Temirbekov

L.N.Gumilyov Eurasian National University

Kazakhstan,

Astana

Rst 58 @ mail. ru

Abstract: The history of the Kazakh language reflects the entire history of the people. All actions, events and wise thoughts about the khans and biys that lived in different epochs, poets, speakers, heroes, all the wealth of people were preserved in the language of the nation. Wise words, the source of national wealth, from ancient times to modern poets and writers, reached the people through the national language. Creativity, reflecting the spiritual wealth of people, history and traditions, the language and life of the masters of words, are popular among people. Creativity, reflecting the spiritual wealth of people, history and traditions, the language and life of the masters of words, are popular among people. In Asankaya's works we know deeply the riches of the people and the land, various aspects of the government and politics of the rulers, the value of the Motherland and family. In the works of Bukhara and Kaztugan, Dulat and Abay, Magzhan and Mukagali, who live in the following centuries, all the possibilities and artistic aspirations of people are revealed. Sources of the national language are widely reflected in traditional genres, poetry, prose and drama, various artistic methods, fiction, satire, etc. In this respect, in poems and words of Abai's comprehension, highly artistic and aesthetically valuable lyrics of Magzhan, Kasim's spiritual lyrics, the life truth and the spirit of the times in Mukagali's texts reflect the possibilities of the national language. Verbal art is the basis of all kinds of art, therefore, from Abai to Musrepov, from Baytursynov to A. Kaidari, he studied the wealth, its content, both quality and development trends. For example, in the scientific works of A. Baytursynov in the methodical works of F. Orazbaev, the grammatical and lexical foundations of the language are systematized. In our time, the main task of society is the introduction into science of a widespread national language. The scientific text, the system of words, the problems of thinking fully reflect the national language. The verbal composition and grammatical structure, methodologies and methods in the use of individual words express the possibilities of a scientific language. Kazakh educators left a lot of work on the national language and its application in life. Namely in his scientific works A.Baytursynov's "Тіл құрал", K.Kemengerov's "Оқу құралы", H.Dosmukhamedov "Қазақ-қырғыз тілдеріндегі сингармонизм заңы" the spheres of language application, signs of linguistic meaning, peculiarities of sound consonance are considered. E.Omarov's article analyzes language systems and language norms. E.Omarov's article analyzes language systems and language norms. In the book "Specificity of word-terms" K. Zhubanov wrote about the concepts of words of terms, defines the basis of terminology and forms theoretical rules of terminology, and also considers the comparison of Kazakh and international terms.

Formation and development of the national language covers all spheres of life. Language and people's history develops in unity and reflects the socio-historical, political and social level of nations.

Халық қазынасының қайнары – ұлттық тілдің тарихы, даму үрдістері, сабақтастығы бар.

Ұлттық тіл мұраты мен тағылымы әр кезеңде, бүгінгі дәуірде де өзектілігін жойған жоқ. Арыдан тартсақ, әл-Фарабиден-Абайға, Байтұрсыновтан-Әуезов әлеміне ұласқан дәстүрлі мәдениеттің үлгі-өрнектерінде - Тіл өнері, бел-белесі, тұғыры туралы кеңінен айтылды. Бұл бағыт қазір де кең арна, өріс алып отыр. Өйткені, тіл-халық қазынасының қайнары.

Асылы, тіл-қоғамдық құбылыс қана емес, әрі қатнас пен түсіністіктің, ой мен сөздің одағын, бірлігін көрсетеді. Тіл мәселесі- мәңгілік тақырып. Оны сақтап, дамытып отырған жөн.

Тіл туралы бұрын да айтылған, қазір де аз жазылып жүрген жоқ. Тіпті, 1920 жылдардан бері қарай тіл мүддесін көздеген бірнеше құжат өмірге келген-ді. Айталық, 1921 жылғы 2 ақпандағы Қазақ Автономиясы Халық Комиссарлар кеңесінің 10 тармақтан тұратын деректерінде мемлекеттік мекемелерде қостілдік /қазақ және орыс/ жүйені сақтау, оны қолдау мәселесі қозғалған. Көп ұзамай, 1923 жылдың 23 қарашасында сол кездегі Орталық атқару комитетінің төрағасы С.Мендешев пен оның хатшысы Ж. Сәдуақасовтар қол қойған құжат қабылданды. Бұдан кейінгі құжатты, яки 1958 жылғы 12 ақпанда Республика Министрлер кеңесі қабылдаған-ды. Мұның да өзіндік бағыты, мәнді өзгешеліктері болды.

Бұл құжаттардың ұлттық тіл мен оны дамытуда, өмірдегі қолдану аясын кеңейтуде едәуір әсер-ықпалы болды. Бұдан кейін де тіл төңірегінде қаулы, құжаттар қабылданғаны анық... Қазір, кейінгі құжат- Тіл туралы Заң /1989 жыл, 22 қыркүйек/ өмірге еркін енді. Қоғамда, өмір ағынында басымдық алды. Ендеше, оны сақтап, даму үрдісін арттыру абзал.

ҚР Ата Заңында және айқындалды /1995 жыл, 30 тамыз/.

Алдымен айтарымыз, алыс-жақын елдердің білімпаз-оқымыстыларының ойлары мен толғаныстарынан Қазақ халқының бай дәстүрі, терең тарихы мен тағылымы айқын аңғарылады. Оқып көрелік, В.В. Радлов : «Қазақтардың тілі жатық та шешен, әрі өткір, көбіне іліп-қағып сұрақ пен жауап беруге келгенде таңғаларлықтай оралымды сөйлейді. Кез-келгені, тіптен сауатсыздарының өзі ана тілінде біздің Еуропада байқап жүргенімізден тек француздар мен орыстардың дәрежесінде сөйлей біледі». Ал, М.П. Мелиоранскийді тыңдасақ: «Қазақ тілін зерттеушілердің бәрі бірауыздан қазақ тілі түркі тілдері ішіндегі ең таза әрі бай тіл деп куәландырып отыр». Ал, бұл жәйттер, әсіресе әліпби, жазу ережелері ұлт оқымыстыларының алғашқы құрылтайы тұсында кеңінен сөз болды [1,21].

Қазақ зиялылары - А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Т.Рысқұлов, С.Қожанов, С.Сәдуақасов, М.Шоқай, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин т.б. ұлт мұраты мен ұрпақ қамы, ел-жер жайы, ауыл-қала сипаты, білім-ғылым жүйесі, қазақ тілінің тағдыр-талайы, жастар ісі мен өнер өрісі т.т. кемел ойлап, кеңінен сөз етті. Ұлт мұратына, руханият ісіне адалдық танытты. Уақыт рухын терең танытты.

Ұлт зиялыларынан жеткен ойлар мен толғаныстарының кейбір үзік- үлгілерін оқып көрерлік. Бұл тұстардан да ана тілінің қуаты танылады.

Ә. Бөкейханов: «Бұрын адам аз, жер көп болған, мұны біздің қазақ өз көзімен көріп отыр. Жердің көп -азына қарамай, жердің науасына қарай адам баласы мал баққан, егін салған. Жер көп болса мал бақса, бұл шаруаны қылған жұрт малмен бірге көшіп жүрген. Жер аз болса, жердің науасы егінге қолайсыз болса, мал шаруасын ұстап отырып, малды көшіріп қойып, жұрт өзі отырықшы болған. Бұған мысал Еуропада Швейцария жұрты жері Түркістан, Алтай, Алатаудай ғұмырында қар кетпейтін биік тау, малға жақсы, егінге жаман, адамы отырықшы болып қалада отыр, шаруасы мал бағу. Жер аз болған соң малдың басын азайтып, сүйегін асыл қылып, мал бағып,

тіршілік қылып отыр.»

Ахмет Байтұрсынов: «Амалыңды түзет, түземесең ешкімге кінә қойма. Беті жаманның айнаға өкпелеуі жөн бе? Ниеті жаманның Аллаға өкпелеуі жөн бе? Талап жоқ, үміт мол бар халықпыз.үмітіміздің көбі қошқар, қасқырдың үміті сықылды! Өзім жатсам екен, керегім өзі кеп тиер болса екен дейміз. Оны Алла да, адам да қабыл көре ме? Еңбексіз егін шықпайды, терлесең, терің тегін қалмайды. Телміріп алған теңгеден тер сіңірген тиын жұғымды. «Қараған қарап қалар» деген қазақта жақсы мақал бар, бірақ ол мақалды ескертетұғын қазақ жоқ. Қарап жатқанда табылатын болса, ғылым, өнер баршасы қазақта болар еді. Олардың бәрі де көрінбейді.

Ата жолдасы надандық, өнерсіздік қазақтан айырылатын емес. Надандықтың кесепаты әр жерде – ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айырылмай – ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз- бәрі надандықтың кесепаты ».

Мұстафа Шоқай:«Ұлтық зиялы деп кімдерді айтамыз? Бір қарағанда жеңіл көрінгенімен, шын мәнінде бұл сұраққа дұрыс жауап қайыру оңай емес. Оқыған, тәрбие көрген адамның бәрін зиялы деп атап, оны сол адам өзі тән болған ұлттың « ұлттық зиялысы» қатарына қоса беруге болады деп ойласақ, сөзсіз қателесеміз. Біздің ше, белгілі бір мұрат-мақсаттардың соңында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттар төңірегінде жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтықсыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады. Зиялылардың міндеті ұлы да қасиетті болуы себепті өте ауыр... » [2].

Бұдан: ұлт оқымыстыларының ел-жер тағдырына, білім-ғылым, өнер мұратына, жалпы руханият ісіне бей-жай қарай алмайтындығы терең танылады.Ұлт пен ұрпақ қамы,отан мен отбасы сабақтастығы да сезіледі.

Маңыздысы: қазақ зиялылары кеңінен айтып,кемел ой қозғаған ұлттық мәселелер,руханият ісінің түйінді тұстары бүгін де мәнді, маңызды.

Байқалар ерекшелік: қазақ зиялылары ұлт мұраты мен мүддесін, халыққа қажетті маңызды іс-әрекет, шараларды тамыршыдай тап басып көрсетеді.Сөз бен істе бірлік бар. Ұлт жолында бастама да, тәуекел де мол.

Түйінді тұсы: ұлт мұратына қатысты кемел де келелі ойлар қозғайды, ұрпақ қамына, руханият өрісіне байланысты көзқарастары қазіргі кезеңде де мәнді.Ел-жерге адал,азаттыққа,өмірге құштарлықтарында шек жоқ.

Бұл – басты мұрат, негізгі назарда болатын жәйттардың бірі.

Көне кезең куәлары , ежелгі әдебиет пен мәдени жәдігерлеріміз,қысқасы руханият ісі - Тіл, Ой, Сөз жүйесі арқылы жеткен.Уақыт рухын танытты.Кеше мен бүгінді жалғады.

Ақын-жазушылар ерекшелігі тіл мұратынан, тазалыға мен қолданысынан кеңінен көрінеді. Айталық, әл-Фараби трактаттарында фәлсафалық – ойшылдық иірімдер, Қорқыт, Асан Қайғыда дидактикалық сарындар, Бұхар, Дулат толғауларында қоғам, өмір- уақыт тынысы, Абай әлемінен халықтық мұраттар, адами-рухани мәселелер, Ж.Аймауытұлы шығармашылығынан шеберлік деп шешендік танылады. М.Әуезов тілінде құрмалас сөйлем мол, ой-сөз жүйесі терең. С.Мұқанов халық тіліне жетік, ауызекі сөйлеу үлгісі, дерек көздері көп. Ғ.Мүсірепов ой-тіл жүйесін көркемдікке, сұлулыққа, шеберлікке құрады. Ғ. Мұстафин диалог, сұхбат, сырласуға бейім тұрады. Ә. Нұршайықов жастық, достық, махаббат тақырыптарын жан жылуы, мейірім шуағы арқылы баян етеді. М.Әлімбаев күнделікті өмір тұрмыс суреттерін көңіл күнделігі, халық тағлиматтары негізінде сөз етеді. З.Қабдолов қисындарынан ой мен сөз бейнелі, бедерлі сипат алады. С.Қирабаев жүйелі, ойлы, нақты жеткізеді. Т.Кәкішев деректі, сенімді, серпінді сөйлейді.Кеше мен бүгін байланысына мән береді.Оның да бүгінгі күні маңызы зор.

Мұндай дерек-мысалдар көп. Ендеше, үлгі-өнеге бар. Бағыт, мұрат айқын. Өмірімізді, еңбегімізді, іс-әрекетімізді – ұлтқа, оның келелі келешегіне арнауымыз керек. Оның бастапқы тұсында, сөз жоқ Тіл- тұғыр тұруы керек. демке, тіл – халық қазынасы.

Қазақстан Жазушылар Одағы 1984 жыл – «Көркем шығармалар тілі» туралы жиын өткізіп, оның тағылымды тұстары көп болды. [3]. Жекелеген жиын өтті[4], қазақ афоризмдері жарық көрді [5]. Осы бағыт, үрдіс жалғасын тапса – нұр...

Ендеше, Ұлттық тіл- бик тұғырға көтеріліп, оның барша мәселелері мен мүкіндіктері қашан, қалай шешімін табады? Бұл сұрақ: қаны мен тілі, діні мен ділі бір бойынан табылатын әрбір қазақтың көзінде де, көңілінде де жүр. Өйткені, тілге құрмет-ұлтқа адалдық, ілтипат! Ақын сөзімен айшықтасақ: «Өзге тілдің бәрін біл, Өз тіліңді құрметте!». Өйткені: «Ана тілінің асыл қасиеттерін бойға сіңіру бөбектің жөргегінен басталатынын адамзат тарихы талай ғасырлардан бері дәлелдеп келе жатыр»[6].

Атап айтар жәйт: ел дамуының бағыт-бағдарынан-адам капиталы, оның сапасын жақсарту туралы мәселе алдыға шыққаны анық. Бұл бағыт қоғамның барша саласында, әсіресе білім беру жүйесінен, оқу бағдарламаларындағы жаңа моделден, ойлау қабілеті мен ізденіс арналарынан аңғарылады. Бастысы, қазақ тілінің басымдығына мән беріледі. Үш тілді оқыту кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламаларына бақылау мен жауапкершілік артады. Ұлттық тіл, оны оқыту сапасы, әдістеме жәйі негізгі назарда болады. Өйткені, тіл-ұлт айнасы, қымбат қазына. Руханият қайнары.

Біріншіден, Үштаған тірек /отбасы, балабақша, мектеп/- жұмған жұдырықтай бірлік-береке аясында еңбек етуі керек. Еңбек, оқу, іс-әрекет – Ұлттық мұратқа адалдықтан тұруы тиіс. Бұл - Отбасы мен Отанға адалдық пен тұрақтылықтан, перзенттік парыз-қарыздан көрініс тапқаны жөн.

Екіншіден, білім жүйесі, тәлім-тәрбие ісі, қарым-қатынас аясы- Ұлттық тіл арқылы жүзеге асуы шарт. Отбасы тәрбиесі ұстаз ұлағатымен ұштасып, бірін-бірі байытып, ұлы мұраттарға қызмет еткені нұр.

Үшіншіден, Ұлттық мұратқа қатысты әрбір іс-Ар атынан айтылып, жүрек әмірімен орындалып, көңіл сәулесі, мейірім шуағы жан-жақты сезілуі қажет. Тіл тұғыры мен ел абыройы осы тұста бар қырынан ашылары хақ.

Төртіншіден, қазақша ойлап, оқып-жазу- әрбір ұлт өкілінің төл міндетіне айналу керек. Өзін - қазақпын, әрі осы ұлт өкілі санайтын әрбір адам көзқарасын, еңбек мұраттарын айқындап, елге қызметін абыроймен атқарып, осы бағытқа мықтап табан тіреуі тиіс. Басқаша әрекет-Азаматтыққа сын! Ар-намысқа, санаға көлеңке түсіріп, жүрекке салмақ салады.

Бесіншіден, Ауыл мен Астанаға талап-талғам, көзқарас бірдей болуы шарт. Тіл тұғыры мен тамыры ауылда, қала- өркениет өрісі! Ендеше, ауыл-қала бірін-бірі толықтырып, келелі келешекке қатар қадам жасау керек. «Өткелде – ат ауыстырмайтынын» ескерсек, Ұлт рухы мен жанына көлеңке –сызат түспеуі керек. Асылы, тіл-ұлт қазынасы, халық мұрасы мен мирасы.

Тарих тағылымы, қазіргі кезең үрдісі, бүгінгі күн шындығы осы.

Тұтастай алғанда, тіл мұраты айқын:

Ұлт бар жерде-оның рухы, жаны, жалауы, тамыр-тынысы-Тіл болуы ақиқат жайт. Тілсіз қоғам, адам мұраты-қанатсыз құс, елес әлем;

Қоғам байлығы- Адам, оның еңбегі болса, Тіл-жаны, жүрегі. Ендеше, өмірге өріс, жанға-жарық, жылу, жүрекке- нұр, шуақ керек...

Тіл-Ұлттың күретауы. Тамыр- жүрекке апаратын жол. Жүрек –тіршілік тұтқасы. Тіршілік тынысы- тіл. Қоғам дамуы, адам еңбегі сонда өріс алады. Тіл тұғыры- биік әрі берік болғаны нұр.

Тіл- ұлт айнасы. Онда: ақыл-парасат мәйегі, ой-сөз жүйесі бар. А. Байтұрсыновша

айтсақ: «Сөзі жоғалған жұрттың - өзі де жоғалады».

Жоқтың аты-жоқ. Басқа балама,бәсеке болу мүмкін емес.

Жоқ болудан, жоғалып кету қаупінен сақтасын, Жаратушым!!!

Өйткені:тіл- кие, құдірет!Тіл-асыл мұра, қымбат қазына!Тіл-айбын, мерей, тұғыр!Тіл-ұлы мұрат, мәңгілік құбылыс...

Ендеше, Тіл төңірегіндегі ойлар мен толғаныстардың қай-қайсысы да ұлт мұратын арқау етсе, оның қоғамдағы , өмір –тұрмыстағы орын- үлесін терең сезінсе, бұдан халықтың қымбат қазынаға қатысты көзқарастары бұрынғыдан да берік болады, әрі кемел келешекке деген үміт-сенімі ұлғайая түсері хақ.Тегінде,тіл-ұлт айнасы Һәм қазынасы болғандықтан,оны аялау мен бағалау,оған деген құрмет еселеп артып,жауапкершілік міндеті мен сезімі,азаматтық Һәм перзенттік парыздың төмендемегені жөн.

Осы орайда,Ұлттық тілге кең өріс ашып,жан-жақты дамытқан жөн.Білім жүйесінде,әдістеме мұраттарында әрдайым назарда ұстаған жөн.

Ұлт мерейі мен мәртебесі,даму үрдістерінің негізі де осы.

Ана тілінің- ұлт байлығы, айбыны мен ардағы, қымбат қазынасының бірі болуының басты мәні, сыры мен сымбаты осында болса керек.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сііезі. - Алматы, 2005. -21 бет
2. Тіл мұраты// «Егемен Қазақстан, 2003, 1 қаңтар
- 3.Өнер алды - қызыл тіл. -Алматы: Жазушы, 1986. -204 бет).
- 4.Тіл және руханият:өзекті мәселелер. -Астана: Тіл комитеті, 2010. – 560 бет
- 5.Сөз сарасы.- Алматы: Сардар, 2009. -160 бет
- 6.Серғалиев М. Тілім менің - тінім менің.- Алматы: Сардар, 2013. -14 бет



ҚАЗАҚЫ ДІНИ ДҮНИЕТАНЫМНЫҢ ГУМАНИСТІК СИПАТЫ

О.Темірбеков ф.ғ.к. доцент

А.Үсен ф.ғ.д. профессор,

Р.Тұрысбек ф.ғ.д. профессор

Б. Қорғанбеков ф.ғ.к. профессор

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қазақстан, Астана

Rst 58@ mail. ru

aierke 0102@ mail.ru

Түйіндеме: Қазақ дүниетанымының ерекшелігі – атеистік сананың жоқтығы. Қазақ қашаннан Құдайға қараған халық. «Құдайға қарау» деген тұрақты сөз тіркесі – Жаратушыны тану деген мағынаны береді. Грек ойшылы Пратогордың айтуынша адам барлық нәрселердің өлшемі екендігі белгілі. Бұл қағиданың мәнісі – бар болғаны - адам бар мен жоқтың, белгілі мен белгісіздің арасындағы меже ғана. Сондықтан ол бар нәрселерді «бар», жоқ нәрселерді «жоқ» деуші. Қазақ дүниетанымда бұл маңызды қағида «білетінің бір тоғыз, білмейтінің тоқсан тоғыз» деген мақал арқылы көрініс табады. Осыған байланысты қазақ адамы білмеген нәрсесі туралы «Құдай біледі» деп айтады. Бұл фундаменталды түсінік қазақ халқын «айттым – бітті, үздім – кесілді» деген тоталитарлық ойлау жүйесінің сақтандырып, өз мүмкіндіктерінің шекарасын үнемі сақтап отыруға көмектеседі. Қазақ социумында ешқашан тоталитарлық ойлау жүйесіне құрылған авторитарлы мемлекеттің болмауының басты себептерінің бірі де осы. Екіншіден, қазақ халқының діни танымы бойынша - Жаратушының алдында барлық ұлттар мен ұлыстар тең; ешқандай бір-бірінен айырмашылығы да, артықшылығы да жоқ. Бұл гуманистік ұстанымның негізінде – барлық адам баласы Адам ата мен Хауа анадан тараған деген түсінік жатыр. Қазақ ойшылы Мәшһүр Жүсіп бұл түсінікті нағыз, шынайы мұсылман болудың шарты санайды. Сондай-ақ, бұл түсінікке «барлық адам баласы мұсылман болып туады, кейіннен ата-аналары олардың біреуін насарани (христиан – О.Ж), біреуін яхудей, біреуін пұтқа табынушы қылады» деген хадисті қосыңыз. Егер дін ұстанушы адамдарды діни ерекшеліктеріне қарай жіктеп бөліп-жаратын болса, онда оның ұстанған діні қате деген сөз. Қазіргі кезде діни ерекшеліктерге, нәсілдік, тілдік айырмашылықтарға байланысты қоғамда көптеген әлеуметтік қақтығыстар болып жатады. Бұның барлығы дінді дұрыс түсінбегеннен пайда болатын келеңсіз құбылыстар. Қазақ ойшылы Абай өз шығармаларында «әрбір ақылды адамға иман парыз, ал әрбір иман келтірген адамға ғибадат парыз» деген хадисті алға тартады. Абайдың ойынша діннің негізі болып табылатын иманға адам ақыл арқылы келуі керек; иман келтірудің ең басты шарты – иман келтірушінің ақылды болуы. Егер адам туғаннан ақылсыз, ақыл-есі кем болса ондай адамға иман келтіру парыз болып есептелмейді екен. Ал ақылмен иманның не екенін түсініп алмайынша құлшылық етушінің құлшылығы (ғибадаты) толымды болмайды. Ақылдың дінді түсінуде, Құдайды тануда, жалпы адамның тіршілігіндегі маңызын қазақ халқы «Құдай қарғайын деген адамның ақылын алады» деген мақал арқылы бекітеді. Қазақ халқының дінді түсінудегі басты ерекшеліктерінің бірі – діннің сыртқы формасы емес, ішкі мәніне баса назар аударуы. Бұл тұрғыдан қазақ халқы «құмыраның сыртқы бейнесі емес, ішінде не бар екендігі маңызды» деген қағиданы берік ұстанады. Осы қағидаға адал қазақ ғұламасы Мәшһүр Жүсіп мұсылманшылық немен болады? деген риторикалық сұрақты қоя отырып, мұсылманшылық ең әуелі уәдеге опалы болу арқылы болады дейді. «Опа» сөзі - арап тілінен аударғанда «айтқан сөзіңе адалдық» деген мағыны береді екен.

Резюме: Особенность казахского мировоззрения- отсутствие атеистического сознания. Казахи всегда верили на всевщего Бога. Это отражается в словах и

словосочетаниях, языковой единице. «Смотреть на Бога» это фразеологизм означает – познание создателя. По мнению греческого мыслителя Протогора человек всего лишь измерения всегосущества не земле. Значения этой аксиомы человек это грань между быти и небытия, известного и неизвестного. Поэтому Он подтверждающий существующего, отрицающий несуществующего. В казахской мировоззрении эту основную аксиому отражает пословица «Знаешь девяти, а незнаешь девяноста девяти». В связи с этой мыслью, казах о неизвесном говорит, «Одному Богу известно». Эта фундаментальная концепция защищает казахский народ от высокомерия, тирании, суровости, которая придерживается мысли «она называется, она разрешена, отсекается», помогает противостоять пределам ее возможностей. И именно по этой причине авторитарное государство в казахском обществе не существует на основе тоталитарного мышления. Во-вторых, для казахского религиозного мировоззрения для Творца все народы и нации равны, они не отличаются друг от друга особым положением или статусом. В основе этого принципа лежит представление о том, что все человечество принадлежит Адаму и Еве. Казахский мыслитель Машһур Юсуп считает, что эта концепция является одним из основных условий для того, чтобы быть мусульманином. Это мнение подтверждается хадисом: «Все люди рождаются мусульманами, а затем их родители превращают одного из этих детей в христиан, а другого - евреев и других - в язычников. Если религиозная личность людей определяется по религиозным соображениям, то его религия не праведен. В наше время многие конфликты возникают из-за религиозных, расистских и языковых различий. Многие воюющие люди не могут правильно интерпретировать основы и принципы разных религий. В своих работах великий мыслитель Абай основывается на хадисе: «Каждый разумный человек должен верить, и каждый верующий имеет свое собственное поклонение». Согласно Абая, человек должен найти веру с ясным умом, который является основой религии. Главным условием веры является ум. Если человек не умный или умственно отсталый от рождения, он не обязан быть верующим. Если человек, который не понимает причину веры своего поклонения, не считается полным. Роль ума в познании Бога, в существовании человека определяется в казахской пословице: «Если Бог наказывает человека, лишает его ума». Самой важной особенностью понимания религии казахского народа является их внутреннее содержание, а не внешняя форма.

THE HUMANISTIC ASPECT OF THE KAZAKH RELIGIOUS WORLDVIEW

*Associate professor O.Temirbekov
professor A.Ussen
professor R. Turysbek
professor B. Kurganbekov
L.N.Gumilyov Eurasian National University
Kazakhstan,
Astana
Rst 58 @ mail. Ru
aierke 0102@ mail.ru*

Abstract: The peculiarity of the Kazakh worldview is the absence of atheistic consciousness. Kazakhs have always believed in the all-pervading God. This is reflected in words and phrases, the language unit. The phraseology "Watching God" means knowing the creator. According to the Greek thinker Pratoigor, man is only a measurement of the whole being not to the earth. The meanings of this axiom, man is the line between being and non-being, known and unknown. Therefore He confirms the existing, denying non-existence. In the Kazakh worldview, this basic axiom reflects the proverb "You know nine, but you do not know ninety-nine." In connection with this thought, the Kazakh about the unspeakable says: "One God knows." This fundamental concept protects the Kazakh people from arrogance, tyranny, sternness, which adheres to the idea "it is called, it is solved, cut off", helps to resist the limits of its capabilities. And it is for this reason that an authoritarian state in the Kazakh society does not exist on the basis of totalitarian thinking. Secondly, for the Kazakh religious worldview for the Creator all nations and nations are equal, they do not differ from each other by a special position or status. At the heart of this principle is the notion that all mankind belongs to Adam and Eve. Kazakh thinker Mashur Yusup believes that this concept is one of the basic conditions for being a Muslim. This opinion is confirmed by the hadith: "All people are born Muslims, and then their parents turn one of these children into Christians, and the other - Jews and others - into pagans. If the religious personality of people is determined for religious reasons, then his religion is not righteous. In our time, many conflicts arise because of religious, racist and linguistic differences. Many warring people can not correctly interpret the foundations and principles of different religions. In his works, the great thinker Abai is based on the hadeeth: "Every reasonable person should believe, and every believer has his own worship." According to Abai, a person must find faith with a clear mind, which is the basis of religion. The main condition of faith is the mind. If a person is not intelligent or mentally retarded from birth, he does not have to be a believer. If a person who does not understand the reason for the faith of his worship is not considered complete. The role of the mind in the knowledge of God, in the existence of man is defined in the Kazakh proverb: "If God punishes a person, deprives him of his mind." The most important feature of understanding the religion of the Kazakh people is their internal content, and not an external form.

Қазақ дүниетанымының ерекшелігі – атеистік сананың жоқтығы. Қазақ қашаннан Құдайға қараған халық. «Құдайға қарау» деген тұрақты сөз тіркесі – Жаратушыны тану деген мағынаны береді. Грек ойшылы Пратогордың айтуынша адам барлық нәрселердің өлшемі екендігі белгілі. Бұл қағиданың мәнісі – бар болғаны - адам бар мен жоқтың, белгілі мен белгісіздің арасындағы меже ғана. Сондықтан ол бар нәрселерді «бар», жоқ нәрселерді «жоқ» деуші. Қазақы дүниетанымда бұл маңызды қағида

«білетінің бір тоғыз, білмейтінің тоқсан тоғыз» деген мақал арқылы көрініс табады. Осыған байланысты қазақ адамы білмеген нәрсесі туралы «Құдай біледі» деп айтады. Бұл фундаментаальды түсінік қазақ халқын «айттым – бітті, үздім – кесілді» деген тоталитардық ойлау жүйесінің сақтандырып, өз мүмкіндіктерінің шекарасын үнемі сақтап отыруға көмектеседі. Қазақ социумында ешқашан тоталитардық ойлау жүйесіне құрылған авторитарлы мемлекеттің болмауының басты себептерінің бірі де осы. Екіншіден, қазақ халқының діни танымы бойынша - Жаратушының алдында барлық ұлттар мен ұлыстар тең; ешқандай бір-бірінен айырмашылығы да, артықшылығы да жоқ. Бұл гуманистік ұстанымның негізінде – барлық адам баласы Адам ата мен Хауа анадан тараған деген түсінік жатыр. Қазақ ойшылы Мәшһүр Жүсіп бұл түсінікті нағыз, шынай мұсылман болудың шарты санайды. Сондай-ақ, бұл түсінікке «барлық адам баласы мұсылман болып туады, кейіннен ата-аналары олардың біреуін насарани (христиан – О.Ж), біреуін яхудей, біреуін пұтқа табынушы қылады» деген хадисті қосыңыз. Егер дін ұстанушы адамдарды діни ерекшеліктеріне қарай жіктеп бөліп-жаратын болса, онда оның ұстанған діні қате деген сөз. Қазіргі кезде діни ерекшеліктерге, нәсілдік, тілдік айырмашылықтарға байланысты қоғамда көптеген әлеуметтік қақтығыстар болып жатады. Бұның барлығы дінді дұрыс түсінбегеннен пайда болатын келеңсіз құбылыстар. Қазақ ойшылы Абай өз шығармаларында «әрбір ақылды адамға иман парыз, ал әрбір иман келтірген адамға ғибадат парыз» деген хадисті алға тартады. Абайдың ойынша діннің негізі болып табылатын иманға адам ақыл арқылы келуі керек; иман келтірудің ең басты шарты – иман келтірушінің ақылды болуы. Егер адам туғаннан ақылсыз, ақыл-есі кем болса ондай адамға иман келтіру парыз болып есептелмейді екен. Ал ақылмен иманның не екенін түсініп алмайынша құлшылық етушінің құлшылығы (ғибадаты) толымды болмайды. Ақылдың дінді түсінуде, Құдайды тануда, жалпы адамның тіршілігіндегі маңызын қазақ халқы «Құдай қарғайын деген адамның ақылын алады» деген мақал арқылы бекітеді. Қазақ халқының дінді түсінудегі басты ерекшеліктерінің бірі – діннің сыртқы формасы емес, ішкі мәніне баса назар аударуы. Бұл тұрғыдан қазақ халқы «құмыраның сыртқы бейнесі емес, ішінде не бар екендігі маңызды» деген қағиданы берік ұстанады. Осы қағидаға адал қазақ ғұламасы Мәшһүр Жүсіп мұсылманшылық немен болады? деген риторикалық сұрақты қоя отырып, мұсылманшылық ең әуелі уәдеге опалы болу арқылы болады дейді. «Опа» сөзі - арап тілінен аударғанда «айтқан сөзіңе адалдық» деген мағыны береді екен. Жалпы адам баласы мен Жаратушысы арасындағы қатынас «пенде» ұғымы арқылы ашылады. Пенде – парсы тілінде «адам» деген ұғымды білдіре отырып, ауыспалы мағынасында «кіріптар, бағынышты жан» деген де ұғымды да білдіреді екен [1, 48]. Алла Тағаланың тоқсан тоғыз көркем есімінің бірі Ас – Самад – Мұқтажсыз, Мұңсыз . Он сегіз мың ғаламды жаратушы Алла Тағала Мұқтажсыз, Мұңсыз болғанда, Оның жаратқандары (махлұқтары) әлбетте Жаратушысына мұқтаж болады. Қазақ халқының бағына бола туған хакім Абай: «Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ», - десе, - қазақтың тағы бір ғұламасы Мәшһүр Жүсіп: «Кірсіз ай, мінсіз Құдай» деп мақалдайды. Айтылған ойдың түйіні – Алла Тағала мінсіз, ал біз пенде ретінде міндіміз. Мінді болғандықтан да Алла тарапынан түскен Дінге мұқтажбыз. Ал мұқтаждық пайдалы арқылы өтеледі, егер мұқтаждықтан ділгір болып ұмтылған нәрсеміз пайдалы болмай шықса, онда мұқтаждық сол өтелмеген күйінде қала бермек. Жасыратыны жоқ, көп адамдар «біз Алла Тағала үшін ғибадат қылып жүрміз» деп ойлайды. Алла Тағала олардың намазына, не басқа ғибадатына еш мұқтаж емес екендігі олардың ойына да кіріп шықпайды. Пенде өзінің пенде ретінде дінге, иманға мұқтаж екенін сезінгенде ғана шын мұсылман болып, кәмалатқа жетеді. Сондықтан адам баласының рухани һәм материалды тұрғыда пісіп-жетілуі үшін ең алдымен ақидасы – сенім жүйесі дұрысталуы керек. Абай бұл мәселе хақында былай дейді: «Әуелі дін

исламның жолындағы пенделер иманның хақиқаты не сөз екенін білсін. Иман дегеніміз бір ғана инанмақтық емес, сен алла тағаланың бірлігіне, уә құранның оның сөзі екендігіне, уә пайғамбарымыз Мұхаммед Мұстафа салаллаһу ғалайһи уәссәлләм оның тарапынан елші екендігіне инандың. Жә, не бітті? Сен алла тағалаға алла тағала үшін иман келтіремісің я өзің үшін иман келтіремісің? Сен иман келтірмесең де, алла тағалаға келер ешбір кемшілік жоқ еді. Өзің үшін иман келтірсең, жә инандың. Ол инанмақтығың құр ғана инанмақтықпен қалса, саған пайда бермейді. Оның үшін сен инанмақтығыңнан пайда ала алмадың, пайдаланамын десең, пайда береді, кәміл иман болады. Пайданы қалайша алуды білмек керек [2, 125].

Діннің өзегі - иман (сенім). Дінді Алла Тағала тарапынан түскен әмірлер мен тыйымдарды орындаудың кешенді түрі десек, осы діннің бастау бұлағында иман (сенім) жатады. Имансыз еш нәрсе аяқ баспайды, еш нәрсе өздігінен кемелге келмейді. Адамды жетілдіретін, пенделіктің кәмалатына жеткізетін де осы иман. Бірақ иман осы айтылған күйінде қалып қойса еш пайда бермейді екен. Ол үшін, Абайдың айтуынша, иманнан (инанмақтықтан -сенуден) пайданы қалай алуды білмек керек.

Бұдан шығатын қорытынды – пайдалы иманға негізделген пайдалы дін ғана біздің пенде ретінде мұқтаждығымызды өтейді. Ол үшін, әлбетте, бірінші біз өзіміз үшін әуелі иман деген не? иман деген сөздің ақиқаты не? деген сұрақтарға жауап беруіміз керек. Егер олай етпесек, иман бізге еш пайда бермейді, сол айтылған күйінде ғана қалып қояды. Бұл иман сөзінің ішкі әлеміне кіріп, нұрын, сырын ұғуды Абай «иманның тазалығын ұғу» деп атайды. Ол өзінің «Алланың өзі де рас, сөз де рас» деп аталатын өлеңінде иманның тазалығы туралы былай дейді:

Имамдар ғибадаттан сөз қозғаған,
Хүснизән мен иманды білді ойлаған.
Иманның тазалығын жақсы ұқтырмай,

Сыртын қанша жуса да, іші оңбаған [2, 58].

Иманды тазарту, Абайдың ойынша, тек қана ой арқылы, ойлану арқылы болатын іс. Тілінді кәлимаға келтіру, иманды тек тілмен айту – бұл бейнелеп айтқанда, жаңғақтың сырты ғана; ал жаңғақты жаңғақ қылып тұрған, әлбетте, оның ішкі дәнегі. Хакім Абай оқырмандарын сол жаңғақтың сыртында қалып қоймай, оның ішкі өзегіне, дәнегіне жетіп, - пайдалануды ұсынады. Кез келген нәрсенің қоғамға пайдалы болуын ғылымда прагматизм деп атайды. Прагматизм қазаққа жат па әлде етене ме? Біздің ойымызш, прагматизм қазаққа жат емес. Оның айқын мысалын мына қазақ мақалынынан-ақ аңғаруға болады: «Асы жоқ алтын табақты, атып ұрда, отқа жақ». Күнделікті ас жейтін табак тіпті алтын болсын, ішінде асы жоқ болса, пайдалы болмаса, - құны соқыр тиын.

Діннің тек сыртқы көрінісіне алданып жүргендер дін ұстану үшін ақылдың қаншалықты қажет екенін қаперлеріне де алмайды. Дін, иман келтірі – тек қана ақын арқылы ғана болатынын ойларына да кіріп шықпайды. Бұл олқылық, қарапайым дін ұстанушы мұсылмандардың кінәсі емес, дінді, иманның тазалығын дұрыс түсіндіріп бермеген имамның кінәсі дейді Абай. Қазақ ойшылы өз ойын тыянақтау үшін пайғамбарымыздың мына бір хадисін алға тартады: «Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге иман -парыз, әрбір иманы бар кісіге ғибадат – парыз деген екен» [2, 115].

. Хадистен мәлім болды, иман тек ақылды адамға ғана парыз екен. Бұдан шығатын қорытынды, иманды тек қана ақылмен танып-білуге болады.

Абай прагматизмі – Алла Тағаланы танудан басталады: Жаратушының тоқсан тоғыз көркем есімін, сегіз тұрақты (субития) сипатын танып біл дейді. Тек танып біліп қоймай, оларды үйреніп, мағынасын біліп, өз пиғылдарыңды (іс-әрекеттеріңді) мейлінше соларға ұқсатуды шарт қыл дейді. Сонда ғана сенің атың мұсылман болып,

шын берілгенің рас болады дейді. Бұл қазақ руханиятындағы дінді түсінудегі керемет ой, адамды өсіретін, кемелдікке жеткізетін алтын қағида. Сол себептен де, біз айтып жүрген Абайдың «болмасаң да ұқсап бақ!» қағидасы бірінші кезекте Алла тағалаға қатысты айтылған. Бұл креативті ойын Абай былайша бекітеді: «Алла тағалаға ұқсай алам ба деп, надандықпен ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ – дәл бірдейлік дағуасыменен емес, соның соңында болмақ» [2, 126].

Жаратушыны тану, оған мейлінше ұқсауға тырысу – қазақ діни прагматизімінің айқын көрінісі. Кемел, істеген ісінде мүлтік жоқ, аса сабырлы, әділетті һәм мейірімді Жаратушының ұлы іс-әрекеттерін фәни жалғанда қайталау – Абай ойының ғажайып жаңалығы.

Абай прагматизімін жалғастырушы шәкірті Шәкерім Құдайбердіұлы. Ол өзінің ұстазының идеясын өлең жолдары арқылы шебер де кестелі тілмен жеткізеді:

Қояр ем мылжыңдамай сөзімді ұқса,
Қайтемін оны ұға алмай діннен шықса.
Азды ұқсаң, бұл сөзімді анықтап ұқ,
Иендей болам деме, Иеңе ұқса.

Тәңірің – таза, болып бақ сен де кірсіз,
Әлің келсе, менен қаш, Иең – мінсіз.
Бұл Құдайдай боламын деген емес,
Сөзімнің түбін ұқпай деме дінсіз.

Алланың пендесіне рақымы мол,
Сен де өзіндей адамға мейірімді бол.
Ол жаратты, сен-дағы жаратып бақ,

Бардан барды шығарсаң болады сол [3, 213-214].

Бұл Жаратушыға ұқсау туралы қазақы діни прагматизімінің ішіндегі ең креативті ой – жарату туралы, шығармашылы туралы келелі ой. Айырмашылығы – Жаратушы – жоқтан бар жасаушы, ал сенің міндетің – бардан бар жарату, - жасампаздық! Көптеген дін ұстанушылар, сол дінді көпшілікке түсіндіріп берушілер – осы қазақ ғұламаларының қоғамды даму мен технологиялық прогреске жетелейтін жасампаздыққа толы идеядарын әлі күнге дейін түсіне алмай келеді. Не деген өкініш! Олар құлшылықты тек қара бес парыз деңгейінде ғана түсініп, нағыз құлшылық – мінсіз Жаратушының мінсіз пиғылдарын (іс-әрекеттерін) жер бетінде әр пенденің хәл-қадерінше қайталау екендігін түсінбейді.

Келесі бір қазақ қоғамын артқа тартатын нәрсе – қандай да бір айырма, айырым негізінде адамдарды алалау, бөлшектеу. Ғұламалардан қалған бір қанатты сөз бар: «Аспан - адамдарды біріктіреді, жер - адамдарды бөлшектейді». Бұл жерде «аспан», «жер» деп діни танымның қабаттары меңзеліп отыр. Шын Құдайын таныған адам (аспан) «барлық адамзат баласын бір Адам ата – Хауа анадан тарады деп, барлығын туыс, бауыр көреді» (Мәшһүр Жүсіп). Ал діни танымы таяз адам, Құдайын танымаған, иманның не екенін түсінбеген адам (жер) – адамдарды діни, нәсілдік, тілдік, мәдени ерекшеліктерге қарай бөліп-жара бастайды. Бұл тұрғыда Шәкерім былай деп ой қорытады:


Әлемдегі діндердің түп мақсұты
Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар:
Құдай – бар, ұждан – дұрыс, қиямет – шын,
Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар.
Дін адамды бір бауыр қылмақ еді,

Оны бөліп, дұспандық қару жасар [3, 70].

Осы айтылған жайттар қазақ қоғамының дінді дұрыс түсінудегі жеткен жетістіктерін айғақтайды. «Адамдарға пайдалы болу» - ислам дінінің негізгі кредосы, мұсылманның шынайы бейнесі екенін ескерсек, жоғарыда аты аталған ғұламалардың еңбегі талай жанға азық болары еш күмән тудырмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оңдасынов Н.Д. Парсыша-Қазақша түсіндірме сөздік. – Алматы: Білім, 2011. – 352 бет.
2. Абай (Ибарһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2: Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. – Алматы: Жазушы, 2005.- 336 бет.
3. Шәкәрім. Иманым. – Алматы: Арыс баспасы, - 2000. – 321 бет.



HOMOGENEOUS HOMONYMS IN THE KAZAKH LANGUAGE: TRADITION AND WORLD OUTLOOK

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ГОМОГЕНДІ ОМОНИМДЕР: ДӘСТҮР МЕН ДҮНИЕТАНЫМ

Zharkynbike SULEIMENOVA

Kazakh State Women's Teacher Training University, Prof.Dr.

zharkyn123@mail.ru

Akmaral KURMANALIEVA

KIMEP University, Dr.

akmaral@kimep.kz

ABSTRACT

The article considers the factors influencing the development of meaning in the Kazakh language. The meaning of the word is complex and it is a phenomenon of its development, whereas the laws of development are directly related to the life and the world of the people. Ethnological, mythological, linguistic and folklore studies are of great help in determining the meaning of the word. The people's language is an invaluable treasure, a heritage inherited from generation to generation. One of the scientists who contributed to the development of ethno linguistics in Kazakh linguistics - "The ethnos-linguistic view of ethnos and its language is to examine all the realities and life-styles, world-cognitive, cultural and spiritual wealth of the child from the time of childhood to the facts and data stored on our native language and to benefit them today is". The language we use as a means of communication in everyday life is a rich phenomenon that is invisible to us. First of all, it is primarily a treasure that has national values and values, such as world-wide, psychological features, culture. As such, the national character of the language is the only way to the spirit of the nation, which reflects the inner self of an ethnos.

The article describes the cultural, ethnolinguistic motives that have influenced the appearance of homogeneous homonyms - specific linguistic data that reflects the language's tintedness.

Key Words: ethnolinguistic homogenous speech, language and meaning of the word, tradition.

ТҮЙІНДЕМЕ:

Мақала қазақ тіліндегі сөз мағынасының дамуына әсер ететін факторларды қарастырады. Сөз мағынасы күрделі әрі өзінің даму заңдылығына ие құбылыс болса, даму заңдылығы халықтың өмірі мен дүние-танымымен тікелей байланысты екен. Сөз мағынасының даму барысын анықтауда этнологиялық, мифологиялық, лингвистикалық және фольклор зерттеулерінің берер көмегі зор.

Халықтың тілі – баға жетпес қазына, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан асыл мұра. Тілсіз халық, халықсыз тілдің өздігінше өмір сүруі мүмкін емес. Қазақ тіл білімінде этнолингвистика саласының өркендеуіне үлес қосқан ғалымдардың бірі-Ә. Қайдар: “Этнос пен оның тілін этнолингвистикалық тұрғысынан қарастыру деген сөз, оның сонау балаң кезінен есейгенге дейінгі барлық болмысы мен өмір-тіршілігін, дүние-таным мен мәдени, рухани байлығын ана тілімізде сақталған фактілер мен деректер негізінде зерттеп білу және оларды бүгінгі таңның игілігіне асыру болып табылады”-

дейді.

Күнделікті өмірімізде қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланып жүрген тіліміз көзге көрінбейтін сан алуан қасиеттерге бай құбылыс болып табылады. Өйткені, ол ең алдымен өзінің бойына халықтың дүние-танымы, психологиялық ерекшеліктері, мәдениеті секілді құндылықтарды сіңіруші әрі ұлттық сипатқа ие қазына. Өз ретінде, тілдің ұлттық сипаты дегеніміз белгілі бір этностың ішкі болмысын көрсететін ұлттың рухына да апаратын бірден бір жол. Тіліміз бізге қазақ халқының тарихын танытатын категория болуымен аса бағалы.

Мақала тілдің ұлттық нақыш- бояуын көрсетуші қасиетін көрсететін нақты тілдік деректерге- гомогенді омонимдердің пайда болуына әсер еткен мәдени, этнолингвистикалық уәждемелер жайында баяндайды.

Тірек сөздер: этнолингвистика, гомогенді омонимдер, тіл, сөз мағынасы, салт-дәстүр.

Халықтың тілі – баға жетпес қазына, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан асыл мұра. Тілсіз халық, халықсыз тілдің өздігінше өмір сүруі мүмкін емес. Тіл жайында Шыңғыс Айтматов: “Тіл халықтың автопортреті. Әр тіл бүкіл адамзат қазынасының ортақ палитрасындағы өз өрнегімен қымбат”-десе [1], ал ғалым М.Арын ұлттың тілі жайында: “Тіл –деген бүкіл бір халықтың жинаған рухани қазынасының жиынтығы, соның бәрін сақтайтын қоймасы сияқты”- дейді [2].

Күнделікті өмірімізде қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланып жүрген тіліміз көзге көрінбейтін сан алуан қасиеттерге бай құбылыс болып табылады. Өйткені, ол ең алдымен өзінің бойына халықтың дүние-танымы, психологиялық ерекшеліктері, мәдениеті секілді құндылықтарды сіңіруші әрі ұлттық сипатқа ие қазына. Өз ретінде, тілдің ұлттық сипаты дегеніміз белгілі бір этностың ішкі болмысын көрсететін ұлттың рухына да апаратын бірден бір жол. Тілдің ұлттық рухты көрсететін қасиеті жөнінде В.Гумбольдтің: “Ұлттың өзіне ғана тән, іштей дамитын рухы бар. Сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан- ұрпаққа беруші күш- тіл”-деп айтып кеткені бар [3].

Демек, ұлттың мәдениетін, дүние-танымын, психологиялық ерекшеліктері мен салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы секілді ұлттық менталитетін көрсететіндігімен тілдің маңызы арта түседі. Сондықтан, өзіміздің тіліміз бізге қазақ халқының тарихын танытатын категория болуымен аса бағалы. Тілдің ұлттық нақыш- бояуын көрсетуші қасиетін зерттеген орыс ғалымы Ф. Буслаев осы бағытта: “Язык выражение не только мыслительности всего народа, но и всего быта и нравов, поверии страны и истории народа”, –дейді [4]. Міне, ұлтымыздың тарихымен, өмірімен біте қайнасып жатқан тілдік құбылыстардың бірі –бір текті гомогенді омонимдер.

Гомогенді омонимдер бізге халықтың дүние-танымы мен тұрмыс-тіршілігі туралы мағлұмат беріп, оның тарихын тануға мүмкіндік береді. Осы жерде Ф. Шиллердің “Тіл дегеніміз ұлттың айнасы сияқты, ұлтты сол айнадан өзін көріп тұрғандай” деген сөзі еске түседі. Тілдің бұл қасиеті, әсіресе, гомогенді омонимдердің туындау заңдылықтарын, олардың пайда болуына әсер берген экстралингвистикалық факторларды қамтығанда көзге ерекше түседі. Өйткені, тіліміздегі гомогенді омонимдердің көпшілігі сөздердің таза лексикалық (деннотативтік) мағына негізінде емес, қосымша (коннотативтік) мағынасы негізінде пайда болып, өз кезегінде ол әдетте салт- дәстүр, наным-сенім мен халықтың өмір-тіршілігінде жиналған тәжірибе негізінде жүзге асатын құбылыс. Сондықтан тіліміздегі гомогенді омонимдердің табиғатын толығымен танып білуде этнолингвистикалық факторлардың қамтылуының маңызы өте зор. Себебі, бұлардың барлығы

